400. Пішен, сабан, астық, техникалық және азық өнімдерін кебенге немесе маяға әперу, автокөлікке немесе трактор тіркемесіне, сондай-ақ кебендер мен маяларға салу – 4-разряд.
401. Салу кезінде пішенді, сабанды, техникалық және азық өнімдерін лақтыру және тасу – 3 разряд.
402. Пішен, сабан және бауларды салуда маяны түзеушінің жұмысы – 5-разряд.
403. Мая немесе кебендерді сорттау – 3-разряд.
404. Көкөніс, техникалық және басқа өнімдердің шашақтарын, себеттерін, қорапшаларын, гүл шоқтарының бастарын кесу, үзу, бір жерге жинау – 3-разряд.
405. Техникалық өнімдер мен жүгері собықтарын комбайнмен жинағаннан кейін шашақтары мен себеттерін жинау, ыдыстарға немесе көліктерге салу – 1-разряд.

406. Көкөніс, азық, техникалық және гүлдақылдарын тұқымдарын (аналық) іріктеу, олардың жапырақтарын, түбіршектерін және жерді тазалау – 3-разряд.
407. Ашық жерлерде, көшетхана мен жылы жайларда қиярларды, қызанақтарды және қырыққабаттарды жинау – 3-разряд.
408. Трактор тіркемесі және платформаның көмегімен көкөністерді ішінара және толық жинау – 3-разряд.
409. Көкөніс көкшөптерін (саумалдық, қымыздық, пияз және басқа өнімдер) жинау, кесу – 3-разряд.
410. Картоп, көкөніс және техникалық өнімдерді комбайндарда және арнайы машиналарда жинау (қызмет көрсету) – 4-разряд.
411. Картопты, қант қызылшасын, азықтық тамыр жеміс өсімдіктері мен тамыр сабағын соқамен жыртқаннан кейін, картоп қазғышпен немесе қызылша көтергішпен қазғаннан кейін жинақтау, іріктеу – 3-разряд.
412. Қант қызылшасы мен басқа да тамыр жеміс өсімдіктерін жапырақ пен топырақтан тазалау – 2-разряд.
413. Егістікті соқамен жыртқаннан кейін немесе тырмалағаннан кейін картофель мен тамыр жеміс өсімдіктерін жинау – 2-разряд.
414. Күнбағыс ағаштары және сүйекті тұқымдар, субтропикалық өнімдерден жемістерді түсіру – 3-разряд.
415. Жидек жинау – 3-разряд.
416. Жүзімнің асханалық және техникалық сорттарын іріктеп және жаппай жинау, тасу – 3-разряд.
417. Ағаштардан жемістерді түсірген кезде себеттерді түсіру – 1-разряд.
418. Пияздарды, тамыр жеміс өсімдіктерін, тамыр сабақтарын, жүгері собықтарын, күнбағыс және сүйекті тұқымдастарды, жүзім және жидекті сұрыптау және калибрлеу, ыдысқа салу – 2-разряд.
419. Мандариндерді ыдысқа салып және салмай сұрыптау – 2-разряд.
420. Торларды жемістермен папкаларға байлау, жәшіктерді қағу – 2-разряд.
421. Қазып алар алдында екпелер мен көшеттерді жапырақтардан арылту – 1-разряд
422. Жеміс, сәнді және орман өнімдерінің отырғызатын материалдарын қазып алу – 4-разряд.
423. Жеміс-жидек, сәнді және орман өнімдерінің отырғызу материалдарын соқалауды таңдау – 3-разряд.
424. Жеміс-жидек, сәнді және басқа да өнімдердің отырғызу материалдарын сорты бойынша жинау – 4-разряд.
425. Сабақ кесінділерін, екпелерді, көшеттерді алыс жерге апару үшін орау – 2-разряд.

426. Лимонның тамыр жайған сабақтарының кесінділерін жөнелтуге дайындау – 3-разряд.

### **31. Азық-түлікті өңдеу және сақтау.**

#### **Параграф 1. Азық-түлікті өңдеу және сақтау.**

427. Токтар мен алаңдарда ауамен кептіру:

- астық және техникалық өнімдер тұқымдары – 1- разряд,
- пияз, көкөніс және гүл өнімдері – 2-разряд, дәрілік өсімдіктер, құлмақ түйіндері мен бұталы ағаш тұқымдары – 4-разряд,
- алманы кептіру үшін кесу және оларды кептіру – 4-разряд.

428. Дәрілік шөп ұнын дайындау бойынша агрегаттарға қызмет көрсету жұмыстары – 3-разряд.

429. Астық, техникалық және басқа да өнімдер тұқымын тоқтарда желдету – 1-разряд.

430. Астық, техникалық және басқа да өнімдер тұқымдарын қайта лақтыру және кертпелеу – 2-разряд.

431. Астық, техникалық және басқа да дақылдар тұқымын, картопты, тамыр жеміс өсімдіктерін, көкөністерді, жемістер мен жидектерді ыдысқа салу және ыдыстан алу – 2-разряд.

432. Толтырылған қаптарды байлау және тігу – 1-разряд.

433. Толтырылған қаптарды, жәшіктерді, себеттерді өлшеу, тасу және салу – 3-разряд.

434. Астық, техникалық және басқа да өнімдер тұқымдарын жүк тиейтін, астық пульті және басқа машинасының көмегімен кертпелеу – 2-разряд.

435. Астық салынған қаптарды, пішен немесе сабан текшелерін қатарлаған кезде машиналарға қызмет көрсету – 2-разряд.

436. Көкөніс, бақша, жеміс–жидек, орман және басқа өнімдерді бөлу, жуу, сүрту және кептіру – 3-разряд.

437. Өсімдіктің фисташка және басқа тұқымдары мен түрлерінің тұқымдарын машиналарда қанатсыздандырады және тазалайды – 3-разряд.

438. Тұқымдарды үйкелеу, қанатсыздандыру және қолмен себу – 3-разряд.

439. Картопты, тамыр жеміс өсімдіктерін, көкөністі және басқа да өнімдерді кертпелеу, сабанмен және топырақпен жабу – 3 разряд.

440. Картопты, қызанақты және қиярды агрегаттарда және тазалау пункттерінде сұрыптау – 3-разряд.

441. Қырыққабаттың өзегін механикаландырылған кесу, машинада ұсақтап кесу – 3-разряд.

442. Картопты, тамыр жеміс өсімдіктерін көму және көкөністерді қоймаға орналастыру – 2-разряд.

443. Картоп, тамыр жеміс өсімдіктері және сүрлем траншеяларын ашу – 3-разряд.

444. Картофельді, көкөністі іріктеу, тазалау, жуу және қолмен сұрыптау – 2-разряд.

### **32. Тиеу-түсіру және көлік жұмыстары.**

#### **Параграф 1. Тиеу–түсіру және көлік жұмыстары.**

445. Жүктерді: (жүктерді ілеспе құжаттарға сәйкес жеткізу және тапсыру)

- абайлықты, сақтықты талап етпейтін тиеулі және ыдысқа салынған (астық, ұн, балауса көлем, пішен, сабан, сүрлем, минералды тыңайтқыш, тұз, қи, шымтезек, тыңайтқыш, топырақ, балшық, құм, графий, ұсақталған тас кесек, шлак, тас, бор, алебастр, цемент, шыланбаған известь, қыш түтіктер, көмір, ағаш, фанера, үгінділер, аралау материалдары, ыдыс, бөшкедегі су, мұз, қар, металл сынықтары, жапырақты және кескен дөңбектегі металл, рельстер, мәткелер, құрыш, шойын түтіктер, оралған сым мен таспа, орауыштағы арқан және тағы басқа) – 3- разряд;

- абайлықты, сақтықты талап ететін әртүрлі өндірістік (көкөністер, жемістер, тамыр жеміс өсімдіктері, картофель, отырғызатын және себетін материалдар, мақта, бидондағы сүт, ет және ет өнімдері, балық, жануарлар, құс, қыш, шойын, асбесті цементті құбырлар, кірпіш, шифер, көшетхананың шыныланған рамалары, жанар–жағар май және т.б.) – 4-разряд;

- ірі, ауыр және ерекше сақтықты талап ететін (дөңгелек орман, бағандар, шпалдар, темір бетонды бұйымдар, ауыл шаруашылық машиналары, жәшіктегі шынылар, шыныдан жасалған бұйымдар, фарфор, оралған жұмыртқалар, электролампалар, кислота және ыдыстағы сілтілер, құрбан болған жануарлардың мүрдесі, фекалдар, сұйық нәжіс, улы химикаттар, гербицидтер, аммиак суы және тағы басқа) тасымалдау, тиеу, түсіру және тасу – 5-разряд.

446. Тасымалдаушының жұмысы, жүкті теңімен тасымалдау – 2-разряд.

9-бөлім. Егістіктегі жұмыс.

### **33. Дәнді және дәнді бұршақты өнімдер.**

#### **Параграф 1. Дәнді және дәнді бұршақты өнімдер.**

447. Жүгері собықтарын жинау (жаппай және ішінара) – 3-разряд.

448. Жүгері собықтарын қолмен құлату – 2-разряд.

449. Жасыл бұршақ пен басқа да бұршақты өнімдердің тұқымдарын жинау – 3-разряд.

450. Сабан масақтарыын жинау – 1-разряд.

### **34. Қабықтық өнімдер.**

## **Параграф 1. Қабықтық өнімдер.**

- 451. Поскондарды іріктеу және кендір жинау – 4-разряд.
- 452. Долгун зығырын қолмен түту – 4-разряд.
- 453. Қыспаққа салып, машинада тоқу бауларын түзету – 2-разряд.
- 454. Зығыр комбайнынан және іріктегіштерден кейін бау байлау және шашыраған таспаларды түзету – 2-разряд.
- 455. Зығыр сабағын және зығыр трестерін сапасы бойынша уыстап сұрыптау – 3-разряд.
- 456. Трестерді және кептіргіштерді отынға толтыру, зығыр трестерін және басқа да өнімдерді кептіру – 4-разряд.
- 457. Мыжу-уату агрегаттарында зығыр, кендір және басқа өнімдер трестерін өңдеу – 5-разряд.
- 458. Кенаф сабақтарын кесу – 3-разряд.
- 459. Қабықтық өнімдерін жаю және конус сипатында көтеру – 3-разряд.
- 460. Зығыр өнімінің сабағын стлицпен аудару – 2-разряд.
- 461. Сулы жерлерге зығыр өнімдерін салу және жібіту, жібіту кезінде аудару және оларды алу – 4-разряд.
- 462. Қалған зығыр өнімдерін судан алу – 2-разряд.
- 463. Ригтерде кептіру кезінде трестерді толтыра арту және түсіру – 3-разряд.
- 464. Трестерді кептіруге күтім – 3-разряд.
- 465. Зығыр өнімдерінің талшықтарын машинамен өңдегеннен кейін сүрту – 3-разряд.
- 466. Зығыр өнімдерінің ұзын талшықтарын сұрыптау және байлау – 3-разряд.
- 467. Тунганы тазалау машиналарына тазалау – 2-разряд.

## **35. Темекі және махорка.**

### **Параграф 1. Темекі және махорка.**

- 468. Темекі мен махорканы жинау – 3-разряд.
- 469. Темекі мен махорканың жапырақтарын жасыту – 3-разряд.
- 470. Махорканы қатарлап салу және қатарларды қайталау – 2-разряд.
- 471. Темекі жапырақтарын бауларға өткізу, темекі жапырақтарын жуу, бауларға өткізу – 2-разряд.
- 472. Махорка сабақтарын біліктеу (кесу) – 3-разряд.
- 473. Кептіру ферментациялау құрылғыларында отты кептіру кезінде жапырақтарды көлікке салу – 2-разряд.
- 474. Темекіні кептіргіштерде кептіру және сулау – 3-разряд.



475. Қоймаға және рам-вагондар кептіргіштеріне темекі жапырақтарымен бірге орналастыру – 2-разряд.

476. Темекінің тұтас өсімдіктерін кептіру қоймаларына ілу – 2-разряд.

477. Темекі және махорка айлақтары мен гирляндаларын өру, махорканың глицтеріне түйреу, оларды ілу және жинау – 2-разряд.

478. Жапырақтарды баулардан шешу, темекінің кепкен жапырақтарын сабақтарынан ажырату – 2-разряд.

479. Темекі мен махорканы тауар сорты бойынша сұрыптау – 3-разряд.

480. Өңделген махорканы бауларға байлау – 2-разряд.

481. Темекі тұқылдарын сұрыптау және себу – 3-разряд.

482. Темекі мен махорканы әртүрлі тәсілдермен орау – 2-разряд.

### **36. Құлмақ.**

#### **Параграф 1. Құлмақ.**

483. Негізгі тамыр сабақтарын ашу және кесу – 4-разряд.

484. Құлмақты аналығын ашып және жауып, орап және қалдықтарын шығарып рамалау – 4-разряд.

485. Таянышын ілу, сабақтарды таянышқа бұрау – 3-разряд.

486. Сабақтарды ағаш қатарынан түсіру және құлмақ түйіндерін тарамдау – 3-разряд.

487. Құлмақ сабақтарын кесу, аспалы сымдарын орауышқа орау және босату – 3-разряд.

488. Құлмақты кептіру және сернитті ангидридпен (сульфитация) дәрілеу – 4-разряд

489. Құлмақты жеңіл престермен престеу және орау – 3-разряд.

### **37. Сүрлем өнімдері.**

#### **Параграф 1. Сүрлем өнімдері.**

490. Жүгері және басқа да өнімдер собықтарын сүрлемге қолмен кесу – 3-разряд.

491. Шөпті, сүрлем көлемінің жапырақтарын тасымалдау және тасу – 2-разряд.

492. Сүрлемді қолмен кесу және тиеу – 3-разряд.

493. Сүрлем көлемін сүрлем кескіштер мен басқа да машиналарға салу – 3-разряд.

494. Органикалық қышқылдарды қолдана отырып сүрлемді салу – 4-разряд.

10-бөлім. Өсімдік шаруашылығындағы жұмыстар (жабық жер).

### **38. Көшетханалар мен жылы жайлар.**

#### **Параграф 1. Көшетханалар мен жылы жайлар.**

495. Көшетханалардың қаңқаларын орнату және құрастыру – 3-разряд.
496. Рамалардан үлдір жылы жайлар құрастыру және бөлшектеу – 4-разряд.
497. Жылы жай кесінділері мен рамаларын жөндеу – 3-разряд.
498. Үлдірден және басқа да жабынғыдан жасалған жылы жайлардың қаңқасын ескі үлдірден тазалау – 1-разряд.
499. Ескі үлдірлерді іріктеу және орамдарға байлап орау – 2-разряд
500. Буланған жерден үлдірді алу – 2-разряд.
501. Рамаларға, қаңқаға синтетикалық үлдірді керу, жылы жайлардан сымдарды шешу және тарту – 3-разряд.
502. Жылы жайлардың шыныланған төбелерін ақтау – 2-разряд.
503. Көшетханалар мен жылы жайларды қардан, мұздан, шіріндіден және топырақтан тазарту – 3-разряд.
504. Қатарларды дайындау, салу және шымды жерді қайта қазу – 3-разряд.
505. Жылы жер үшін циркулярлы арамен сабан текшелерді кесу – 3-разряд.
506. Қысқа арналған қимен жаба отырып, шымды топырақты себу – 3-разряд.
507. Жылы жайларды биоотынға толтыру – 3-разряд.
508. Жүйектерге шымтезек салу – 3-разряд.
509. Ыстық судың сөрелерін шаю – 1-разряд.
510. Жерді бумен стерилизациялау – 3-разряд.
511. Субстратты шаю мен фосфаттау және тамырларын жұлу – 2-разряд.
512. Сөреден сөреге жөнелте отырып, керамзитті шаю – 3-разряд.
513. Керамзиттен қоқысты жасау – 2-разряд.
514. Жылы жайларға топырақ пен шірінділер төгу және жылы жайлардың сөрелеріне субстракт дайындау, іріктеу және толтыру – 3-разряд.
515. Таселек арқылы ұсақ тас себу – 3-разряд.
516. Нәрлі ерітінділер дайындау, оларды тексеру және түзету – 4-разряд.
517. Шымтезек шірінділерінің және көшеттерді шүйілдірумен құнарлы кубиктердің құмыраларын дайындау бойынша машиналар мен станоктарға қызмет көрсету – 3-разряд.
518. Шымтезек шірінділерінің құмыраларын қолмен дайындау – 3-разряд.
519. Шымтезек шірінділерінің және қыш құмыраларды тасу және орнату – 2-разряд
520. Шүйілдіру жәшіктері мен құмыраларға топырақ салу – 1-разряд.
521. Көшетханалар мен жылыжайлардағы өсімдіктерге күтім (суару, кесу, отау, шырпу және басқа да жұмыстар) – 4-разряд.
522. Жылы жайларда топырақты (жерді) қазу – 3-разряд.
523. Қазғаннан кейін топырақты тегістеу – 2-разряд.
524. Көнді, шіріндіні, топырақты, тыңайтқышты, сабан текшелерін зембілмен тасу – 3-разряд.
525. Траншеяларды қазу және сабан текшелерін салу – 3-разряд.

526. Егу (отырғызу) алдында жерді таңбалау – 2-разряд.
527. Отырғызатын материалдарды, балдыркөк, алақоржын және басқа да өнімдерді жинау, дайындау – 2-разряд.
528. Шпагатты кесу – 1-разряд.
529. Шпагатты, өсімдіктерді шпагатқа байлау, өсімдіктерді шпагаттың айналасына үйіріп қою – 2-разряд.
530. Жылыжайларда Қалдықтарын шығара отырып, өсімдіктерді қалыптастыру – 3-разряд.
531. Көк пияз бен басқа да өнімдерді күрекпен қопсыту – 3-разряд.
532. Көкөністер мен басқа да өнімдерді кесу, тазалау, сұрыптау, ыдысқа салу – 2-разряд.
533. Үлдірлерді электрлі үтікпен дәнекерлеу, дәнекерлегіш лампамен желімдеу – 2-разряд.
534. Көшеттерге арналған пакеттерді желімдеу – 2-разряд.
535. Пакеттердегі тесіктерді қолдан істеу – 1-разряд.
536. Қатарларды, қалаштарды тоттан тазарту – 2-разряд.
537. Басты пияздарды сұрыптау машиналарымен сұрыптау – 4-разряд.
538. Алқоржын тамырларын ұсату – 3-разряд.
539. Қозықұйрық өсіру үшін жылы жайларда көң жүйектерін жасау – 3-разряд.
540. Қозықұйрық саңырауқұлағын жерге отырғызу – 4-разряд.
541. Жылы жайларда қозықұйрықтарды жинау – 3-разряд.
542. Көшетханалар мен жылыжайлардағы өнімді жинағаннан кейін өсімдік қалдықтарын жою – 1-разряд.
543. Көшетханаларға, жертөлелерге және өнімдерді сақтайтын жерлерге өсіп жетілу үшін өсімдіктерді қою, орналастыру, іліп қою – 2-разряд.
544. Көшетхана рамаларын қатарларға салу – 2-разряд.
545. Маттарды жинау, кептіру және сақтауға қою – 2-разряд.

### **39. Жылыжай комбинаттары.**

#### **Параграф 1. Жылыжай комбинаттары.**

546. Нәрлі құмыраларға арналған қоспалар дайындау – 3-разряд.
547. Құмыралары және көшеттері бар жәшіктерді қол арбамен тасу – 2-разряд.
548. Нәрлі субстраттарды, дайын қоспасы бар немесе қосымша қоспаны дайындаумен полиэтилен құмыраларын толтыру – 2-разряд.
549. Сабан текшелерін траншеяларға салу және текшенің байлауларын шешу – 2-разряд.
550. Сабан текшелеріне су құю – 1-разряд.
551. Сабан текшелеріне тыңайтқыштар құю және нәрлі топырақ себу – 3-разряд.

552. Топырақ жылуы түтіктерінің арасына сабан мен үгінділер салу – 1-разряд.

553. Жерге топырақ жылуы түтіктерін салу және көтеру – 3 разряд.

554. Марганцовка қышқылының калиімен топырақты және өсімдікті өңдеу – 2-разряд.

555. Топырақты үлдірмен жауып булау – 3-разряд.

556. Жердің 1-2 см. жоғарғы қабатын тазалау – 2-разряд.

#### **40. Қозықұйрық өсіру.**

##### **Параграф 1. Қозықұйрық өсіру.**

557. Камерадан өңделген топырақ пен тыңайтқышты түсірген кезде машиналарға қызмет көрсету – 4-разряд.

558. Камерадан топырақ пен тыңайтқышты түсіргеннен кейін сөрелерді тазалау – 4-разряд.

559. Топырақ пен тыңайтқышты түсіргеннен кейін торды бұрау – 3-разряд.

560. Торларды арнайы ваннада формалинмен өңдеу – 4-разряд

561. Формалинмен өндегеннен кейін торларды сөрелер бойынша төсеу – 4-разряд.

562. Топырақты және тыңайтқышты түсіргеннен және сөрелерді толтырғаннан кейін камера мен тыңайтқыш коридорын жинау – 3-разряд.

563. Камера мен сөрелерді өңдеуден кейін шаю – 3-разряд.

564. Сөрелерді тыңайтқышқа толтырған кезде қалқанның орнын ауыстыру – 4-разряд.

565. Сөрелерде тыңайтқышты машинамен толтарғаннан кейін оларды тегістеу – 6-разряд.

566. Рельс төсеу мен нақыштайтын машинағың орнын ауыстыру – 3-разряд.

567. Банкардың ашылу және оларды шелектерден араластыруымен мицелияны даярлау – 3-разряд.

568. Жіпшумақты қолмен себу – 4-разряд.

569. Электрофрезада жіпшумақты тыңайтқышпен араластыру – 4-разряд.

570. Электрофрезадан кейін жүйектердің шеттерін түзету, қағаздарды алу – 3-разряд.

571. Электромотордан жетегі бар дірілмашинамен тыңайтқышты нығыздау (таптау) – 6-разряд.

572. Тыңайтқышты қолмен нығыздау (таптау) – 4-разряд.

573. Тізбектерді қағазбен жабу және оны алу – 2-разряд.

574. Жіпшумақ егістігін жамылғы топырақпен жабу – 4-разряд.

575. Жамылғы топырақты шеге тісті тырмамен қопсыту – 5-разряд.

576. Жамылғы топырақты бүркеу – 4-разряд.

577. Тыңайтқыш толтырғаннан кейін сөрелерді, камераларды қағаз бойынша арнайы химиялық препараттармен өңдеу (бүрку) – 5-разряд.

578. Арнайы машиналар немесе бүркігіштерді пайдалана отырып, сөрелерде топырақты суару, нәрлендіру:

- жамылғы топырақты сумен – 4 разряд,
- формалин қосылған сумен – 5 разряд.

581. Жамылғы топырақты қопсыту – 4 разряд.

Ластаған жерлерді тұзбен өңдеу, тыңайтқыш коридорларын формалинмен өңдеу (бүрку) – 4-разряд.

582. Капринустарды қолмен жинау – 3-разряд.

583. Саңырауқұлақтарды жинау, арбаларға салып тасымалдау, түсіру таразыға салу – 4-разряд.

584. Ыдыстарды арнайы ваннада формалин ерітіндісімен ылғалды дезинфекциялау, кілемшелерді өңдеу, ыдыстарды ваннадан түсіру және сумен шаю – 4-разряд.

585. Ыдыстарды камераларға жеткізу және тасып тарату – 3-разряд.

586. Сымдарды текшелерден қолмен шешу және ажырату, сабан текшелерін айырлармен бөлу, стационар машинасымен сабанды ұсақтау, сабанды машинаға апару, сабанды айырмен тегістеу – 3-разряд.

587. Қайта қаптау кезеңінде тыңайтқыш кертпелерін айырмен түзету – 4-разряд.

588. Мергельді қолмен себу – 3-разряд.

589. Шымтезек қиқымын шланганың көмегімен суландыру – 2-разряд.

590. Шланганың, электр жетегі бар арнайы машинаның көмегімен жамылғы топырақты формалинмен өңдеу, машиналарды, орынжайды дезинфекциялау – 4-разряд.

11-бөлім. Өсімдік өндіру жұмыстары (ашық жер).

591. Өзекті ағарту (дояровизациялау) – 2-разряд.

592. Ауа кептіргіші кезінде көкөніс өнімдері тұқымдарының сабақтарын ілу, шешу – 1-разряд.

593. Қол станогымен немесе пышақпен қырыққабат қауданынан өзектерді кесу – 2-разряд.

594. Егістіктерді арам шөптерден, өзектерден, сабақ жапырақтардан және басқа да қалдықтардан тазарту – 2-разряд.

## **12-бөлім. Бақша өндірісіндегі жұмыстар.**

### **41. Көшетханалар.**

#### **Параграф 1. Көшетханалар.**

595. Екпелерді, шыбықтарды, сабақ кесінділерін есептеу, бумалау және сұрыптау, оларды сақтау орнына және қазылған жерлерге салу, жабайыларын қарға көму – 2-разряд.

596. Екпелерді және көшеттерді қысқа сақтау үшін көму – 2-разряд.

597. Уақытша көмілген кеспе сабақтарды, екпелерді, көшеттерді іріктеу, оларды көшеттеу және отырғызуға дайындау – 3-разряд.

598. Жабайы өсімдіктердің және көшеттердің тікенектері мен көздерін кесу – 4-разряд.

599. Көзсабақтау үшін екпелерден діндерді тазалау – 2-разряд.

600. Көзсабақтау алдында діндерді үгу – 1-разряд.

601. Көшетханалардағы жеміс, сәнді және субтропикалық өнімдерді, сондай-ақ жеміс беретін ағаштарды ұластыру және көзсабақтау – 5-разряд.

602. Көзсабақ пен ұластыруға бақша варын жағып байлау – 4-разряд.

603. Көзсабақтарды қалқанға байлау және жабайы өскіндерді жою – 2-разряд.

604. Көзсабақтарды және ұластыруды күзде және көктемде әлсіретіп, таңғышын шешіп тексеру – 4-разряд.

605. Көзсабақтар мен ұластырғыштардан таңғышты шешу – 1-разряд.

606. Көшеттердің басындағы бір жылдық өсімдіктердің тікенектерін кесу – 4-разряд

607. Бір жылдық және екі жылдық көшеттердің тікендерін кесу және қалыптастыру – 4-разряд.

608. Жеміс ағаштарын жасарту үшін кесу – 5-разряд.

609. Өркендерді шырпу (пинциппен жұлу) және көшеттердегі қалыңдаған бұталарды кесу – 2-разряд.

## **42. Бақтар мен жидектік жер.**

### **Параграф 1. Бақтар мен жидектік жер.**

610. Түтіндетуге арналған үйме дайындау – 1-разряд.

611. Машинаның көмегімен қарақат, қарлыған, таңқурай жидектері мен басқа да жидек өнімдерін жинау – 4-разряд.

612. Дәнді және сүйекті жемістерді жинауға арналған машиналарға қызмет көрсету – 2-разряд.

613. Жемістерді тауарлық өңдеуге арналған машиналарға қызмет көрсету бойынша жұмыстар - сұрыптау және калибрлеу – 3-разряд, - қиғаш, шарлы және тігінен салу – 4-разряд.

614. Ағаштардың діндері мен қаңқа бұтақтарын известпен ақтау – 2-разряд.

615. Жас және жеміс беретін ағаштардың діндерін кесу – 5-разряд.

616. Ағаштардың кесілген жерлері мен жарақаттарына сыр немесе бақша варын жағу – 1-разряд.

617. Бақтардағы өлекселерді жинау – 1-разряд.

618. Ағаштардың астына тірек орнату және түзету – 2-разряд.

619. Ағаштардың астындағы тіректерді тарату – 2-разряд.

620. Тіректерді пирамидаға жинау және орнату – 2-разряд.

621. Қой бүлдіргенінің мүртшаларын тармақшалардың даму дәрежесі бойынша кесу және сұрыптау – 2-разряд.

622. Қой бүлдіргенінің мүртшаларын плантацияда жою – 1-разряд.

623. Қой бүлдіргенінің астына қорғау қабатын себу (үгінді, кесінді, шымтезек) – 1-разряд.

624. Таңқурай бұтақтарын байлау мен шешу және олардың қыстан кейінгі жағдайларын тексеру – 1-разряд.

### **13-бөлім. Жүзім өндірісіндегі жұмыстар.**

#### **43. Көшетханалар.**

##### **Параграф 1. Көшетханалар.**

625. Бумалап және сақтауға қоя отырып, жүзім шоқтарын дайындау, жапырақтарынан, бұталарынан, жұқа және жетілмеген материалдан тазалап, сабақтарын кесу – 4-разряд.

626. Сақтау кезінде жүзім шоқтарының жағдайын тексеру – 3-разряд.

627. Телінуші және ұласушы кесінді сабақтарын ыдысқа салып және одан алып сулау – 2-разряд.

628. Калибрлеу машиналары мен жартылай автоматтарда телінуші мен ұласушының кесінді сабақтарын калибрлеу – 3-разряд.

629. Телінуші мен ұласушының кесінді сабақтарын (қолмен) калибрлеу, көшеттеу алдында кесуді жаңалау – 3-разряд.

630. Бұтақтарды отырғызуға дайындау (калибрлеу, кесу) – 2-разряд.

631. Жүзімнің кесінді сабақтарын қолмен көшеттеу – 5-разряд.

632. Машинамен көшеттеу үшін кесінді сабақтардың сыңарларын іріктеу – 2-разряд

633. Жүзімнің кесінді сабақтарының қабығын тырмалау – 2-разряд

634. Көшеттеуді бақылау және есептеу – 4-разряд.

635. Көшетханалар немесе траншеяларды мұзға толтыру және кесінді сабақтарын ұсақтауға арналған ағаш табан орнату – 3-разряд.

636. Кесінді сабақтарын ұсақтауға салу, трашеялардан оларды іріктеу – 2-разряд.

637. Стратификациялау және ұсақтау кезінде көшеттерді күту – 2-разряд.

638. Көшеттерді стратификациялық жәшіктерге салу – 2-разряд.

639. Көшеттерді апарып және апармай парафиндеу, байлау – 3-разряд.

640. Жәшіктерді стратификациялық камераларға және отырғызуға шығару – 2-разряд.

641. Көшеттерді фумигацияға салу және фумигациядан кейін алу – 5-разряд.

642. Көшетханалар мен жүзімдіктерде жер біліктерін қатарлау және орау – 3-разряд.

#### **44. Жүзімдіктер.**

##### **Параграф 1. Жүзімдіктер.**

643. Жүзімнің техникалық және азықтық сортын жинау бойынша агрегаттарға қызмет көрсету бойынша жұмыс – 4-разряд.

644. Ұңғымаларды қол гидробұрғысымен немесе жүзім отырғызуға арналған сүйменмен бұрғылау – 3-разряд.

645. Жер біліктерін жүзім бұтақтары оралған кезде және ашық кезінде түзету – 2-разряд.

646. Ашылар алдында жүзім шоқтарын көтеру – 2-разряд.

647. Аналықтарды, көшеттерді және жасыл өркендерді жүзімдіктерді жөндеу – 4-разряд.

648. Жүзімдіктерді 20% дейін кесінділерімен жөндеу – 3-разряд.

649. Жүзім шоқтарын ағаш қатарларынан шешу – 2-разряд.

650. Жүзімдіктерді филлоксероны жұқтыруға тексеру – 4-разряд.

#### **14-бөлім. Субтропикалық өнімдерді жасау бойынша жұмыстар.**

#### **45. Шай, тұт және игілікті лавр.**

##### **Параграф 1. Шай, тұт және игілікті лавр.**

651. Шай плантацияларынан көп жылдық арам шөптерді жою – 2-разряд.

652. Механикаландырылған кесуден кейін шай бұтақтарын тазалау – 3-разряд.

653. Шайдың үш-төрт жылдық бұтақтарын кесу және қалыптастыру – 3-разряд.

654. Қатарлардағы шай бұтақтарын жартылай ауыр және ауыр кесу – 4-разряд.

655. Шай плантацияларын жөндеу:

- тұқымдарды себу – 2-разряд,

- көшеттерді отырғызу – 3-разряд.

656. Шай жапырағын жинау:

- сортты – 5-разряд;

- престелген көк шайды дайындауға арналған ірі жапырақтар үшін лао-чаға арналған қаптау материалынан жасалған – 4-разряд;

- кофеин алуға арналған шикізат – 3-разряд.



657. Тұт ағашының жеміс шоғырын жинау – 3-разряд.

658. Кәрі тұт ағаштарын қазу – 4-разряд.

659. Лавр жемісін жинау – 3-разряд.

660. Лавр жапырағын стандарт бойынша кептіру, жұлу және сұрыптау – 2-разряд.

661. Шай және лавр жапырақтарын ыдыстарға салу, ілу және алғаш сапасын айқындау – 2-разряд.

662. Шай жапырақтарына арналған қаптарды арам шөптерден тазалау – 2-разряд.

663. Шай жапырақтары салынған қаптарды жәшіктерге салу және жәшіктерді тасымалдау – 2-разряд.

664. Шай және лавр тұқымдарын жинау – 2-разряд.

#### **46. Бамбук және цитрус өнімдері.**

##### **Параграф 1. Бамбук және цитрус өнімдері.**

665. Қыс бойы көшеттерді күту – 2-разряд.

666. Цитрус көшеттерін мәрлімен байлау – 1-разряд.

667. Бамбук арқандарын кесу үшін таңбалау – 1-разряд.

668. Бамбук діндерін кесу – 3-разряд.

669. Бамбуктың шағын орманын балтамен шабу, бамбук діндерін бұтақтан тазарту және оларды тасымалдау орнына шығару, арқандарды аралау, сұрыптау және салу – 3-разряд.

670. Тунга жемістерін тазалап жинау – 2-разряд.

671. Ағаштардың бастарын байлау және шешу – 2-разряд.

672. Цитрустарды үлдірмен немесе матамен жабу – 3-разряд.

15-бөлім. Эфир майы мен дәрі өнімдерін өндіру бойынша жұмыстар.

673. Бұрыштық жалбыздық көшеттерді дайындау – 3-разряд.

674. Бұрыштық жалбыздық көшеттерді отырғызу, атыздар бойынша базилик және басқа дәрілік өсімдіктерді отырғызу – 3-разряд.

675. Атыздар бойынша базилик пен дәрілік өсімдіктерді суару – 3-разряд.

676. Раушанның қауызын және лаванда гүлсидамын жою – 1-разряд.

677. Раушанның көшеттерін отырғызуға дайындау – 2-разряд.

678. Раушанның көшеттерін отырғызу – 3-разряд.

679. Раушандарды санитарлық өңдеу (артық өскіндерін жұлу) – 3-разряд

680. Раушан гүлдерін, лаванданың гүл шоқтарын, дәрілік дайындамаларды жинау – 3-разряд.

681. Раушанның гүлсағақтарын кесу, қазтамақтың, базиликтің, жалбыздың жасыл көлемін және мускат шатырашының гүл шоғырын кесу – 2-разряд.

682. Бұрыштық жалбыздықты текшеге орау – 2-разряд.

683. Раушан және лаванданың плантациясын жөндеу – 3-разряд.

684. Өсімдіктердің тамыр сабақтарын, жапырақтарын, гүл шоғырын, гүлдерін, сабақтарын, тұқымдық жемістерін жинау, сұрыптау және кесу:

- улы және қатты ароматтандырылған өсімдіктер – 4-разряд,
- басқа да өсімдіктер – 4-разряд.

685. Дәрілік ағаш тұқымдастардың жас өркендерін кесу – 3-разряд

686. Алтай тамырларын қабықтан тазарту – 3-разряд

687. Тамырларды, тамыр сабақтарды, шірінділер және дәрілік өсімдіктерді жуу – 3-разряд.

688. Дәрілік шикізаттарды жуғаннан кейін кептіру – 3-разряд.

689. Дәрілік шикізаттарды сұрыптап және престеп орау:

- улы өсімдіктер – 3-разряд,
- басқа да өсімдіктер – 2-разряд.

690. Саңырауқұлақ субстратіні және қара бидай қастауышының жұғуын дайындау – 3-разряд.

691. Қара бидай масақтарынан қастауыш түтік кеспелерін жинау – 2-разряд.

692. Қастауыш түтік кеспелерін тұқымнан ажырату – 2-разряд.

#### **16-бөлім. Гүл шаруашылығы мен көгалдандыру жұмыстары.**

693. Пияз бастарының гиацидтерін әбден пісіру – 3-разряд.

694. Гүлдердің отырғызу материалдарын қазып алу – 3-разряд.

695. Ұсақ көшетті іскекте көшеттеу – 2-разряд.

696. Лилияларды қабыршақтармен, балалар және бульбочкамен көбейту – 3-разряд.

697. Шпагаттан торлар току және құру және қалампыр гүлін байлауға арналған металл рамаларды орнату – 2-разряд.

698. Сымдарды тіректерге керу (сымдарды апарумен) – 3-разряд.

699. Сымдарды тіректерден шешу, қалдық жіптерді жою, оларды орамдарға орау және апару – 2-разряд.

700. Ағаш және металл тіректерді жою, оларды жылы жайдан шығару – 2-разряд.

701. Гүлдерді стандарт бойынша кесу және сұрыптау, есептеу, бумалап байлау және орау – 2-разряд.

702. Бақытгүлін, қазтамақты және басқа да гүл өсімдіктерін сабақтау – 3-разряд.

703. Шымды клубтар мен рабаттардың айналасына салу – 2-разряд.

704. Қалыптап алу және кесу:

- ағаштар, бұталар – 4-разряд;
- табиғи қоршаулар, кілемше гүл отырғызғыш және бордюрлер – 3-разряд.

705. Гидропульттан жасалған оранжереялардың шыныларын ақтау – 2-разряд.

706. Оранжереялардағы өсімдіктерді тазалау, оларды жуу және су бүрку – 1-разряд.

707. Апару және қадамен бекітумен өсімдіктерді қалқандармен көлеңкелеу, қалқандарды шешу және апару – 2-разряд.

708. Қабаттап асып байлау кезінде қалампырды құрғақ жапырақтар мен арам шөптерден тазалау – 1-разряд.

### **17-бөлім. Агроорманмелиорация және орман шаруашылығы бойынша жұмыстар.**

709. Өзектер мен мәткелерде өрме және фашинді тоғандар орнату – 3-разряд.

710. Жылжымалы құмдарда және жыраның түптері бойынша қалқандар мен төселен қорғандар қою – 2-разряд.

711. Жыралар, балкалар және тік баурайлар бойынша тұқымдар себу, оларды шабындықтау – 4-разряд.

712. Ағаштар мен бұталарды тамырымен жұлу, тамырмен жұлынған ормандарды бөлу – 4-разряд.

713. Шабындықтардағы, жайылымдардағы және арналар жиегіндегі бұтақтарды шабу, жас бұтақшалар алу үшін бұтақтарды томарға кесу – 3-разряд.

714. Жер телімін ағаштардан, кесілген томарлардан, тамырлардан, ағаш қалдықтарынан және шымнан тазалау – 3-разряд.

715. Қаудандарды күрекпен жою – 2-разряд.

716. Тау баурайларында, өзектерде және мәткелерде террасалар құру – 4-разряд.

717. Су тоғы бүріккіштерін жасап шығару – 4-разряд.

718. Алаңқайлар, жолақтар, шұңқырларды орман отырғызу және қосымша көшеттер отырғызуға дайындау – 3-разряд.

719. Екпелерді, көшеттерді және жабайы өсімдіктерді Колесов семсерінің астына отырғызу және қосымша көшеттер отырғызу – 4-разряд.

720. Орман жолақтарының ірі көлемді отырғызу материалдарын отырғызу кезінде діңгек түбіндегі дөңгелектерді түзету – 3-разряд.

721. Құстарға арнап ұяшықтар жасау – 2-разряд.

722. Бүршіктер, жаңғақтар мен басқа да ағаш және бұталы тұқымдар дайындау:

- кесілген ағаштардан (кесілетін орман) – 3-разряд;

- биіктігі 5 м дейінгі ағаштар мен бұталардан – 4-разряд;

- 5-м жоғары биіктіктегі ағаштардан арнайы лаздардың (мұнара мен автокөтергіштер) көмегімен – 5-разряд.

723. Фисташка және басқа да ағаш және бұталы өсімдіктер тұқымдарын қанатсыздандыру және тазалау – 2-разряд.

724. Ағаш және бұталы тұқымдарын кептіру, тазалау, сұрыптау және ыдысқа салу – 2-разряд.

725. Емен жаңғағы мен ағаш-бұталы тұқымдарды сақтауға салу – 2-разряд.

726. Өру қурайларын, қадаларды, шоқтарды, жөкелерді және шелқабықшаларды дайындау – 2-разряд.

727. Орман төсенішін дайындау – 2-разряд.

728. Дәрілік материалдарды, саңырауқұлақ, қайың шырынын және басқа да азық-түліктерді және табиғат тартымдарын дайындау – 3-разряд.

729. Кеспе ағаштарды жару, бөлу және ойықтарымен, нысаналауды өлшеумен, бағандар дайындау және қоюмен сыналатын алаңдарды белгілеу – 4-разряд.

730. Айырма және белгілеп өлшеумен ағаштарды санау, кеудеден жоғары және тамыр мойнындағы ағаштарды өлшеу және таңбалау, оларға жүзік кигізу – 3-разряд.

### **18-бөлім. Шаруашылық жұмыстары.**

47. Қырманды, алаңқайларды және орынжайды дайындау.

#### **Параграф 1. Қырманды, алаңқайларды және орынжайды дайындау.**

731. Қырманды дайындау (қоқыстан тазалау, сабанмен жабу, сумен суару) – 1-разряд.

732. Сақтау орындарын қоқыстан, қалдықтардан және пайдаланылған құмнан тазалау, қоймалар мен басқа да орынжайларды жуу – 1-разряд.

733. Қабырғалар мен төбелерді сабанмен бітеп жылыту – 2-разряд

734. Қабырғалар мен төбелерді лаймен сылау – 3-разряд.

735. Қолмен немесе электр жетегі бар бүріккішті пайдаланып орынжайды, қабырғаларды, жабынғыларды, жылы жайдың терезелерін және көшетханалардың рамаларын ақтау және сырлау – 2-разряд.

736. Орынжай, жол, қырман жанындағы шөптерді, арам шөптерді қолмен ору – 3-разряд.

737. Шыны кесу, терезе және көшетхана рамалары мен басқа да шынылы жабынғыларды шынылау – 3-разряд.

738. Көшетхана рамаларын жөндеу – 2-разряд.

739. Шыныланған рамаларды майлау – 2-разряд.

740. Терезе және жылы жай рамаларының шынысын, жылы жай және басқа да ғимараттардың шыны жабынғыларын жуу және тазалау – 1-разряд.

741. Машиналы трактор агрегатының көмегімен терезелерді бормен қараңғылау – 4-разряд.

48. Керек-жарақтар мен ыдыстарды дайындау, әзірлеу және жөндеу

#### **Параграф 1. Керек-жарақтар мен ыдыстарды дайындау, әзірлеу және жөндеу**

742. Шалғы қағу – 4-разряд.

743. Кетпенді, күректерді және пышақтарды қайрау – 2-разряд.

744. Араларды, орақтар мен бақша пышақтарын қайрау – 3-разряд.

745. Жетектер, доғалар және әртүрлі саптарға арналған материалдарды дайындау, балталар, тұтқалар, күректерге саптар және басқа да құралдар дайындау, жөндеу және орнату – 3-разряд.

746. Жетектер, оталғыштар жасау, оларды арбалар мен шаналарға орнату, маркерлер мен рамалар дайындау – 3-разряд.

747. Қайысшының жұмысы:

- ат әбзелдерін дайындау бойынша – 3-разряд;

- ат әбзелдерін жөндеу бойынша – 2-разряд.

748. Арқандар, тұсаулар, қамытбаулар, қамшылар дайындау – 1-разряд.

749. Сымдар кесу және зәкірлер үшін оларды орау – 3-разряд.

750. Зембілдер, жәшіктер, екі метрліктер, қол маркерлерін және тырмалар дайындау және жөндеу – 3-разряд.

751. Соғу станоктарына тақтайшалар салу мен апару және ыдыстар бөлшектерінің ұсақтарын жинау – 2-разряд.

752. Қаптарды, себеттерді және басқа да ыдыстарды тазалау, жуу және жөндеу – 2-разряд.

753. Көкөніс өнімдері мен көшеттерге арналған ыдыстарды дайындау (тазалау, жуу) – 1-разряд.

754. Жәшіктерді таңбалау, ағаштарға, бағандарға этикеткаларды, белгілерді дайындау, жазу және ілу – 1-разряд.

755. Фашиндер, баулар, өрілген қалқандар, маттар әзірлеу – 2-разряд.

756. Шыбықтан, қурайдан, жағыршақтан өрілген бұйымдар әзірлеу – 3-разряд.

757. Сыпырғыштар мен сыпыртқылар дайындау – 1-разряд.

758. Газ шілтерін пайдаланып сымдар мен құрылымды тазалау және күйдіру – 3-разряд.

759. Ағаш қатарларын, кішкене қоршаулар мен басқа да ғимараттарды орнату және жөндеу.

49. Ағаш қатарларын, кішкене қоршаулар мен басқа да ғимараттарды орнату және жөндеу.

### **Параграф 1. Ағаш қатарларын, кішкене қоршаулар мен басқа да ғимараттарды орнату және жөндеу.**

760. Қадалар мен тіректерді дайындау және тегістеп шабу – 2-разряд.

761. Жетектерге, ілгіштерге, дуалдарға, қоршауларға, егістік пен ормандар белгілеріне арналған бағандар дайындау – 2 разряд.

762. Қадалар мен бағандарды күйдіру, оларды гудрондармен жабу – 2-разряд.

763. Зәкірлер мен орман белгілерін, ауыл шаруашылық өнімдерін кептіруге арналған ілгіштерді орнату – 2-разряд.

764. Зәкірлерді бекіту – 3-разряд.

765. Зәкірді бағанға сыммен біріктіру – 3-разряд.

766. Жүзімдіктерде, бақтарда, құлмақ өсіретін жерде және жылы жайларда жетектер орнатқан кезде бағандар қою – 3-разряд.

767. Жүзімдіктердегі, бақтардағы, құлмақ өсіретін жерлердегі және жылы жайлардағы жетектерді шешу – 2-разряд.

768. Ескі бағандарды сымдарын шешіп, қазып алу – 2-разряд.

769. Бағандар бойынша сымдар мен ауырлықтарды, жүзімдіктерде, бақтарда және құлмақ өсіретін жерлерде жетектерді ілу, бекіту және керу – 3-разряд.

770. Сымдарды зәкірлерге бұрау – 3-разряд.

771. Жетектерді жөндеу – 3-разряд.

772. Сырғауылдарды, қоршауларды ұластыру, сымнан қоршау жасау, байлау үшін торлар орнату – 2-разряд.

773. Қапсырма шегелерді қағу – 2-разряд.

774. Сәкі ағаштар жасау – 2-разряд.

50. Жер және жер өлшеу жұмыстары.

#### **Параграф 1. Жер және жер өлшеу жұмыстары.**

775. Шұңқыр, траншея орларын қазу – 3-разряд.

776. Геодезиялық түсіру кезінде мөлшерқаданы тасу және қою, қадаларды, ілгіштерді, қазықшаларды орнату – 1-разряд.

777. Қол бұрғысының көмегімен топырақ үлгілерін алу – 2-разряд.

778. Оптикалық приборлардың көмегімен жер телімдерін кварталдарға бөлу – 3-разряд.

51. Ағаштар, мұз және тас дайындау.

#### **Параграф 1. Ағаштар, мұз және тас дайындау.**

779. Ағаштарды көлденендеп аралау және ағаш отын қазу – 2-разряд.

780. Ағаштарды орналастыру – 1-разряд.

781. Мұз ою және жағаға шығару – 3-разряд.

782. Мұзды жетекке салу – 2-разряд.

783. Мұзды шланганың көмегімен мұздақтау – 2-разряд.

784. Карьерде тастар дайындау – 4-разряд.

785. Тастарды үйіп жинау – 3-разряд.

52. Су мен отынды ағызу.

#### **Параграф 1. Су мен отынды ағызу.**

786. Суды құдықтардан және ашық су қоймалардан шығару, суды бөшкелер мен шұңқырларға тасу және құю – 2-разряд.

787. Жертөлелерден суды шелекпен шығару – 2-разряд.

788. Отынды ағызу және қайта айдау – 2-разряд.

789. Жанар-жағар май құятын станциялардағы оператордың жұмысы – 3-разряд.

790. Жалпы шаруашылықтың қосалқы жұмыстары – 1-разряд.

#### **IV бөлік**

**19-бөлім. Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы жұмысшылар кәсіптерінің жұмыстарының сипаттамалары.**

#### **53. Жүзім өсіруші.**

##### **Параграф 1. Жүзім өсіруші.**

791. Жұмыс сипаттамасы: жүзім сабағын отырғызу, жеміс салатын жүзімдіктер мен жүзім алқабын күту жөніндегі жұмыстарды орындау; жүзім көшеттерінің ережесі, сақтау кезінде екпелерді күту, алқапқа жүзім екпелерін отырғызу, алқапты күту, көшеттерді қазу; жүзім жинау тәсілдері, сұрыптау, сақтауға дайындау, сату, қайта өңдеу.

792. Білуге тиіс: жүзім сорттары және оны өсірудің ерекшеліктері; жүзім егу үшін егістік алқабын дайындау, жүзім көшеттерін отырғызу тәсілдері; жеміс салатын және жас көшеттерді күту; жүзім сабақтарын кесу, оларды аспаға байлау, жүзімдікті көшеттермен және көк бұтақтармен жөндеу тәсілдері; бұтақтарды екпеге дайындау, оны сақтау тәсілдері, сабақтарын екпе жасау үшін кесу, екпені қолмен және машинамен жасау, екпені сақтау және күту; жүзім алқабына отырғызу және оны күту; жүзімнің асханалық және техникалық сорттарын жинау тәсілдері, жүзімді сұрыптау және сақтауға дайындау, оны сату және қайта өңдеу тәсілдері.

793. Кәсіптік орта білім талап етіледі.

#### **54. Саңырауқұлақ өсіруші.**

##### **Параграф 1. Саңырауқұлақ өсіруші.**

794. Жұмыс сипаттамасы: ашық және жабық топырақта саңырауқұлақ өсіру кезіндегі жұмыстарды орындау: топырақты дайындау, тыңайтқыштарды себу, саңырауқұлақ егу, егістікті күту, саңырауқұлақты жинау, өнімді сатуға, қайта өңдеуге, сақтауға дайындау.

795. Білуге тиіс: саңырауқұлақтардың түрлері және оларды ашық және жабық топырақта өсіру тәсілдері; жұмыстарды орындаудың, атыздарды, сөрелерді, саңырауқұлақтарды өсіруге арналған камераларды дайындаудың технологиялық кезектілігі және орындау тәсілдері; саңырауқұлақ егу тәсілдері; саңырауқұлақтардың күтімі (жылуды, жарықты, ылғалдылықты реттеу); егістікті арнайы препараттармен

және өсіруді ынталандырғыштармен өңдеу тәсілдері; саңырауқұлақтарды жинау мерзімі мен тәсілдері, сұрыптау, сапасын анықтау, сатуға дайындау; саңырауқұлақтардың ауруы, олардың алдын алу; топырақты, жиналған саңырауқұлақтарды өсіруге және уақытша сақтауға арналған ыдысты, камераны, құрылыстарды дезинфекциялау тәсілдері.

796. Кәсіптік орта білім талап етіледі.

## **55. Ағаш өсіруші.**

### **Параграф 1. Ағаш өсіруші.**

797. Жұмыс сипаттамасы: машиналар мен механизмдердің көмегімен ағаш жыныстарының тұқымдары мен көшеттерін отырғызу, алқаптар мен егістіктерде егіс материалдарын, ағаштар мен бұтақтарды өсіру, оларды күту (топырақты қопсыту, минералды тыңайтқыштар себу, себелеу құрылғысынан немесе мотопомпадан суару); бұтақтарға екпе жасау, жемісті, ағаш жыныстарының егіс материалдарын құнарландыру; ағашты сақтау жұмыстары (улы химикаттарды бүрку мен ранецтердің, жылқы және трактор бүріккіштердің көмегімен); моторлы еңбек құралдарының көмегімен ағаш кеспелерді бөлу мен ағаш өсіруді жоспарлау жұмыстары (шабу, тазалау және визирлерді, кварталдық жолдар мен шекаралық сызықтарды өлшеу және кварталдық, визирлік және бөлу бағаналарын жасау және орнату, сынама алаңдарды орнату, ағаштарды өлшеу және қайта есептеу, модельді ағаштарды кесу және тағы басқа); мотопомпалардың, тракторлық, жылқы және қолмен су себелеу құрылғыларының көмегімен орман өртін сөндіру; қолданылатын машиналарды, жылқы және қол еңбегі құралдарын алдын ала тексеру және техникалық күту.

798. Білуге тиіс: орман шаруашылығы, орманды қалпы келтіру, ағаш өсіруді жоспарлау, орманды қорғау, ағашты пайдалану, орман тауартануы, сондай-ақ топырақтану негіздері; түрлі ағаш және бұта жыныстарының егіс материалдарын өсіру әдіс-тәсілдері және технологиялық ерекшеліктері; түрлі ағаш жыныстарының егіс материалдарын егу тәсілдері және техникалық ерекшеліктері; улы химикаттардың субстраттарын, ерітінділерін және эмульсияларын дайындау ережесі мен әдістері; орман қорғау жұмыстарын жүргізудің, сондай-ақ химиялық өңдеу нәтижелерін есепке алу әдістері мен технологиялық ерекшеліктері; орман өртінің алдын алу және онымен күресу әдіс-тәсілдері; әртүрлі орман жыныстарын күтудің әдістері мен технологиялық ерекшеліктері; бүлінген ағаштарды анықтау және шабу әдістері; ағаш аурулары мен орман зиянкестерін анықтау әдістері және олармен күресу шаралары; қолданылатын трактор, жылқы және ранец машиналардың, агрегаттардың, отырғызу ағын-механикаландырылған желілердің, басқа да еңбек құралдарының құрылысы, техникалық күту және пайдалану қағидалары мен әдістері.



## **56. Зығыр өсіруші.**

### **Параграф 1. Зығыр өсіруші.**

799. Жұмыс сипаттамасы: зығыр шаруашылығында тұқым дайындау, тыңайтқыштарды пайдалану, егу, егістікті күту, зығыр өнімдерін жинау, қолмен немесе қарапайым құралдар мен айлабұйымдарының көмегімен өңдеу, сақтау және зығыр трестерін өткізу, тұқымдарды қоймаға салу жұмыстарын, сондай-ақ электр мотор және іштен жану қозғалтқыштарының көмегімен жүретін зығыр соққышқа, кептіргішке, сұрыптауыштарға және зығырды тарту, тұқымдарды жетілдіру және зығыр трестері кезінде қолданылатын басқа да механизмдер мен агрегаттарға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау.

800. Білуге тиіс: зығыр шаруашылығында топырақты дайындау, тыңайтқыштарды себу, тұқымды дайындау, зығырды егу, отау, егістікті күту, өсімдіктерді қорғау, жинау, тарту, тұқымдарды сақтау және зығыр трестерін жұмыстарын орындау тәсілдері; қарапайым еңбек құралдарының мақсаты және оларды пайдалану, зығыр шаруашылығында қолданылатын механизмдер мен агрегаттарға қызмет көрсету кезінде жұмыстарды орындау әдістері.

## **57. Су бүріккіш құрылғысының машинисі.**

### **Параграф 1. Су бүріккіш құрылғысының машинисі.**

801. Жұмыс сипаттамасы: ауыл шаруашылығы дақылдарын, бау-бақшаларды, алқаптар мен егістіктерді, өрістерді, ағаш егілген жерлерді және басқа да плантацияларды су бүріккіш құрылғылармен немесе машиналармен қатарлап немесе бұрқу тәсілімен суару; негізгі механизмдер мен су бұрқу құрылғыларының (машиналарының) тораптарын мерзімді алдын ала тексеру және техникалық күту; негізгі тораптарды мерзімді майлау; құбырларды монтаждау және демонтаждау; ақаулықтар мен бұзылуларды анықтау және түзету; гидравликалық жүйелерді, сорғыны, тораптар мен су бұрқу құрылғыларының механизмдерін жөндеу.

802. Білуге тиіс: су бүріккіш құрылғылардың немесе әр түрлі үлгідегі машиналардың құрылысы және жұмыс істеу қағидаттары; сорғылар мен олардың жетегінің жұмыс сипаттамасы; сорғылардың тиімді және ең көп шекті жүктемесі; су бүріккіш құрылғылардың немесе машиналардың гидравликасы мен механикасы және оларды пайдалану бойынша қажетті мәліметтер; сорғы типтерін пайдалану ерекшеліктері; су жинау, жіберу және суару, негізгі тораптар мен құбырларды монтаждау және демонтаждау ережесі мен қағидаттары; мерзімді қызмет көрсету және техникалық күту ережесі мен әдістері; бақылау-өлшеу аспаптарының мақсаты және оларды пайдалану; құрылғылар мен машиналардың немесе қолданылатын жабдықтардың жұмысындағы негізгі ақаулықтарды анықтау және жою тәсілдері; әр

түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын, бау–бақшаларды, алқаптар мен егістіктерді, өрістерді суару қағидалары мен ерекшеліктері.

## **58. Стационарлық сорғы станциясының машинисі.**

### **Параграф 1. Стационарлық сорғы станциясының машинисі.**

803. Жұмыс сипаттамасы: әр түрлі үлгідегі стационарлық сорғы станцияларында жұмыстар кешенін орындау, негізгі тораптар мен агрегаттарды ай сайын тексеру, мерзімді техникалық күту; станцияны жұмысқа дайындау және оны белгіленген жұмыс режимінде басқару; өндіріс жағдайының өзгеруіне сәйкес жұмыс режимін реттеу; тораптар, агрегаттар мен басқа да жабдықтарды мерзімді майлау, монтаждау және демонтаждау; ақаулықтар мен бұзылуларды анықтау және жою; қозғалтқышты, сорғыны, гидравликалық жүйені, басқа да тораптар мен сорғы станциясының жабдықтарын күрделі емес жөндеу.

804. Білуге тиіс: әр түрлі жұмыс режимінде стационарлық сорғы станцияларының құрылысы мен жұмыс қағидаттары; қозғалтқыштың, сорғының, олардың жетектерінің, жұмыс сипаттамасы; қозғалтқыштың, сорғыны, сорғы станциясының тораптар мен агрегаттарының тиімді және ең көп шекті жүктемесі; қозғалтқыштарды, сорғыны, гидравликалық жүйе мен сорғы станциясының басқа да жабдықтарын пайдалану ерекшеліктері, оларды техникалық пайдалану сипаттамасына сәйкес реттеу ережесі мен ерекшеліктері; негізгі тораптар мен агрегаттарды монтаждау және демонтаждау қағидалары; жекелеген агрегаттарды, тораптар мен стационарлық үлгідегі станциялар жүйесін алдын ала тексеру және мерзімді техникалық күту қағидалары мен әдістері бақылау-өлшеу аспаптарының мақсаты және оларды пайдалану; станцияның, оның негізгі тораптары мен агрегаттарының жұмысындағы ақаулықтарды анықтау әдіс-тәсілдері.

## **59. Көкөніс өсіруші.**

### **Параграф 1. Көкөніс өсіруші.**

805. Жұмыс сипаттамасы: көкөніс шаруашылығында топырақты дайындау, тұқым дайындау, көшет өсіру, көкөніс дақылдарын егу және отырғызу, дақылдарды күту, өнімді жинау және сақтау, оны сату, қарапайым қол құралдары мен айлабұйымдарының көмегімен өңдеу жұмыстарын, сондай-ақ электр мотор және іштен жану қозғалтқыштарының көмегімен жүретін механизмдер мен агрегаттарға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау; қолданылатын машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету, олардың ақаулықтарын анықтау және жою.

806. Білуге тиіс: ашық және жабық (жылыжайда, көшетханада, комбинаттарда, басқа да құрылыстарда), топырақта өсірілетін дақылдардың технологиялық

ерекшеліктері және оларға қойылатын агротехникалық талаптар, қарапайым құралдардың, электр мотор және іштен жану қозғалтқыштарының көмегімен жүретін машиналар мен механизмдердің көмегімен орындалатын топырақты өңдеу, тыңайтқыштарды дайындау және себу, тұқымдарды тазалау және егуге дайындау, көшеттерді өсіру, көкөніс дақылдарын егу және отырғызу жөніндегі жұмыстардың түрлері, өсімдіктерді күту тәсілдері, өнімді жинау мерзімін белгілеу тәсілдері, көкөніс өнімдерінің әр түрлі түрлерінің сапасына қойылатын талаптар, олардың сортын айқындау; көкөніс шаруашылығында қолданылатын машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу тәсілдері.

## **60. Жабық топырақ жабдығының операторы.**

### **Параграф 1. Жабық топырақ жабдығының операторы.**

807. Жұмыс сипаттамасы: жылу, ылғал жіберу механизмдерінің, жарықтандырғыш аспаптарының үздіксіз және үнемді жұмысын қамтамасыз ету, өсірілетін дақылдарды күту және оларды тыңайтқыштармен қоректендіру процессін реттеу; өсірілетін дақылдардың вегетациялық кезеңінің мерзімін, өсірілген дақылдарды жинау мерзімін белгілеуге, дақылдардың жаңа айналымын салуға топырақты дайындауға қатысу; жабық топырақ құрылыстарындағы микроклиматты реттейтін жабдықтар мен аспаптарды жеңіл-желпі жөндеу, агрегаттар мен механизмдерді жөндеуге және ауыстыруға қатысу.

808. Білуге тиіс: жылыжайдағы және жабық топырақ құрылыстарындағы микроклиматты реттейтін автомат және жартылай автомат механизмдердің құрылысы мен жұмыс қағидаты; өсірілетін дақылдардың қажеттілігін ескере отырып, жылу, жарық, ылғал жіберу схемасы, дақылдарды өсіру мен кезектестірудің вегетациялық кезеңі, дақылдардың айналымын отырғызу үшін топырақты дайындау тәсілдері, басқа да агротехникалық талаптар; микроклиматты реттеу тетігінің, бақылау аспаптарының ықтимал ақаулықтары, оларды алдын алу және жою тәсілдері, қолданылатын жабдықтарды алдын ала тексеру мерзімділігі.

## **61. Кептіру құрылғыларының операторы.**

### **Параграф 1. Кептіру құрылғыларының операторы.**

809. Жұмыс сипаттамасы: тұқымдар мен дақылдардың әртүрлі түрлерін дайындау және кептіру құрылғысында кептіру процесін басқару, кептіру процессін бақылау; өндірістік журнал немесе басқа да қажетті жазбаларды жүргізу, алдын алу жұмыстарын орындау, жанармайды, ауаны жіберу жүйесін, арту және тиеу құрылғыларын және басқа да механизмдерді жөндеу.

810. Білуге тиіс: бидай, бұршақ тұқымдарын, күнбағысты, май дақылдарды, зығырды, шелқабық, көкөніс, бақша дақылдарын, шөптерді, ағаш–бұтақ жыныстары мен басқа да дақылдардың тұқымдары мен бұталарын кептіруге арналған әр түрлі кептіру құрылғылары мен арнайы машиналардың мақсаты мен құрылысы; жанармай мен ауаны жіберу жабдықтары мен механизмдерінің құрылысы мен жұмыс қағидаттары, жанармайды ұтымды пайдалану немесе басқа энергия түрін пайдалану тәсілдері; кептіру дәрежесін бақылауға арналған аспаптың мақсаты мен құрылысы; қызмет көрсетілетін жабдықты күту ережесі және оның жұмысындағы ақаулықтарды түзету тәсілдері; кептіру құрылғыларының, жанармай мен ауа жіберу, қажетті температура режимін және ылғалдылық деңгейін сақтау жөніндегі жекелеген агрегаттардың жұмысында пайда болуы мүмкін ақаулықтардың себептері.

## **62. Көшетхананы баптаушы.**

### **Параграф 1. Көшетхананы баптаушы.**

811. Жұмыс сипаттамасы: топырақты дайындау, егу, тұқымды және сүйекті дақылдардың көшетін отырғызу жұмыстарын орындау; өсімдіктерді күту, өсімдіктерді егуге, құнарландыруға дайындау; көшеттерді қазып алу, оларды сұрыптау және сатуға дайындау; егуге арналған материалдарды дайындау, оны сақтау; көшеттерді, тұқымдарды қыста сақтау тәсілдері; егістердің өсіп кетуін тексеру.

812. Білуге тиіс: көшетханаларда тұқымды және сүйекті дақылдар көшеттерін өсіру ерекшеліктері; топырақты бау дақылдарының әр түрлі түрлерінің көшеттерін отырғызу үшін топырақты дайындау жұмыстары; алманы, алмұртты, жүзім сабақтарын, басқа да бау дақылдарын құнарландыру және егу тәсілдері; егістерді күту қағидалары; бұталарды, көшеттерді қыста сақтау әдістері; бір және екі жылдық көшеттердің кесу және басын қалыптастыру; фумигация үшін жүзім сабақтары көшеттерін орналастыру; алманы, алмұртты, жүзім сабақтарын егу үшін материал дайындау; күзгі және көктемгі егістердің өсіп кетуін тексеру және есептеу.

813. Кәсіптік орта білім талап етіледі.

## **63. Диқан.**

### **Параграф 1. Диқан.**

814. Жұмыс сипаттамасы: топырақты өңдеу және дайындау, егу, отырғызу және оны күту кезінде қолмен жасалатын ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау; ауыл шаруашылығы дақылдарының арамшөптері мен зиянкестерімен күресу жөніндегі қол жұмысын орындау, өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын қолдану, егістікке көң, шымтезек тастау, минералды тыңайтқыш себу, қоймаға салу, тыңайтқыштарды ауыстыру және жан-жаққа шашу, минералды тыңайтқыштарды ұнтақтау және себу,

компост дайындау, шымтезек пен көнді шұңқырларға салу; тұқымдарды жылы ауамен жылыту, тұқым сепкіштер мен көшет отырғызғыштарға тұқым мен минералды тыңайтқыштарды салу, егістікті отау, арамшөп жинау және егістік алқабынан шығару, шөпті, сабанды, бауды кептіру; шөп пен сабанды жинау және көпенелеу; картоп пен басқа да дақылдарды жыртылған жерден, жыртқаннан кейінгі қатардан жинау; қаптарды, жәшіктерді, себеттерді толтыру, ауыстыру және салу; сақтағаннан кейін картопты, тамырлы жемістерді іріктеу, жуу, сұрыптау.

815. Білуге тиіс: егістікте өсірілетін дақылдарға қойылатын агротехникалық талаптар; топырақты өңдеу және дайындау, тыңайтқыштарды себу, тұқымдарды тазалау, егу, отырғызу, егістікті күту, өсімдіктерді қорғау, өнімді жинау, өнімді сақтау кезінде қол жұмыстарын және егістіктегі басқа да жұмыстарды орындау тәсілдері; еңбек құралдарын, малды пайдаланып орындайтын жұмыстардың түрлері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау кезінде механизмдер мен агрегаттарға қызмет көрсетумен байланысты жұмыстар; өнімді жинау, пысықтау, өнімді сақтау және өткізу тәсілдері мен мерзімі; электр моторлары мен іштен жану қозғалтқыштарымен жүретін механизмдер мен агрегаттар; қолданылатын жабдықтар мен механизмдерде қолданылатын ақаулықтарды анықтау және жою тәсілдері.

## **64. Күріш өсіруші.**

### **Параграф 1. Күріш өсіруші.**

816. Жұмыс сипаттамасы: күріш шаруашылығында қолмен және әр түрлі құралдардың, агрегаттар мен механизмдердің көмегімен агротехникалық жұмыстарды орындау: егу алдында тұқымды дайындау, оларды химиялық өңдеу; егу алдында топырақты және күріш алқабын дайындау; тыңайтқыштарды дайындау және себу, вегетация (коректендіру, арамшөппен, аурулармен және зиянкестермен күресу) кезеңінде өсімдіктерді күту; атыздарды тегістеу; квадраттар бойынша бастапқы орындаушылық түсіру; кастаішілік тордың гидротехникалық құрылыстарын жөндеу; атыздарға су құю, атыздағы су қабатын реттеу, гидротехникалық жүйеге қызмет көрсету; атыздардың арасындағы шығыңқы жерлерді шабу, арамшөптерді жұлу және өрттеу; жинаудың алдында атыздарды кептіру, атыздардың бұрышындағы және гидротехникалық құрылғылардағы күрішті қолмен шабу; егістікті жинауға дайындау; шабылған шығыңқы жерлерді қопсыту; егістіктен топырақтағы үлкен кесектерді және жекелеген кесілмеген бұталарды алып тастау; тыңайтқыштарды, күріш дәндерін және басқа да жүктерді тиеу және тасымалдау; тұқым мен күріш дәндерін тазалау, сұрыптау, жетілдіру; қолданылатын еңбек құралдарын, агрегаттар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету.

817. Білуге тиіс: күріш шаруашылығында орындалатын жұмыстар: тұқым мен топырақты дайындау, егу алдында және вегетация кезінде тыңайтқыштарды себу;

өсімдіктерді күту (химикаттарды пайдалана отырып отау, тыңайтқыштармен қоректендіру, тозаңдандыру және аурулар мен зиянкестерге қарсы улы химикаттарды себу); атыздарды тегістеу; квадраттар бойынша алу; гидротехникалық жүйені күту және оны жөндеу; егістіктегі арамшөптерді жұлу және өрттеу, атыздардың арасындағы шығыңқы жерлерді шабу; атыздардың бұрышындағы және гидротехникалық құрылғылардағы күрішті шабу; күріш алқаптарын жинауға дайындау; шабылған шығыңқы жерлерді қопсыту; тыңайтқыштарды, тұқым мен күріш дәндерін тиеу, түсіру және тасымалдау; тұқым мен күріш дәндерін тазалау, сұрыптау, жетілдіру; қолданылатын еңбек құралдарын, агрегаттар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету тәсілдері.

## **65. Баушы.**

### **Параграф 1. Баушы.**

818. Жұмыс сипаттамасы: бау шаруашылығында жас талдарды, жеміс салатын ағаштар мен бұталарды күту, ағаштардың зиянкестері мен ауруларымен күрес, жас талдар мен жеміс салатын ағаштарды кесу және басын қалыптастыру, көшеттерді егу және құнарландыру, өнімдерді жинау, сұрыптау, сақтау және сатуға дайындау жөніндегі қол жұмыстарын орындау.

819. Білуге тиіс: ағаштар мен бұталы өсімдік жыныстарын өсірудің ерекшеліктері; тыңайтқыштардың түрлері және оларды жеміс салатын баулар мен жидек өсіретін жерлерде салу тәсілдері; жеміс салатын ағаштар мен бұталы өсімдіктердің көшеттерін қазу, оларды отырғызуға дайындау және отырғызу тәсілдері; жеміс өсіретін бауда ағаштар мен бұталарды күту; жас талдар мен жеміс салатын ағаштарды кесу және басын қалыптастыру ережесі; жеміс салатын ағаштар мен талдардың зиянкестері мен ауруларымен күрес шаралары, емдеу тәсілдері; жемісті ағаштардың сорттары, пісу мерзімдері, жемістерін жинау, оларды сақтау үшін сапаларына қарай сұрыптау, өңдеу; жеміс салатын ағаштар мен талдарды қыстауға дайындау әдістері, оларды аяз бен зиянкестерден қорғау тәсілдері.

## **66. Қызылша өсіруші.**

### **Параграф 1. Қызылша өсіруші.**

820. Жұмыс сипаттамасы: қызылша өсіру шаруашылығында топырақты, тұқымды дайындау, тыңайтқыштарды дайындау және пайдалану, егу, егістікті күту, арамшөппен және зиянкестермен күресу, қызылшаны жинау, пысықтау, үю, сақтау, қызылшаны өткізуге дайындау жұмыстарын және қол еңбегі құралдарын, сондай-ақ электр моторлары мен іштен жану қозғалтқыштарының көмегімен жүретін механизмдер мен агрегаттарды пайдаланумен байланысты басқа да жұмыстарды орындау.

821. Білуге тиіс: қызылша өсіруге қойылатын агротехникалық талаптар, қызылша шаруашылығында қол еңбегі құралдарының, механизмдер мен агрегаттардың көмегімен орындалатын топырақты өңдеу; тыңайтқыштарды дайындау және пайдалану, тұқымды тазалау, оны өңдеу және егуге дайындау; егістікті күту жөніндегі жұмыстардың түрлері; өсімдіктерді зиянкестерден қорғау және арамшөппен күресу құралдары; қызылшаны жинау мерзімі, оны жетілдіру, үю тәсілдері және қызылшаны сақтаудың басқа да тәсілдері, оны сатуға дайындау.

## **67. Тұқым өсіруші.**

### **Параграф 1. Тұқым өсіруші.**

822. Жұмыс сипаттамасы: тұқым өсіру шаруашылығында топырақты, тұқымды дайындау, тыңайтқыштарды себу, егу, тұқым дақылдарын егу және егістікті күту, тұқымның жетілу мерзімін айқындау, тұқым дақылдарын жинау, тұқымның сапасын анықтау, оларды сақтауға және өткізуге дайындау жұмыстарын қарапайым еңбек құралдары, электр моторлары мен іштен жану қозғалтқыштарының көмегімен және басқа да энергия көздерінің көмегімен жүретін механизмдер мен агрегаттар арқылы орындау; қолданылатын машиналарды, механизмдер мен агрегаттарға техникалық қызмет көрсету, ақаулықтарын анықтау және жою.

823. Білуге тиіс: тұқым дақылдарын өсіруге қойылатын агротехникалық талаптар және өсіру ерекшеліктері; қарапайым еңбек құралдары, электр моторлары мен іштен жану қозғалтқыштарының көмегімен және басқа да энергия көздерінің көмегімен жүретін механизмдер мен агрегаттар арқылы тұқым дақылдарын өсіру, топырақты өңдеу, тыңайтқыштарды себу, тұқымдар мен тұқымдықтарды отырғызуға дайындау, өсімдіктерді отау, арамшөппен және зиянкестермен, дақылдардың ауруларымен күресу бойынша жұмыстардың түрлері, тұқымдықтарды іріктеп және тегіс жинау, тұқымдарды тазалау, сұрыптау, сақтауға дайындау және өткізу тәсілдері; өсірілетін дақылдар тұқымдарының сапасына қойылатын талаптар; тұқым шаруашылығында пайдаланылатын машиналарға, механизмдер мен агрегаттарға техникалық қызмет көрсету тәсілдері.

## **68. Темекі өсіруші.**

### **Параграф 1. Темекі өсіруші.**

824. Жұмыс сипаттамасы: қарапайым құралдарды, машиналар мен агрегаттарды пайдалана отырып, темекі шаруашылығында топырақты өңдеу, тыңайтқыштарды себу, тұқымды темекіден тазарту, оларды егуге дайындау жұмыстарын орындау; егісті өткізу, көшеттерді өсіру, оларды отырғызу, күту, арамшөптер мен аурулардан қорғау, жинау, жетілдіру, өнімді сапасы бойынша сұрыптау және өткізу.

825. Білуге тиіс: темекі мен махорканың әр түрлі сорттарын өсірудің агротехникасы ; темекі шаруашылығындағы механизмдер мен агрегаттарға қызмет көрсетумен байланысты топырақты өңдеу, тыңайтқыштарды себу, темекі тұқымдарын тазалау, оларды егуге дайындау, егу жөніндегі жұмыс түрлері, түрлі сортты темекі мен махорканың көшеттерін өсіру, темекі мен махорканың көшеттерін отырғызу, өсімдіктерді күту, отау, арамшөптер мен аурулардан қорғау, жинау, жетілдіру тәсілдері , өткізуге дайындау.

## **69. Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі.**

### **Параграф 1. Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі.**

826. Жұмыс сипаттамасы: егістік алқаптарында ауыл шаруашылығы жұмыстарын ( жер жырту, әртүрлі ауыл шаруашылығы және орман дақылдарын егу және отырғызу, қопсыту, тырмалау, топырақты нығыздау, органикалық және минералды тыңайтқыштарды себу, қопсыту, шөпті, сабанды жинау, бидай және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау) орындау кезінде; стационарлық жұмыстарды орындау кезінде (тұқымдарды тазалау, кептіру, сұрыптау, сүрлемді, пішендемені нығыздау, сабан мен сүрлемді кескішке қызмет көрсету); қырманда, фермада және басқа да өндірістік жағдайларда тасымалдағыштарға қызмет көрсету кезінде барлық тасымалдау жұмыстарын орындау кезінде (фермаларға жемді жеткізу және тарату, қорадан қиды шығару) агрегаттағы жетегі бар және аспалы машиналары мен құралдары бар тракторларды, бульдозерлерді, тиегіштерді, комбайндар мен басқа да өздігінен жүретін машиналарды басқару; өсімдік шаруашылығында, мал шаруашылығында, жем өндірісінде, жабық топырақта, көп жылдық егістерді күту бойынша, агро- және гидромелиорацияда және орман шаруашылығында оларға қойылатын агротехникалық және технологиялық талаптарға сәйкес ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау; тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарына ай сайын техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу, ақаулықтарды анықтау және оларды жою.

827. Білуге тиіс: тракторлар мен оларға агрегатталатын ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарының құрылысы; ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуге қойылатын агротехникалық және технологиялық талаптар; техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жүргізу ережесі; жетек және аспалы агрегаттарды жинақтау және оларды тасымалдау ережесі; жол жүру ережесі; машиналар мен агрегаттардың негізгі ақаулықтарының түрлері, оларды анықтау және жою тәсілдері; тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарының механизмдері мен тораптарын реттеу тәсілдері.

828. Кәсіптік орта білім талап етіледі.



## **70. Құлмақ өсіруші.**

### **Параграф 1. Құлмақ өсіруші.**

829. Жұмыс сипаттамасы: құлмақ шаруашылығында топырақты өңдеу, құлмақты отырғызу, өсімдіктерді күту, құлмақ шаруашылығында пайдаланатын машиналарға қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау; бұтау, өркендерді аспаға байлау, құлмақтың бүршіктерін жинау, бұталарын, сымдарын жинау; құлмақты кептіру, престеу, орау.

830. Білуге тиіс: құлмақ өсірудің агротехникасы, құлмақ отырғызу, құлмақ өсіретін жердегі қатарлардың арасындағы топырақты өңдеу, өркендерді аспаға байлау, құлмақтың басын түзету, негізгі тамыр бастарын ашу, құлмақты бұтау (артық өркендерін алып тастау) жұмыстарының түрлері; құлмақтың бүршіктерін жинау және сұрыптау тәсілдері, құлмақтың бұталарын жинау, аспалы сымды орау жұмыстары, құлмақты сұрыптау, престеу және орау тәсілдері.

## **71. Гүл өсіруші.**

### **Параграф 1. Гүл өсіруші.**

831. Жұмыс сипаттамасы: гүл шаруашылығында топырақты дайындау, тыңайтқыштарды себу, гүл дақылдарын отырғызу және егу, кесу мерзімін белгілей отырып, гүл дақылдарын күту; гүлдерді сұрыптау, гүлдерді тасымалдау және сатуға дайындау, гүл дақылдарының тұқымдарын жинау, түйіндерін, тамыр бастарын, баданаларын қазып алу және сақтау, бұталарды дайындау және сақтау жұмыстарын қарапайым құралдар мен механизмдердің көмегімен орындау, сондай-ақ іштен жану қозғалтқыштары мен басқа да энергия көздерінің көмегімен жұмыс істейтін машиналар мен механизмдерге қызмет көрсету.

832. Білуге тиіс: гүл дақылдарын өсірудің ерекшеліктері мен оларға қойылатын агротехникалық талаптар; топырақты дайындау, тыңайтқыштарды себу, тұқымдарды, түйіндерді, баданаларды отырғызу және егуге дайындау және отырғызылған, егілген гүл дақылдарын күту, арамшөптермен, зиянкестермен және гүлдердің ауруларымен күресу тәсілдері; тұқымдарды, түйіндерді, баданаларды, тамыр бастарын, гүл дақылдарының бұталарын жинау тәсілдері; гүл шаруашылығындағы жұмыстарды орындау жөніндегі машиналар мен механизмдерді қолдану және оларға қызмет көрсету.

833. Кәсіптік орта білім талап етіледі.

## **72. Шай өсіруші.**

### **Параграф 1. Шай өсіруші.**

834. Жұмыс сипаттамасы: шай шаруашылығында тұқымдарды егу, көшеттерді өсіру жұмыстарын орындау, егіс алқаптарын көшеттерді отырғызуға дайындау, шай бұталарын күту, оларды кесу және фумигациялау; шай жапырақтарын жинау, сұрыптау және шай жапырақтарын сатуға дайындау.

835. Білуге тиіс: шай бұталарын өсіру негіздері, топырақты дайындау, тұқымдарды егу тәсілдері, шай бұталарының көшеттерін отырғызу және өсіру; шай бұталарын күту жұмыстарының түрлері, аспаларды орнату, үш және төрт жылдық шай бұталарын қалыптастыру және кесу тәсілдері, аспадағы шай бұталарын ауыр, жартылай ауыр кесу тәсілдері; шай жапырақтарын жинау мерзімі мен тәсілдері, шай бұталарын фумигациялау, шай алқаптарын жөндеу (барлық жұмыс түрлерімен тұқымдарды егу, көшеттерді отырғызу).

### **73. Эфир-зәйтүн өсіруші.**

#### **Параграф 1. Эфир-зәйтүн өсіруші.**

836. Жұмыс сипаттамасы: эфир-зәйтүн және емдік дақылдарды (жалбыз, лаванда, шатыраш, раушан, кориандр, тмин, фенхель, қазоты және тағы басқа) өсіру жөніндегі жұмыстар кешенін орындау; егу немесе отырғызу алдында топырақты, тұқымды және отырғызу материалын дайындау; егу немесе отырғызу алдында, сондай-ақ өсімдіктердің вегетациясы кезінде тыңайтқыштарды дайындау және себу; тұқымдарды егу және көшеттер мен басқа да отырғызу материалдарын отырғызу; вегетация (отау, қопсыту, түптеу, бұталарды кесу, қалыптастыру, зиянкестермен және аурулармен күресу) кезінде өсімдіктерді күту; өнімді жинау, сұрыптау, жетілдіру және сақтауға немесе өткізуге дайындау; селекциялық көбейту үшін жоғары сапалы өсімдіктерді, тұқымдар мен отырғызу материалдарын сұрыптау; еңбек құралдарына, машиналар мен механизмдерге, агрегаттарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

837. Білуге тиіс: эфир-зәйтүн және емдік дақылдарды өсіру жөніндегі агротехникалық жұмыстар кешені; егу немесе отырғызу алдында топырақты, тыңайтқышты, тұқымды, отырғызу материалын және егістік алқабын дайындау; тұқым мен отырғызу материалын себу; вегетация (отау, қопсыту, түптеу, бұталарды кесу, қалыптастыру, зиянкестермен және аурулармен күресу) кезінде өсімдіктерді күту; өнімді жинау, сұрыптау, жетілдіру және сақтауға немесе өткізуге дайындау тәсілдері; селекциялық көбейту үшін жоғары сапалы өсімдіктерді, тұқымдар мен отырғызу материалдарын сұрыптау ережесі; жұмыста пайдаланылатын еңбек құралдарына, машиналар мен механизмдерге, агрегаттарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістері.

## **V бөлік**

### **20-бөлім. Мал шаруашылығындағы жұмыс.**

## **74. Сауыншы.**

### **Параграф 1. Сауыншы, 4-разряд.**

838. Жұмыс сипаттамасы: өнімділігі 3,5 мың килограмм (бұдан әрі – мың кг) сүтке дейінгі сиырларды қолмен сауу; биелерді, саулықтар мен ешкілерді қолмен сау; малдың желінін уқалау, жуу және сүт алудың жылдамдығы мен толықтығы мен сүттің тазалығына әсер ететін басқа да операцияларды орындау; малдың желінін күту жөніндегі ветеринарлық–санитарлық жұмыстарды жүргізу; жемазықты дайындау және таратып беру; малды, тұратын орны мен оттықтарын тазалау; сүт ыдыстарын жуу және тазалау; мал бағуды жақсарту, сүт өнімділігін арттыру мақсатында малды теңгермелі қоректік заттармен азықтандыру, жоғары сапалы сүт алу және бұзау басын көбейту жөніндегі іс–шараларды орындау; жануарларды жасанды ұрықтандыруға немесе шағылыстыруға дайындау; бұзаулайтын күні таяған сиырлар мен қашарларды белгілі бір мерзімде бұзаулау бөлімшесіне ауыстыру; жануарларды алдын ала емдеумен, жасанды ұрықтандырумен байланысты іс-шараларды жүргізу кезінде мал дәрігері қызметкерлеріне көмек көрсету; мал ауруының болдырмау жөніндегі алдын алу шараларын мал дәрігері қызметкерлерімен бірлесе отырып жүргізу; сүтті алғашқы өңдеу.

839. Білуге тиіс: малды сауу, азықтандыру, суару және күту ережесін; малдың сүт өнімділігін арттыру әдістері; таза сүт алудың кешенді шаралары; малдың күйлеуі белгілері; азықтандыру рационы, нормасы және азық берудің тәртібі; сиырлардың ақуызға, дәрумендер мен минеральдік заттарға деген мұқтаждығы; мал желінін күту қағидалары және жиі кездесетін желін аурулары; бруцеллездің, аусылдың және басқа да ауру белгілері; малдың буаз болуы мен бұзаулау мерзімінің жақындауы белгілері; малды бұзаулауға, құлындауға және сақманға жіберудің мерзімі мен әдістері; ауырған малға алғашқы көмек көрсету қағидалары; кейбір емдік және зарарсыздандырушы заттар туралы деректерді және оларды қолдану; қолдан ұрықтандыру техникасын және аналық малды дайындау қағидалары; сүттің өзіндік құнын түзетін шығындар мен оны төмендету жолдары; сүтті алғашқы өңдеу қағидалары. Өнімділігі жылына 3,5 мың кг жоғары сиырларды изоляторда сауу кезінде – 5-разряд.

### **Параграф 2. Сауыншы, 6-разряд.**

840. Жұмыс сипаттамасы: сиырларды бұзаулау бөлімшесінде қолмен сауу; малды азықтандыру және оларды күту жөніндегі басқа да жұмыстарды орындау; қашарларды жатықтырып сауу; жас қашарлардың сүт өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістерді қолдану; жаңа туған бұзауларды малдәрігерлік өңдеу; малдарға бұзаулаған кезде көмек көрсету; бұзаулайтын жердегі тазалықты қамтамасыз ету жұмыстарын орындау.

## **75. Малшы.**

### **Параграф 1. Малшы, 3-разряд.**

841. Білуге тиіс: жануарлар анатомиясы мен физиологиясы негіздері; желіннің құрылымы; сүт түзу және сүт беру физиологиясы; бұзаулау мерзімінің таянғаны белгілері мен жаңа туған бұзауды қабылдау қағидалары; бұзауларды малдәрігерлік өңдеу қағидалары; малды бұзаулағаннан кейін азықтандыру, күту қағидалары; қашарларды жатықтырып сауу және олардың сүт өнімділігін арттыру әдістері.

842. Жұмыс сипаттамасы: сауу алаңдарында сиырлар мен биелерді күту жөніндегі қосалқы жұмыстар; малды сауатын жерге апару; малды жайылымға шығару және әкелу; сүт флягалары мен басқа да ыдыстарды механикаландырылған немесе қолмен жуу, орынжайды жинау және зарарсыздандыру, халаттар мен қап тарасын жуу; малды фермада ұстаудың зоогигиеналық нормаларын сақтау; малдың сүт өнімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды және мал ауруларын болдырмау жөніндегі алдын алу іс-шараларын жүргізуге қатысу; малды өлшеу, қабылдау және айдап бару; малдың ұрықтандыруға бөлу, қадағалау, бұзаулатып алу және кезекшілік кезіндегі басқа да жұмыстарды орындау.

### **Параграф 2. Малшы, 4-разряд.**

843. Білуге тиіс: зоогигиена мен ветеринарияның негізгі талаптары; зарарсыздандыру және ертінді жасау тәсілдері; мал ауруларын болдырмау жөніндегі алдын алу іс-шараларын жүргізу қағидалары;

844. Жұмыс сипаттамасы: ірі қара малды байлап және бос ұстау кезінде семіртетін және жайылатын мал басын күту жөніндегі қол және ішінара механикаландырылған жұмыстар; малды интенсивті семірту, жоғары салмақ кондициясындағы төлді өсіру; малды азықтандыру, суару және бағу; қиды шығару және төсемді ауыстыру; орынжайды жинау, малды, орындары мен өтпе жолды тазарту; жемді жеткізу, дайындау және беру; жем торларын ауыстырып қою; жемазық қалдықтарын жинау және шөмелені түзету; мал аурулары мен мал шығынын болдырмау жөніндегі алдын алу іс-шараларын жүргізуге қатысу; бордақылаудан алынған малды өлшеу, көлікке тиеу және ет комбинатына жөнелту.

### **Параграф 3. Малшы, 5-разряд.**

845. Білуге тиіс: малды күту қағидалары; кең таралған мал ауруы түрлері және ауырған малға алғашқы жәрдем көрсету жолдары; малды жаюдың жолдары мен қағидалары; жем беру мен жайылымды пайдалану қағидалары; негізгі жемді және

олардың жемдік құндылығы; сиырлардың ақуызға, дәрумендер мен минеральдік заттарға деген мұқтаждығы; бордақылауға жем дайындау тәсілдері; малды интенсивті семірту, жоғары салмақ кондициясындағы төлді өсіру әдістері.

846. Жұмыс сипаттамасы: сауылатын малды, аналық мал басын мамандандырылған ет бағытындағы мал шаруашылығында, бұзаулармен бірге, профилакторлық және сүт кезеңіндегі ірі қара бұзауларын күту жөніндегі қол және ішінара механикаландырылған жұмыстар; сиырлардың сүт өнімділігін арттыру, бұзау басын көбейту және олардың сақталуын жақсарту жөніндегі іс-шараларды орындау; малды азықтандыру, суару және бағу; қиды шығару және төсемді ауыстыру; орынжайды жинау, малды, орныдары мен өтпе жолды тазарту; жемді жеткізу, дайындау және беру; бұзаулаған сиырларды қадағалау; бұзауды қабылдау және сиыр бұзаулаған кезде, малшыларға саууға көмектесу; сиырларды ұрықтандыруға әкелу; мал моционы мен серуендетуді жүргізу.

#### **Параграф 4. Малшы, 6-разряд.**

847. Білуге тиіс: сауын табынды мамандандырылған ет бағытындағы мал шаруашылығында, бұзаулармен бірге, профилакторлық және сүт кезеңіндегі ірі қара бұзауларын еметін бұзауларды, аналық сиырларды, бұзаулы сиырларды күтудің, ұстаудың, технологиясы мен прогрессивті әдістері; қызмет көрсететін мал басының өнімділігін арттыру әдістері; жоғары сапалы сүт алу қағидалары; бұзаудың жыныстық жетілу мерзімі; шағылыстыру және ұрықтандыру мерзімі; буаз сиырлар мен қашарларды күту қағидалары; бұзауды туғызып алу қағидалары; жас төлді түрлі типтегі орынжайларда күту және өсіру ерекшеліктері; малдың ауруын болдырмау жөніндегі алдын алу шаралары; бұзауларды топқа жинау кезіндегі негізгі зоотехникалық талаптарды антибиотиктер мен микроэлементтерді қолдану қағидалары; қызмет көрсететін механизмдер мен жабдықтың құрылымы мен пайдалану қағидалары.

848. Жұмыс сипаттамасы: бұқаларды күтіп бағу жөніндегі қол және ішінара механикаландырылған жұмыстар; малды азықтандыру, суару және тазалау; мал аурулары мен мал шығынын болдырмау жөніндегі алдын алу іс-шараларын жүргізу; ветөңдеуге қатысу; малды байлау және босату, серуендеуге шығару; бұқадан тұқым алу кезінде операторға көмек көрсету.

#### **76. Жұмыс малын күту жөніндегі малшы.**

##### **Параграф 1. Жұмыс малын күту жөніндегі малшы, 4-разряд.**

849. Білуге тиіс: бұқалардың анатомиясы мен физиологиясы, оларды бағу және азықтандыру технологиясы; азықтандырудың нормасы мен тәртібі; жыныстық жетілу белгілері; сапалы тұқым алуға ықпал етуші жағдайлар.

850. Жұмыс сипаттамасы: жұмыс өгіздерін, түйелерді, есектерді, және олардың төлін бағу, суару және азықтандыру; жұмыс малының төлін жұмысқа үйрету; төсемді,

ауыстыру, малдарды, оларды ұсату алаңдарын тазарту және басқа да жұмыстар; зооветеринарлық іс-шараларға қатысу; шұбат дайындау.

#### **Параграф 2. Жұмыс малын күту жөніндегі малшы, 4-разряд.**

851. Білуге тиіс: жұмыс малын күтіп бағудың зоотехникалық және ветеринарлық қағидалар; азықтандыру нормасы мен тәртібі; көлік жабдығын пайдалану қағидалары; шұбат дайындау технологиясы.

852. Жұмыс сипаттамасы: ботасы еметін аруаналар мен боталарды бағу, суару және азықтандыру; боталайтын аруаналарға көмектесу; ботаны туғызып алу және алғашқы алдын ала өңдеу; ботаны емуге, минеральды азыққа және жайылымға үйрету; аруанының желінін өңдеу; артық сүтті сауып алу; түйені қолмен және механикаландырылған сауу; төл орнын тазалау және жинау; түйені қолмен және механикаландырылған қырқу; мал басының жалпы физиологиялық жай-күйін қадағалау; мал ауырған жағдайда, ветеринар маманға айту және емдеуге көмек көрсету; түйелерді зарарсыздандыру камераларынан өткізу.

#### **77. Жокей.**

#### **Параграф 1. Шабандоз, 5-разряд.**

853. Білуге тиіс: ботасы еметін аруаналарды бағу, суару және азықтандырудың зоотехникалық және ветеринарлық қағидалары мен аруаналарды боталағаннан кейін күту ерекшеліктері; азықтандыру нормалары; малдың ақуызға, дәрумендер мен минеральдік заттарға деген мұқтаждығы; мал ауырған немесе боталаған кезде көмек көрсету, жаңа туған ботаны күту қағидалары; сауу қағидалары және сауу аппараттарын пайдалану қағидалары; қолданылатын қырқу машиналарының құрылымы; түйелерді зарарсыздандыру камераларынан өткізу қағидалары; түйелермен жұмыс кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидалары.

854. Жұмыс сипаттамасы: аттарды біліктілігі анағұрлым жоғары жокейдің басшылығымен салт мініп үйрету; аттарды шеңбер және түйіспе жол бойында шылбырмен, ауыздықпен басқаруға жаттықтыру; аттарды сынауға қатысу; атбегілердің жаттықтыратын жылқыны күту, баптау жұмыстарын бақылау; ат әбзелдерін техникалық күтіп ұстау және оны жұмысқа дайындау; жылқының бұлшық еттері мен сіңірлі байлам аппаратын массаждау, жақпа жағу, компресс қою және басқа да жұмыстар; жемді және ветеринар дәрігер мен зоотехниктің арнаулы рецепті бойынша қосымша жемазық дайындау; қызмет көрсететін персонал жұмысының табелін, тағалау және фураж ведомостарын жүргізу.

#### **Параграф 2. Жокей, 6-разряд.**

855. Білуге тиіс: анатомия, физиология және зоогигиена негіздері; аттарды азықтандыру, күту және оларды тренинг жағдайында ұстау қағидалары; алғашқы ветеринарлық көмек көрсету қағидалары; аттарды жаттықтыру және сынау кезінде қолданылатын құралдарды, арнаулы жабдықтарды пайдалану қағидалары; аттарды жаттықтыру және сынау жөніндегі қағидалар, нұсқаулық және кеңестер; жылқының дене температурасы, демалысы, қан соғуы пульса мен физиологиялық жай-күйін бақылаудың негізгі тәсілдері; жаттықтыратын аттың мускулатурасы; жылқыны мініп үйрету қағидалары.

856. Жұмыс сипаттамасы: аттарды салт мініп үйрету; жас жылқыны жаттықтыруға және сынауға тікелей қатысу; аттарды сынау мен жарыстарға жаттықтырушының басшылығымен дайындау; жылқы жарысын, сынауларды және алып шығуды ұйымдастыру; аттарды дайындау және аукционда көрсету; аттарды ветөңдеуге, бонитировкаға, сату кезінде бағалауға алып шығу, сынауға қатысу; атқораның, жаттықтыру құралдарының жай-күйі мен жарамдылығын, бекітілген орынжай мен аумақтың санитариялық жағдайын қадағалау; жаттығу нәтижелері бойынша бақылау жұмыстарын жүргізу; қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы іс-шаралар қағидаларының сақталуын бақылау; жылқыны бағу, азықтандыру, күту және тағалауды бақылау.

## **78. Аң өсіруші.**

### **Параграф 1. Аң өсіруші, 5-разряд.**

857. Білуге тиіс: жылқыны тағалау, жаттықтыру және сынау қағидалары; жүктеме режимі мен дозасы; зауыттағы сынаулардағы жарыстар мен алып шығуларды дайындау, ұйымдастыру және өткізу қағидалары.

858. Жұмыс сипаттамасы: пайдалану фермаларында аңдарды күтіп бағу; оларды азықтандыру және суару; орынжайды, кілеттерді, үйшіктерді, жабдықтар мен құралдарды тазалау, жуу және зарарсыздандыру, төсемді ауыстыру; аңдарды ұсатуды жақсарту, терінің сапасын жақсарту мақсатында жемазық сапасы бойынша теңгермелі азықтандыру жөніндегі іс-шараларды орындау; аңдардың денсаулық жағдайын қадағалау және оларға алғашқы көмек көрсету; ұрғашы аңды еркектеріне жағыстыру және шағылыстыру жөніндегі басқа да жұмыстар; күшіктеу кезінде көмек көрсету; төлдерін аналықтан бөлу, өлшеу, таңбалау және күту; зооветеринарлық іс-шараларға қатысу.

### **Параграф 2. Аң өсіруші, 6-разряд.**

859. Білуге тиіс: аңдарды күтіп бағу, азықтандыру қағидалары; азықтандырудың сапасы мен нормасы; қызмет көрсететін аңдардың қоректік заттарға мұқтаждығы; өз бөлімшесіндегі аңдардың жеке ерекшеліктері; фермадағы өндірістік циклдар;

шағылыстыруды дайындау және өткізу техникасы; негізгі топ аналықтары мен аталықтарын ұстаудың, азықтандыру және күтудің ерекшеліктері; төлді алу және сақтау шарттары; жас төлді азықтандыру және күтудің ерекшеліктері.

860. Жұмыс сипаттамасы: асыл тұқымды аң фермаларында аңдарды күтіп бағу; аңдардың тұқымын асылдандыру сапасын жақсарту мақсатында жемазық сапасы бойынша теңгермелің азықтандыру жөніндегі іс-шараларды орындау; аңдарды асыл тұқымға іріктеуге, бонитировкалауға, аңдарды жұптауға іріктеуге, асыл тұқымды аң өсіру ісі жөніндегі құжаттамаға жазба жазуға қатысу; аң терісінің іріктеп союға жетілгенін анықтау; басқа шаруашылықтарға сату үшін аң топтарын (селекциялық топтарды) жиынтықтау.

## **79. Жылқышы.**

### **Параграф 1. Жылқышы 3-разряд.**

861. Білуге тиіс: қымбат терілі, ұстауда өсірілетін аңдардың анатомиялық-физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері; асыл тұқымды аң фермаларында жылдың әртүрлі кезеңінде аңдарды күтіп бағу және азықтандыру жүйесі; аңдарды қамауда өсіру техникасы; асыл тұқымды аңдарды іріктеу техникасы; аң ауруларын, олардың алдын алу және олармен күресу шаралары; ауырған аңға көмек көрсетудің негізгі жолдары; аң терісінің тауарлы сапасы, тері ақаулары, олардың болу себептері мен алдын алу шаралары; асыл тұқымды аң төлін өсіру ерекшеліктері.

862. Жұмыс сипаттамасы: жылқыны түнгі уақытта бағу жұмыстарын орындау: жылқыны азықтандыру және суару; құлындаған кезде биелерге алғашқы көмек көрсету; жылқы ауруының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу; атқоралардағы түнгі уақытта белгіленген тәртіпті сақтау.

### **Параграф 2. Жылқышы, 4-разряд.**

863. Білуге тиіс: зоогигиена мен ветеринарияның негізгі талаптары; жылқыны азықтандыру және суару тәсілдері; мал ауруының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидалары биелердің күйін анықтау және шағылыстыруды жүргізу қағидалары.

864. Жұмыс сипаттамасы: жұмыс жылқысын, бордақылаудағы малды, сауылатын биелерді, құлындар мен төлдерді жұмысшы-пайдалану фермасында бағу жұмыстарын орындау; шөп шабу, жемазық дайындау және оны жеткізу; жылқыны азықтандыру, суару және тазалау; жұмыс және өнім беретін жылқы табынын бағу; малды шағылыстыруға, жасанды ұрықтандыруға және құлындатуға дайындау; биелерді шағылыстыруға дайындау; жылқының тұяқтарын тазалау және жуу, құйрығы мен жалын күзеу; құлындаған кезде биелерге алғашқы көмек көрсету; жас төлді өсіру, орынжайды тазалау, төсемді ауыстыру және шығару; зооветеринарлық және алдын алу



шараларын, атқораны, қосалқы орынжайларды, суаратын орынды, ат әбзелдерін ұсақ жөндеу; аттар мен әбзелдерді жұмысқа беру және жұмыстан кейін қабылдап алу.

### **Параграф 3. Жылқышы, 5-разряд.**

865. Білуге тиіс: жылқының анатомиясы, физиологиясы мен зоогигиенасы негіздері; жылқыны азықтандыру және суару қағидалары; жемазықтың негізгі түрлері және олардың қоректік құндылығы; автосуарғыштың, көлік инвентарының, әбзелдердің құрылымы мен пайдалану қағидалары; құлындаған кезде биелерге алғашқы көмек көрсету қағидалары; жыныстың жетілу мерзімі; шағылыстыруға жасанды ұрықтандыруға және құлындатуға дайындауды жүргізу қағидалары; жас төлді өсіру тәсілдері.

866. Жұмыс сипаттамасы: жылқы зауыттарында, мемлекеттік атқораларда, мемлекеттік асыл тұқымды жылқы өсіру стансаларында, ипподромдар мен асыл тұқымды жылқы өсіру фермаларында асыл тұқымды биелер мен құлындарды, пайдалану фермаларында жаттықтырылатын аттар мен аталық жылқыларды бағу жұмыстарын орындау; жылқыны азықтандыру, суару және тазалау; жас малды жем жеуге, ауыздықтауға және әбзелге үйрету; жылқыларды жаттығулардан кейін жетектеп жүру; ауырған кезде малға алғашқы көмек көрсету және бонитировкалау, таңбалау, өлшем алу, емдеу және алдын алу мен басқа да іс-шаралар кезінде мамандарға көмек көрсету; жорға және мініс аттарын жегу және ерттеу.

### **Параграф 4. Жылқышы 6-разряд.**

867. Білуге тиіс: асыл тұқымды жылқы төлін өсіру және бағы негіздері; қысыр, құлынды және емізетін биелерді ұстау технологиясы; жылқыны жаттықтыру жөніндегі нұқсаулықтар мен кеңестер; жаттығу және көлік әбзелдері мен жылқыны тазалауға арналған пневматикалық құралдардың құрылымы мен пайдалану қағидалары; табын және үйірді іріктеу қағидалары; асыл тұқымды өсіру мен зоотехникалық алғашқы есепті жүргізу қағидалары.

868. Жұмыс сипаттамасы: асыл тұқымды айғырларды бағу жұмыстарын орындау; жылқыны азықтандыру, суару және тазалау, ертоқыммен, жегулі және механикалық жетекпен жүргізу моционын; жылқыны жеңіл жұмысқа пайдалану; жас малды жем жеуге, ауыздықтауға және әбзелге үйрету; жылқыларды жаттығулардан кейін жетектеп жүру; ауырған кезде малға алғашқы көмек көрсету және бонитировкалау, таңбалау, өлшем алу, емдеу және алдын алу мен басқа да іс-шаралар кезінде мамандарға көмек көрсету.

## **80. Пантыларды консервілеуші.**

### **Параграф 1. Пантыларды консервілеуші, 4-разряд.**

869. Білуге тиіс: азықтандыру қағидалары; асыл тұқымды айғырларды өсіру және бағу технологиясы; анатомия мен физиология негіздері; механикалық жетек құрылымы мен пайдалану негіздері; жылқыны жаттықтыру жөніндегі нұқсаулықтар мен кеңестер; жаттығу және көлік әбзелдері мен жылқыны тазалауға арналған пневматикалық құрылдардың құрылымы мен механикалық жетектегішті пайдалану; атты ертоқыммен және экипажда басқару қағидалары.

870. Жұмыс сипаттамасы: пантыларды қабылдап алу және чандарда, автоклавтарда ыстық суға бірнеше рет батыру және желмен кептіруге ілу жолымен консервілеу; пантыларды бірнеше мәрте қайнату және желмен кептіруге жұмыстарын жүргізу; қосалқы өнімді өңдеу және консервілеу.

## **81. Қоян өсіруші.**

### **Параграф 1. Қоян өсіруші, 4-разряд.**

871. Білуге тиіс: қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы; пантылар мен қосалқы өнімді дайындау, сұрыптау және консервілеу технологиясы; пантыларды қайнату және кептіру қағидалары мен тәсілдері.

872. Жұмыс сипаттамасы: өндірістік табындағы және бордақыдағы қояндарды күтіп бағу; суару, азықтандыру, кілеттерді тазалау және қиды шығару; орынжайды, кілеттер мен құралдарды зарарсыздандыру, түбітін тарау; ұрғашы қояндарды аталықтарына жіберу; шағылыстыру, аналықтарды, аталықтарды және төлді трафареттеу жөніндегі алғашқы нысандарды толтыру; төлдерді таңбалау; жануарлардың денсаулық жағдайын қадағалау және оларға емдеуде көмек көрсету; қояндардың ауруы мен шығын болуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу; қояндарды өлшеу, сою пунктіне тапсыру.

### **Параграф 2. Қоян өсіруші, 5-разряд.**

873. Білуге тиіс: қояндарды күтіп бағу, суару, азықтандыру қағидалары; азықтандыру нормалары, олардың қоректік заттарға мұқтаждығы; негізгі табын мен бордақылау топтарын жиынтықтау қағидалары; шағылыстырудың мерзімі мен өткізу қағидалары; қояндар ауырған кезде алғашқы көмек көрсету қағидалары; қояндарды сою пунктіне тапсыру мен құжаттаманы толтыру тәртібі.

874. Жұмыс сипаттамасы: асыл тұқымды қоян өсіру фермалары мен қоян өсіру кешендерінде қояндарды күтіп бағу; суару, азықтандыру, кілеттерді тазалау және қиды шығару; қояндардың тұқымын асылдандыру жөніндегі іс-шараларды орындау; жасы, жынысы және дамуына қарай топтарды іріктеу; негізгі табынды браққа шығару және бордақылау топтарын жиынтықтау; аналықтарды шағылыстыру, ұя дайындау және

аналықтарды тууға дайындау, көжектерді қабылдап алу, төлді бөлу және өсіру; асыл тұқымды топты (селекциялық топты) және басқа шаруашылықтарға сату үшін қоян топтарын жиынтықтау.

## **82. Қымыз дайындаушы.**

### **Параграф 1. Қымыз дайындаушы, 3-разряд.**

875. Білуге тиіс: қояндардың анатомиясы, физиологиясы, зоогигиенасы негіздері; оларды азықтандыру және өсіру қағидалары; жұптарды іріктеу техникасы; аналықтарды шағылыстыру, ұя дайындау және тууға дайындау қағидалары; аналық және асыл тұқымды қоян басы мен жас төлдерді күту және ұстау техникасы, есепке алу

876. Жұмыс сипаттамасы: қымызды дайындау үшін дайындық жұмыстарын жүргізу; сүтті алғашқы өңдеу, ашытқыны араластыру, бөтелкелерді жабу; жуу және зарарсыздандыру заттарын берілген рецепт бойынша жасау; ыдыс пен сүтті алғашқы өңдеуге қолданылатын жабдықты жуу және зарарсыздандыру; сүтті қабылдау және есебін алу.

### **Параграф 2. Қымыз дайындаушы, 4-разряд.**

877. Білуге тиіс: ферма жанындағы сүт зертханасының құрылымы мен жабдығы; сүт өнімін өндіруге арналған шикізат ретінде сүтке қойылатын Мемстандарт талаптары, сүтті алғашқы өңдеу технологиясы; сүтті алғашқы өңдеуге қолданылатын жабдықтың құрылымы және қызмет көрсету қағидалары; сүтті қабылдау және алғашқы өңдеу кезіндегі есепке алу және есептілік қағидалары.

878. Жұмыс сипаттамасы: қымызды дайындау процесін жүргізу; сүтті химиялық талдау; ашытқы әзірлеу және сүтті ашыту; қымызды машина тәсілімен дайындау, бөліп құю, суыту.

## **83. Жібек құртын әзірлеу жөніндегі зертханашы.**

### **Параграф 1. Жібек құртын әзірлеу жөніндегі зертханашы, 2-разряд.**

879. Білуге тиіс: сүттік құрамы мен физикалық-химиялық қасиеттері; сүтті химиялық талдау кезінде қолданылатын реактивтердің қасиеттері; сүт ақауы, оның алдын алу шаралары мен жою тәсілдері; сүтті химиялық талдау әдістері; микробиология негіздері және қымызды Мемстандарт талаптарына сәйкес дайындау технологиясы.

880. Жұмыс сипаттамасы: персе піллесін кілеттер мен изолятордан түсіріп алу, персені сұрыптау, қанар қаптарға салып преске апару; сынама әзірлеу және талдау; пестик салынған ступкаларды, жабынды және заттық шыныларды жуу; жібек құртын

жуу, кептіру, желге ұшыру және бөліп салу; жібек құртын тазалау: желімдеуші қабатын эмульсияланған қапшықтар мен табалардан қырып алу; эмульсияланған қағазды дайындау және қапшықтарды тігу; піллә партияларын біріктіру және кілеттерге, стеллаждарға салу, түсіру, қаптарға толтыру; жібек құртын сақтау қоймасының температурасын, ылғалдылығын тіркеу; жібек құртын қысқы сақтау; көбелекті қапшықтарды тізу, оларды ілу, түсіріп алу және грен салмаларын сұрыптау.

## **Параграф 2. Жібек құртын әзірлеу жөніндегі зертханашы, 3-разряд.**

881. Білуге тиіс: жібек құртын жуу мен кептіру технологиясы; сынама әзірлеу және талдау тәсілдері; зертхана жабдығымен жұмыс істеу қағидалары.

882. Жұмыс сипаттамасы: көбелектерді жұптастыру, айыру және оларды изолятор мен қапшықтарға салу; пілләні тесіп қуыршақтарды алу, оларды сүрту; препараттарды микроскопиялауға дайындау; препараттарды микроскопиялау; көбелектерді бөлшекке бөлу, ступкаларға салу, механикалық сүрту; өндірістік бақылау; жібекшілерден пілләне сұрыптары бойынша қабылдап алу, оларды асыл тұқымды және аралас сұрыпқа бөлу; аппараттарда асыл тұқымды піллә партиясының жынысын айыру; жібек құрты үлгілерін іріктеу; персе пілләсін механикалық престерде, экспортқа арналған киптерді салып, таңбалай отырып престеу; пілләні сыдырғыш машинада тазалау.

## **Параграф 3. Жібек құртын әзірлеу жөніндегі зертханашы, 4-разряд.**

883. Білуге тиіс: қуыршақтарды алдын ала зерттеу жүргізу тәсілдерін және микроталдау әдістері; пілләні сұрыптау және олардың жынысын анықтау қағидалары мен әдістері.

884. Жұмыс сипаттамасы: пілләнің сұрыптық құрамын анықтау және қуыршақтарды алдын ала зерттеу.

## **Параграф 4. Жібек құртын әзірлеу жөніндегі зертханашы, 5-разряд.**

885. Білуге тиіс: тұт жібекшісі биологиясы негіздері; үлгі іріктеу және оларды талдауға дайындау тәртібі.

886. Жұмыс сипаттамасы: жазғы бағыттағы жібек құртын тұз қышқылы ертіндісінде өңдеу.

## **84. Шабандоз.**

### **Параграф 1. Шабандоз, 5-разряд.**

887. Білуге тиіс: тұз қышқылымен өңдеу технологиясы, өңдеу экспозициясы; жұмыс және титрлендірілген ертінді жасау тәсілдері.

888. Жұмыс сипаттамасы: экипажға жегілген аттарды айдау, оларды біліктілігі анағұрлым жоғары ат айдаушының басшылығымен жаттықтыру; жылқышылардың

жылқыны күту, бағу және азықтандыру жұмыстарын бақылау; қоймадан инвентарь, жем және төсемді алып жылқышыларға беру; трен-бөлімше, тағалау, және жемазық ведомостары қызметкерлерінің жұмыс табелін жүргізу; қоймадан дәрі-дәрмектерді алу және оларды сақтау, ветеринар дәрігерінің нұсқауы бойынша пайдалану; жаттығу экипаждары мен әбзелдерін жұмыс жағдайында ұстау.

## **Параграф 2. Шабандоз, 6-разряд.**

889. Жұмыс сипаттамасы: экипажға жегілген аттарды айдау; аттарды жаттықтыру жоспарын жасау; жаттығуларды ұйымдастыру және солардың нәтижелері бойынша бақылау жұмыстарын жүргізу; жылқыны азықтандырудың, күтудің және ұстаудың ветеринариялық-зоотехникалық ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету; жылқының денсаулығы мен жай-күйін қадағалау; жылқыларды сынауға, жаттығуға дайындау және оларды өткізу; жылқыны аукционға дайындау және сонда көрсету; жылқының жұмыс есебін жүргізу; жылқыны ветеринарлық өңдеуге, бонитировкаға және сату кезінде бағалауға алып шығу; атқораның, жаттықтыру құралдарының жай-күйі мен жарамдылығын, бекітілген орынжай мен аумақтың санитарлық жағдайын қадағалау; қауіпсіздік

890. Білуге тиіс: анатомия, физиология, зоогигиена негіздерін; жемазық рациондарын жасау қағидалары; жем түрлерінің жемдік құндылығын; аттарды олардың атқаратын жұмысы мен жасына қарай азықтандыру қағидалары мен техникасы; алғашқы ветеринариялық көмек көрсету қағидалары; экипаждар мен әбзелдердің, қорғану айлабұйымдарының құрылымы; аттар тренингінің олардың жасына қарай негізгі әдістері; экипаж түрлерін және оларды құрастыру мен атты жегу қағидалары; желісті аттарды жүгірту, жаттықтыру және сынау қағидалары.

## **85. Тері өңдеуші.**

### **Параграф 1. Тері өңдеуші, 3-разряд.**

891. Білуге тиіс: аттарды жаттықтырудың ай сайынғы жоспарын жасау қағидалары; жаттығу жұмысын есепке алу тәсілдері; жылқыларды зауыттардағы сынауға, жаттығуға дайындау және оларды өткізу қағидалары; аттарды тағалау қағидалары.

892. Жұмыс сипаттамасы: ірі қара малдың, жылқының, қойдың, ешкі мен қоян ұшасынан теріні қолмен айлабұйымдарды пайдалана отырып түсіруді жүргізу; теріні қолмен немесе майсыздандыру станоктарының көмегімен майсыздандыру; теріні өңдеу және консервациялауды жүргізу.

### **Параграф 2. Тері өңдеуші, 4-разряд.**

893. Білуге тиіс: түрлі жануарлар терілерінің қыл жабыны мен тері тінінің топографиясы мен құрылымы; жануарлардың өңделмеген терілерінің мемстандарттары

; жануарлардың терілерін алғашқы өңдеу нұсқаулығы; терілерді алғашқы өңдеу цехында өндіріс кезіндегі қауіпсіздік техникасы мен санитариялық қағидалары.

894. Жұмыс сипаттамасы: аң терісін және қаракөл қозылардың терісін қолмен айлабұйымдарды пайдалана отырып немесе теріні түсіру станоктарының көмегімен түсіруді жүргізу; теріні қолмен немесе майсыздандыру станоктарының көмегімен майсыздандыру; теріні ет кесіндісінен және шел майынан қолмен немесе таптауыш барабанда тазарту; қаракөл қозылардың терісін тұздау, кептіру және тұздан, қоспадан, ластан қолмен немесе механизмдердің көмегімен тазарту; ұлтабарды өңдеу; аң терілерін тиісті типтегі және мөлшердегі түзегіштерде түзеу; аң терілерін кептіру камераларында, барабандарда өңдеу; тарау, ақауларын кетіру, қолмен немесе механизмдердің көмегімен тазарту; аң терілерін қайталап түзеу және өңдеу.

## **86. Бұғы өсіруші.**

### **Параграф 1. Бұғы өсіруші 3-разряд.**

895. Білуге тиіс: түрлі аң және қаракөл қозылар терілерінің қыл жабыны мен тері тінінің топографиясы мен құрылымы; түрлі аң және қаракөл қозылардың өңделмеген терілерінің МЕМстандарттары; түрлі аң және қаракөл қозылар жануарлардың терілерін алғашқы өңдеу жөніндегі қолданысағы нұсқаулықтар мен кеңестер; терілерді алғашқы өңдеу цехында өндіріс кезіндегі қауіпсіздік техникасы мен санитариялық қағидалары.

896. Жұмыс сипаттамасы: бұғы өсіру бригадасы мүшелеріне қызмет көрсету; тамақ пісіру, киім мен аяқ киімді жөндеу, шаңғыны тері қабатымен көмкеру, ұшаны түсіру және мүшелеу, отын мен мұз дайындау, мекенжайды жинау, жылжымалы үйді көшіп қонуға дайындау, оны орнату және басқа да жұмыстар.

### **Параграф 2. Бұғы өсіруші, 4-разряд.**

897. Білуге тиіс: тамақ пісіру негіздері; тамақ пен инвентарды сақтау қағидалары; киім мен аяқ киімді жөндеу, ұшаны түсіру және мүшелеу қағидалары; жылжымалы үйді күту, бөлшектеу және орнату тәртібі; отын мен мұз дайындау тәсілдері.

898. Жұмыс сипаттамасы: бұғыларды бағу, азықтандыру, суару және біліктілігі анағұрлым жоғары бұғы өсірушінің басшылығымен зооветеринарлық іс-шараларды жүргізуге қатысу; табыннан ажыраған немесе парктен шығып кеткен бұғыларды ұстау; жетекші және қосалқы бұғыларды жұмысқа және жүкпен жүруге үйрету; бұғы қайыратын иттерді үйрету; табынды жыртқыштардан қорғау; жыртқыштарды атып алу; тері киім мен аяқ киімді тігу.

### **Параграф 3. Бұғы өсіруші, 5-разряд.**

899. Білуге тиіс: бұғыларды бағу және зооветеринарлық іс-шараларды орындау техникасы негіздері; бұғыларды, иттерді ұстап алу және үйрету әдістері; анатомия,

физиология, зоогигиена, аурулар жөніндегі қарапайым деректерді, оларды емдеу және алдын алу шаралары; табынды жыртқыштардан қорғау тәсілдері; жем мен жайылым сипаттамалары; малды асылдандыру жұмысы негіздері; жеке гигиенаны, өндірістік санитария және өртке қарсы іс-шаралары.

900. Жұмыс сипаттамасы: бұғыларды бағу, азықтандыру, суару және шағылыстыру мен бұзаулауды, пантыларды кесуді жүргізу; бұғыларды ұсату және сою; бұғыны қосымша және интенсивті жемдеу; жайылу маусымы мен нақты ауа райын жағдайларын ескере отырып жайылым таңдау; мал басын көбейту іс-шараларын орындау; шағын габаритті, жылжымалы радиостансалар мен бұғыны бағумен байланысты вездеходтармен жұмыс істеу.

## **87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы.**

### **Параграф 1. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 2-разряд.**

901. Білуге тиіс: бұғыларды бағу және зооветеринарлық іс-шараларды орындау техникасы негіздері; бұғыларды, иттерді ұстап алу және үйрету әдістері; анатомия, физиология, зоогигиена, аурулар жөніндегі қарапайым деректерді, оларды емдеу және алдын алу шаралары; жемнің, жайылымның типтері мен сипаттамалары, оларды ұтымды пайдалану, бұғыларды жаю, қосымша азықтандыру және бордақылау қағидалары; бұғылардың қоректік заттарға мұқтаждығы; бұғы өсіру және тұқымын асылдандыру негіздері; бұғыны сою және алғашқы өндеу технологиясы; пантыларды дұрыс кесу және консервілеу қағидалары; көліктік бұғыларды пайдалану қағидалары мен техникасы; шағын габаритті, жылжымалы радиостансалар мен бұғыны бағумен байланысты вездеходтар туралы жалпы деректер; қауіпсіздік техникасы, жеке гигиена, өндірістік санитария, өртке қарсы іс-шаралар; бұғы өсірудегі озық тәжірибе.

902. Жұмыс сипаттамасы: ірі қара мал мен жылқыларды қабылдап алу және және кезекшілік кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда малды сою; ауру малдарды азықтандыру және суару; механизмдердің жұмысын қадағалау; жарамсыз механизмдерді жөндеу үшін кезекші слесарді немесе электромонтерді шақыру.

### **Параграф 2. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 4-разряд.**

903. Білуге тиіс: өндірістік процестерді механикаландыру кезінде малды ұстау жағдайларына қойылатын негізгі талаптар; механикаландырылған жабдықтарды техникалық пайдалану қағидалары; аурулардың неғұрлым кең тараған түрлері және ауырған малға алғашқы жәрдем көрсетудің негізгі жолдары.

904. Жұмыс сипаттамасы: ірі қара мал мен жылқының бордақылаудағы және шағыстыруға дайындалатын мал басын күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; малды интенсивті бордақылауды, жоғары салмақ кондициясындағы төлдерді өсіруді жүргізу; малды азықтандыру, суару, жаю, тазалау, жемді әкелу және таратып бөлу; қиды шығару, төсемді ауыстыру, орынжайларды, өтпелерді жинау; қолданылатын механизмдердің жұмысын бақылау; қызмет көрсететін жабдыққа техникалық күтіп баптау, реттеу және күрделі емес ақауларын жою; ауырған малға алғашқы ветеринарлық көмек көрсету; малды қабылдап алу, өлшеу және айдап бару; орынжайларды зарарсыздандыру.

### **Параграф 3. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 5-разряд.**

905. Білуге тиіс: механикаландыру жағдайында малды күту қағидалары; интенсивті бордақылау, жоғары салмақ кондициясындағы төлдерді өсіру әдістері; механикаландырылған жабдықтардың құрылымын және оларды техникалық пайдалану қағидалары; аурулардың неғұрлым кең тараған түрлері және ауырған малға алғашқы жәрдем көрсетудің негізгі жолдары; малды жаюдың тәсілі мен қағидалары; шабындықты дұрыс берудің тәртібі мен нормасы және жайылымды пайдалану қағидалары; негізгі жемазықтарды және олардың жемдік құндылығы; жемазықты малды азықтандыруға дайындау тәсілдері; малдың ақуызға, дәрумендер мен минералдық заттарға мұқтаждығы; зарарсыздандыру қондырғыларының құрылымы.

906. Жұмыс сипаттамасы: кешендер мен механикаландырылған фермалардағы сауын сиырларды, етті мал шаруашылығындағы аналық мал басын, механикаландырылған фермалардағы бұзаулы сиырларды, жас төлді, 4–6 айлық профилакторлық және сүт еметін кезеңдегі бұзауларды күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; сиырлардың сүттілігін арттыру, бұзау алу және олардың сақталуын жақсарту, малды теңгерімді қоректік жемазықпен қоректендіру жөніндегі іс-шараларды орындау; малды азықтандыру, суару, жаю, тазалау; сиырларды секциялардан сауу қондырғыларына әкелу; малды сауу қондырғыларынан әкету; сиырлардың секцияларды дұрыс орналасуын бақылау; ауру сиырларды анықтау және сұрыптау; ірі қара мал мен жылқыны мал өсіру кешендері мен бордақылау алаңдарында бордақылау; сиырларды қолжан ұрықтандыру пункттеріне айдап әкелуге және сиыр қораға қайта айдап әкетуге көмектесу; бұзауларға асыраушы сиырды іріктеу; малды ветеринарлық өңдеуге және емдеуге көмектесу, буаз сиырларды қадағалау; бұзауларды қабылдап алу және сиыр бұзаулаған кезде малшылардың саууына көмек көрсету; мал моциондары мен серуендерін жүргізу.

### **Параграф 4. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 6-разряд.**



907. Білуге тиіс: фермаларда қолданылатын механизмдердің құрылымы; механизмдерді күн сайын және кезеңдік техникалық баптау жүргізудің тәртібі; сауын және бордақыланатын табынды, сауын сиырлар мен бұзауларды жазғы және қысқы уақытта бағудың негізгі талаптары мен прогрессивті әдістері; жоғары сапалы сүт алудың, бұзаулаған және жаңа бұзаулаған сиырларды күтіп бағу қағидалары; сиырды бұзаулату қағидалары; жас төлді түрлі типтегі орынжайларда ұстау және бағу технологиясының ерекшеліктері; қызмет көрсететін мал басының өнімділігін арттыру әдістері; ересек мал мен бұзаулар ауруының алдын алу; бұзауларды топтарға жасақтау кезіндегі негізгі зоотехникалық талаптар; микроэлементтерді пайдалану қағидалары; мал тұқымын асылдандыру және зоотехникалық есепті жүргізу қағидалары; мал шаруашылығы өнімдерін өндірістік негізде өндіру технологиясы.

908. Жұмыс сипаттамасы: жас төл мен сиырларды кешендердегі бұзаулау бөлімшесінде өсіру және күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; бұқаларды күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; төлдің орташа тәуліктік салмақ қосуын арттыру, малды теңгерімді қоректік жемазықпен қоректендіру жөніндегі іс-шараларды орындау; малды азықтандыру, суару, жаю, тазалау; салмағы мен жасы біркелкі төл топтарын қалыптастыру; бұзауларға сүтті дайындау және беру; жемазықты секциялар бойынша тасымалдау және транспортердің көмегімен таратып бөлу; орынжайлардағы автоматты желдету және жылу жүйесін басқару; механизация және автоматика құралдарын реттеу мен техникалық күтуді жүргізу, кешен орынжайларындағы берілген микроклиматты ұстау.

## **88. Машинамен сауу операторы.**

### **Параграф 1. Машинамен сауу операторы, 5-разряд.**

909. Білуге тиіс: ірі қара малдың анатомиясы мен физиологиясы негіздері; жемазықтың негізгі түрлері және олардың жемдік құндылығы; фермаларда қолданылатын механизмдердің құрылымы; механизмдерді күн сайын және кезеңдік техникалық баптау жүргізудің тәртібі; сауын және бордақыланатын табынды, сауын сиырлар мен бұзауларды жазғы және қысқы уақытта бағудың негізгі талаптары мен прогрессивті әдістері; жоғары сапалы сүт алудың, бұзаулаған және жаңа бұзаулаған сиырларды күтіп бағу қағидалары; сиырды бұзаулату қағидалары; жас төлді түрлі типтегі орынжайларда ұстау және бағу технологиясының ерекшеліктері; қызмет көрсететін мал басының өнімділігін арттыру әдістері; мал тұқымын асылдандырудың есебін ұйымдастыру жөніндегі қарапайым деректері.

910. Жұмыс сипаттамасы: сиырларды өнімділігі орта есеппен бір сиырдан жылына 3,5 мың кг жоғары екі аппаратпен немесе өнімділігі орта есеппен бір сиырдан жылына 3,5 мың кг дейінгі үш немесе одан да көп аппаратпен машинамен сауу; биелерді, қойларды машинамен сауу; малдың желінін уқалау, жуу, сүрту және сүттің толық әрі

жылдам сауылуы мен тазалығын қамтамасыз ететін басқа да операциялар; сиырларды изоляторда машинамен сауу; малдың желінін маститке тексеру және күту мен маститпен ауырудың алдын алу жөніндегі санитариялық-ветеринариялық жұмыстарды жүргізу; сиырларды машинамен сауу қағидаларын сақтау; аппараттарды қосу және ажырату, олардың пульсация жылдамдығын тексеру және жұмысын бақылау; малдарды машинамен қосымша сауу; малдың ұсталуын жақсарту, сиырлардың сүттілігін арттыру, бұзау алу және олардың сақталуын жақсарту, малды теңгерімді қоректік жемазықпен қоректендіру жөніндегі іс-шараларды орындау; сауу аппараттарын бөлшектеу және құрастыру жуу және зарарсыздандыру, оларды техникалық күту және ақауларын жою; жемазықты таратып беру; оттықтарды, сиырларды тазарту; сүт ыдыстарын жуу және орынжайды жинау; ветеринар мамандарға малды емдеуге, жасанды ұрықтандыруға, алдын алу шараларын өткізуге көмек көрсету; сүт фермасында ветеринариялық-санитариялық қағидаларын сақтау.

## **Параграф 2. Машинамен сауу операторы, 6-разряд.**

911. Білуге тиіс: сауу аппараттарының құрылымы мен пайдалану қағидалары; сауу аппараттарын бөлшектеу және құрастыру жуу және зарарсыздандыру, оларды техникалық күту және ақауларын қағидалары; машинамен сауу техникасын; малды азықтандыру, суару және ұстау қағидалары мен нормалары; жемазық беру тәртібі; малдың ақуызға, дәрумендер мен минеральдік заттарға деген мұқтаждығы; сиырлардың сүт өнімділігін арттыру әдістері; жоғары сапалы сүт алуды қамтамасыз ететін шаралар кешені; сүтті суыту техникасы; малды бұзаулауға, құлындауға және қоздауға жіберудің және оны дайындаудың мерзімі мен әдісі; ауырған малға алғашқы ветеринарлық көмек көрсету қағидалары; малдың желінін маститке тексеру және күту мен маститпен, бруцеллезбен, аусылмен және басқа да ауру түрлерімен ауырудың алдын алу жөніндегі санитариялық-ветеринарлық жұмыстарды жүргізу қағидалары; қолдан ұрықтандыру негіздерін және аналықтарды ұрықтандыруға дайындау қағидалары. Өнімділігі орта есеппен бір сиырдан жылына 3,5 мың кг дейінгі екі аппаратпен сауу кезінде – 4-разряд.

912. Жұмыс сипаттамасы: сиырларды өнімділігі орта есеппен бір сиырдан жылына 3,5 мың кг жоғары үш немесе одан да көп аппаратпен машинамен сауу және сауу алаңдары мен басқа да жоғары өнімді сүт сауу қондырғыларында сауу; сиырлардың сүттілігін арттыру, бұзау алу және олардың сақталуын жақсарту жөніндегі іс-шараларды орындау; сиырларды бұзаулайтын бөлімшеде және қашарларды машинамен сауу; қашарларды машинамен саууға үйрету; вакуумды насос пен аппараттарды қосу және вакуум режимін тексеру; концентрацияланған жемазықты дозалау және механизмдердің көмегімен оттықтарға беру; малдың толық сауылуын тексеру; сауу алаңдары мен қондырғыларын реттеу және техникалық баптау, ақауларын жою; малдың желінін маститке тексеру және күту мен маститпен ауырудың алдын алу жөніндегі санитарлық-ветеринарлық жұмыстарды жүргізу; сиырларды

машинамен сауу ережесін сақтау; малдың төлдеуінің басталуын анықтау және жаңа туған төлді қабылдау; жаңа туған төлді сүрту және кіндігін күйдіру; жаңа туған төлді кілетке және профилакторийге жеткізу; сиырды бұзаулағаннан кейін күту; бұзаулаған сиырдың желінін емдік препараттармен өңдеу; мал дәрігерінің нұсқауы бойынша жаңа туған төлге дәрі беру; жаңа туған төлді сүрту кварцты шаммен сәулелендіру; сиырларды тазалау.

## **89. Қой өсіру кешендері мен механикаландырылған фермаларының операторы.**

### **Параграф 1. Қой өсіру кешендері мен механикаландырылған фермаларының операторы, 2-разряд.**

913. Білуге тиіс: әртүрлі стационарлық және жылжымалы сауу алаңдары мен қондырғыларының, сүт құбырының, вакуумді насостардың, тоңазыту қондырғыларының, сүтті жинау мен сақтауға арналған танкілердің құрылымы, олардың жұмысқа қосу қағидалары; сауу аппараттарының құрылымы мен пайдалану қағидалары; сауу аппараттарын бөлшектеу және құрастыру жуу және зарарсыздандыру, оларды техникалық күту және ақауларын қағидалары; жуу заттарының дозасы; машинамен сауу техникасы мен қондырғыларын жуу мен зарарсыздандырудың тәртібі; малдың анатомиясы мен физиологиясы негіздері; желіннің құрылымы; сүт қалыптасу және сүт беру физиологиясы; малды бұзаулау мерзімінің таянуы белгілері және жаңа туған төлді қабылдау қағидалары; сиырды бұзаулағаннан кейін күту, сиырдың желінін емдік препараттармен өңдеу қағидалары; түрлі жемазықтың жемдік құндылығын, оны берудің нормалары мен қағидалары; мал өнімі өнімділігін арттыру жолдарын және сүтті алғашқы өңдеу қағидалары; сүтті өндірістік негізде өндіру технологиясы.

914. Жұмыс сипаттамасы: кезекшілік уақытында малдың сақталуын қамтамасыз ету және қажетті жағдайда оларды сою; қойлар мен ешкілерді жалдау ванналары мен душ қондырғыларында жалдау процесін жүргізу; электрмен қырку пунктіндегі электр моторларына, желдеткіш қондырғыларына қызмет көрсету; қойды механикаландырылған және қоймен қырку кезінде кесу құралын қайрау және жетілдіру; механизмдердің жұмысын қадағалау; жарамсыз механизмдерді жөндеу үшін кезекші слесарді немесе электромонтерді шақыру.

### **Параграф 2. Қой өсіру кешендері мен механикаландырылған фермаларының операторы, 3-разряд.**

915. Білуге тиіс: өндірістік процестерді механикаландыру кезінде малды ұсату жағдайларына қойылатын негізгі талаптар; қайрау станоктарының, жалдау ванналарының, электромоторлары мен басқа да қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы, жұмыс режимі және пайдалану қағидалары; аурулардың неғұрлым кең тараған түрлері және ауырған малға алғашқы жәрдем көрсетудің негізгі жолдары;

малды сою және терісін консервілеу қағидалары; электротехника жөніндегі қарапайым деректер.

916. Жұмыс сипаттамасы: пайдалану және мал тұқымын асылдандыру фермалары мен мал өсіру кешендерінде малды күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстарды біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен жүргізу; жүнді престерде буып-түю; қырку агрегаттарын, электрогенераторды, престер мен қойлар мен ешкілерді қыркуға арналған басқа да жабдықты баптау, монтаждау және бөлшектеу.

### **Параграф 3. Қой өсіру кешендері мен механикаландырылған фермаларының операторы, 4-разряд.**

917. Білуге тиіс: ветеринария мен зоогигиена жөніндегі қарапайым деректер; қырку агрегаттары, электрогенератор, престер мен қойлар мен ешкілерді қыркуға арналған басқа да жабдықты баптау, монтаждау және бөлшектеу қағидалары.

918. Жұмыс сипаттамасы: тұсақтарды, ісектерді, ересек қойларды пайдалану және мал өсіру кешендерінде, тұқымын асылдандыру фермалардағы бракка шығарылған мал басын күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; малды азықтандыру, суару, қиын шығару; малдың ұсталуын жақсарту, қызмет көрсететін мал басына ұстауды жақсарту, олардың өнімділігін арттыру, және олардың сақталуын жақсарту жөніндегі іс-шараларды орындау; ауырған малға алғашқы көмек көрсету; қойлар мен ешкілерді электрмен қырку машиналарында механикаландырылған әдіспен қырку; орынжайлар мен құралдарды тазалау және жинау; орынжайларды зарарсыздандыруды жүргізу.

### **Параграф 4. Қой өсіру кешендері мен механикаландырылған фермаларының операторы, 5-разряд.**

919. Білуге тиіс: кешенді механикаландыру кезінде малды ұстау технологиясы; қызмет көрсететін мал басының өнімділігін арттыру әдістері; ветеринария мен зоогигиена негіздері; негізгі жемдер мен олардың жемдік құндылықтары; азықтандыру нормалары, малдың ақуызға, дәрумендер мен минералдық заттарға мұқтаждығы; қолданылатын қырку машиналарының, зарарсыздандыру қондырғылары мен басқа да жабдықтың құрылымы.

920. Жұмыс сипаттамасы: аналық қой басын, ешкілеоді, қойларды, қошқарлар мен 1,5 жасқа дейінгі тұсақтарды (тушаларды) пайдалану және мал өсіру кешендерінде күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; малды азықтандыру, суару, қиын шығару; қозы алу жүн қырку және мал басының сақталуын жақсарту жөніндегі іс-шараларды орындау; түбітті ешкілерді тарау; қошқарлардан тұқым алу, қолдан ұрықтандыру кезінде көмек көрсету.

### **Параграф 5. Қой өсіру кешендері мен механикаландырылған фермаларының операторы, 6-разряд.**

921. Білуге тиіс: аналықтарды, қошқарларды, жас төлді кешенді механикаландырылған жағдайда малды ұстау технологиясы; механикаландыру жабдықтарының құрылымы; жабдықтар мен механизмдерді басқару және баптау қағидалары; аналық қойлар мен ешкі басы, қошқарларды, жас төлді ұстауға қойылатын негізгі талаптар; жас төлді ұсату мен өсіру технологиясының ерекшеліктері; қозы алуды көбейту әдістері; қой мен ешкі ауруының алдын алу; антибиотиктер мен микроэлементтерді қолдану қағидалары; мал тұқымын асылдандыру және зоотехникалық есепті жүргізу қағидалары.

922. Жұмыс сипаттамасы: асыл тұқымды аналық қой басын, ешкілеоді, қойларды, қошқарлар мен 1,5 жасқа дейінгі тұсақтарды (тушаларды) фермалар мен мал өсіру кешендерінде күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; малды азықтандыру, суару, қиын шығару; асыл тұқымды мал басының сапасын жақсарту және төл алуды көбейту жөніндегі іс-шараларды орындау; қойлар мен ешкілерді электрмен қырку машиналарында жылдамдатылған әдіспен механикаландырылған қырку.

## **90. Малды ветеринарлық өңдеу жөніндегі оператор.**

### **Параграф 1. Малды ветеринарлық өңдеу жөніндегі оператор, 5-разряд.**

923. Білуге тиіс: асыл тұқымды аналықтарды, қошқарларды, жас төлді кешенді механикаландырылған жағдайда ұстау және өсіру технологиясы; асыл тұқымды қой басының сапасын жақсарту әдістері; механикаландыру құралдарының құрылымы; жабдықтар мен механизмдерді басқару және баптау қағидалары; жылдамдатылған әдіспен механикаландырылған қырку жолдары.

924. Жұмыс сипаттамасы: емдеу-алдын ала өңдеу, термометриялау, екпе жасау, мал мен құсты жаппай зерттеу кезінде диагностикалық препараттар енгізу; мал мен құстың ауруының және шығынын болдырмаудың алдын алу-ветеринариялық іс-шараларды орындау; изолятордағы ауру малдарды күту; малдарды емдеу кезінде ветеринар мамандарға көмек көрсету; жарақаттану, улану кезінде малдарға алғашқы көмек көрсету; жараларын өңдеу; малды пішу; төлдету кезінде және зерттеуге материал алу кезінде ветеринар мамандарға көмек көрсету.

## **91. Мал мен құсты жасанды ұрықтандыру операторы.**

### **Параграф 1. Мал мен құсты жасанды ұрықтандыру операторы, 4-разряд.**

925. Білуге тиіс: малдың анатомиясы мен физиологиясы негіздері; мал шаруашылығы өнімдерін өндірістік кешенде өндіру технологиясы қағидаты; құстар мен малдың анағұрлым кең тараған аурулары туралы негізгі деректерді және оларды диагностикалау қағидаттары; алдын алу және ауру малды емдеу шаралары; жиі қолданылатын емдік зарттар, олардың мал ағзасына әсері және малға беру тәсілдері;

медикаменттерді, биопрепараттарды, зарарсыздандыру заттарын, инструменттермен зарарсыздандыратын техниканы сақтау және пайдалану тәртібі, малды жаппай егуді және басқа да ветеринарлық өңдеуді жүргізу тәртібі, егу құралдары, аспаптар мен аппараттар, оның ішінде аэрозольді вакциналау заттары; ветеринариялық-санитариялық қағидалар мен ветеринарлық заңнама негіздері; малдармен және улы заттармен жұмыс кезіндегі жеке гигиена қағидалары.

926. Жұмыс сипаттамасы: жасанды ұрықтандыруға белгіленген мал мен құсты санитариялық өңдеуді жүргізу; жасанды ұрықтандыру пунктін таза ұстау; ұрықтандырылған мал мен құстың есебін жүргізу; орамалдар мен арнаулы киімді жуу; пунктті жылыту және жинау.

## **Параграф 2. Мал мен құсты жасанды ұрықтандыру операторы, 6-разряд.**

927. Білуге тиіс: жабдықпен және реактивтермен жұмыс істеу қағидалары; малдарды ұрықтандыру мерзімдері; ұрықтандыру жолдары, мал мен құсты санитариялық өңдеу тәсілдері; сперманың сапасын бағалау әдістері.

928. Жұмыс сипаттамасы: аналықтардың бұзаулағаннан, қоздағаннан кейінгі күйін сыртқы белгілері бойынша анықтау; аталықтардан сперма алу; жасанды ұрықтандыруды жүргізу; стансаның, асыл тұқымды өсіру кәсіпорны алдында есеп беру.

929. Білуге тиіс: ауыл шаруашылық малдарын арнаулы дайындық кезінде алынатын жасанды ұрықтандыру әдістері мен негіздері; аталықтардан сперма алу қағидалары; оның сапасын бағалау; сперманы сақтау және тасымалдау қағидалары; мал мен құсты жасанды ұрықтандыру тәсілдері; ректальді зерттеу техникасы; криогенді жабдықты және сұйық азотты пайдалану қағидалары, құралдарды, аспаптарды, ыдыстарды стерилизациялау үшін медикаменттерді дайындау тәсілдері.

930. Кәсіптік орта білім талап етіледі.

## **92. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы.**

### **Параграф 1. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы, 2-разряд**

931. Жұмыс сипаттамасы: жұмыртқаны жабдықтарды пайдалана отырып сұрыптау және калибрлеу; былғанған жұмыртқаларды жұмыртқа жуғыш машинада жуу; жұмыртқаны таңбалау, салу және буып-түю; тараны буып түю орнына беру; қораптарды жинау және буып түйілген өнімді жинау орнына беру; жабдық пен орынжайды жуу.

932. Білуге тиіс: жұмыртқаны санатқа жатқызудың техникалық шарттары, оны сұрыптау, таңбалау, буып-түю, сақтау және тасымалдау қағидалары; жұмыртқа сұрыптайтын және жұмыртқа жуатын машиналардың құрылымы мен пайдалану шарттары.

## **Параграф 2. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы, 3-разряд**

933. Жұмыс сипаттамасы: құстарды ұстау және кілеттерге немесе жәшіктерге орналастыру; құс қорасын құсты ұстауға дайындау, терезелерді қараңғылау, секцияларда перде орнату; құстар салынған жәшіктерді көлікке әкелу және тиеу; ұсталған құстарды басқа цехқа беру немесе союға жіберу.

934. Білуге тиіс: жасы мен жынысына, топтың өндірістік нысанына қарай құстардың ерекшелігі; құстарды ұстау және көлікке тиеу тәсілдері.

## **Параграф 3. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы, 4-разряд**

935. Жұмыс сипаттамасы: бақылау ұясындағы ұяның нөмірі, тауықтың нөмірі мен жұмыртқалаған күні белгіленген жұмыртқаны жинау; жұмыртқаны қоймаға тапсыру; құс топтарын жасақтауға және сақиналауға қатысу; құстарды бракқа шығару; жұмыртқаны мемстандарт бойынша сұрыптау; құстарды азықтандыру машиналарының көмегімен суару және азықтандыру; жұмыртқаны зарарсыздандыру, сәулелендіру және инкубаторға салу; жұмыртқаларды бақылап қарау және жарамсыздарын бракқа шығару; орынжайлар мен инкубаторларда белгіленген температура режимін, ылғалдылық пен газ ауысуын сақтау; науаларды инкубациялық шкафтан шығару шкафтарына ауыстыру; балапан салынған науаларды алу; шыққан балапандарды сұрыптау және сәулелендіру; әлсіз балапандарды санау және кәдеге жарату; жәшіктерді дайындау және сөткелік балапандарды шаруашылықтарға жіберу үшін буып-түю; инкубаторды тазалау және оны қайтадан жұмыртқа салуға дайындау, жабдықты, тараны, орынжайды жуу; жабдык пен механизмдерге техникалық қызмет көрсету; орынжайды зарарсыздандыру.

936. Білуге тиіс: әртүрлі құстардың жұмыртқасын түрлі маркадағы, типтегі инкубаторларда инкубациялау технологиясы және олардың құрылымы; инкубаторияның техникалық жабдығын техникалық басқару және қызмет көрсету техникасы; инкубациялауды биологиялық бақылау әдістері; инкубациялық цехтарға арналған ветеринариялық-санитариялық нұсқаулық; зарарсыздандыру қондырғысының құрылымы.

## **Параграф 4. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы, 5-разряд**

937. Жұмыс сипаттамасы: жерде ұсталатын өнеркәсіптік табындағы ересек құс басын, өнеркәсіптік табындағы жас құстар мен бройлерлерді күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар, құстарды суару және азықтандыру; құс өнімділігін арттыру, оны теңгермелі қоректік заттармен азықтандыру жөніндегі іс-шараларды орындау; құстарды сұрыптау, іріктеу және бракқа шығару; жұмыртқаны жинау және

тапсыру; алдын алу және емдеу шараларын жүргізуге қатысу; қиды шығару; орынжайды жинау, суарғыштарды жуу, науаларды тазалау; барлық механикаландыру құралдарын басқару; жабдықты баптау, реттеу және ұсақ жөндеу; ауа алмасуын, құстарға арналған орынжайдағы температура мен ылғалдылықты реттеу; жұмыртқаны ұялар мен тауықтар бойынша есепке алу, желілер бойынша іріктеу жөніндегі жұмысты орындау; асыл тұқымды құстарды жасақтау, жұмыртқаларды өлшеу және инкубациялық науаларға аналық нөмірі бойынша салу; балапанжарды дәне ересек құстарды өлшеу; балапандарды науадан алу және сақиналау; белгіленген құжаттаманы жүргізу.

938. Білуге тиіс: ауылшаруашылық құстарының анатомиясы мен физиологиясы негіздері; балапандар мен ересек құс басын ұстау және бройлерді өнеркәсіптік негізде өсіру технологиясы мен озық тәжірибесі; аспаптар мен аппаратура құрылымы; қызмет көрсететін құс басының өнімділігін арттыру әдістері; техникалық күту қағидалары; жемазық рационына қойылатын негізгі талаптар; жемазық дайындау тәсілдерін; жемді берудің нормасы мен тәртібі; қызмет көрсететін құс түрінің ақуызға, дәрумендерге және минералдық заттарға мұқтаждығы; құс шаруашылығындағы ветеринариялық-санитариялық талаптар; асыл тұқымды құс есебі құжаттамасын жүргізу қағидалары.

#### **Параграф 5. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы, 6-разряд**

939. Жұмыс сипаттамасы: тор ұяда өсірілетін құстарды, асыл тұқымды балапандар мен селекциондық-асыл тұқымды табындағы құстарды күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар, құстарды суару және азықтандыру; қиды шығару; асыл тұқымды құс өнімділігін арттыру, оны теңгермелі қоректік заттармен азықтандыру жөніндегі іс-шараларды орындау; бонитировкаға қатысу; жұмыртқаларды кростары, желілері бойынша сұрыптау; тәуліктік балапандарды сапасына қарай сұрыптай отырып жынысы бойынша бөлу.

940. Білуге тиіс: тор ұяда өсірілетін құстар, асыл тұқымды балапандар мен селекциондық-асыл тұқымды табындағы құстарды кешенді механикаландыру жағдайында тор ұяда өсіру технологиясы; қызмет көрсететін құс басының өнімділігін арттыру әдістері; тор ұяда өсіру кезінде қолданылатын жабдықтардың құрылымы және оларға қызмет көрсету; асыл тұқымды құс өсірудің және ұстаудың ерекшеліктері; селекциялық-тұқымды асылдандыру жұмысының негізгі әдістері; құстың жеке бағалау және іріктеу белгілері; тауық желісінің негізгі кростары; жарық беретін механика құралдарын басқару қағидалары; балапандарды сапасы мен жынысына қарай сұрыптауға қойылатын зоотехникалық талаптар.

#### **93. Шошқа өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы.**



## **Параграф 1. Шошқа өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 2-разряд**

941. Жұмыс сипаттамасы: шошқа басын қабылдап алу, кезекшілік кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда сою; механизмдердің жұмысын қадағалау; жарамсыз механизмдерді жөндеу үшін кезекші слесарьді немесе электр монтерді шақыру.

942. Білуге тиіс: өндірістік процестерді толық механикаландыру кезінде малды ұстау жағдайларына қойылатын негізгі талаптар; механикаландыру құралдарын техникалық пайдалану қағидалары; анағұрлым кең тараған аурулардың белгілері және ауырған малға алғашқы көмек көрсету жолдары.

## **Параграф 2. Шошқа өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 4-разряд.**

943. Жұмыс сипаттамасы: кешенді механикаландыру кезінде мал шаруашылығы фермаларында бойдақ және супоросты шошқа басын бағу және күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; азықтандыру, суару, қиды шығару, орынжайды жуу және жинау; шошқалардың туу қабілетін жақсарту шараларын орындау; ауырған малға алғашқы көмек көрсету; жемазықты дозалау және таратып бөлу; механикадағы қарапайым ақауларды жою; шошқаларды қабылдап алу, өлшеу және айдап бару; орынжайды зарарсыздандыру.

944. Білуге тиіс: шошқалардың биологиялық ерекшеліктері; кешенді механикаландыру кезінде мал шаруашылығы фермаларында бойдақ және супоросты шошқа басын бағу технологиясы және прогрессивті әдістер; өндірістік процестерді толық механикаландыру кезінде малды ұстау жағдайларына қойылатын негізгі талаптар; механикаландыру құралдарын техникалық пайдалану қағидалары; шошқалардың ауруының алдын алу және негізгі зоогигиена талаптары; машиналар мен механизмдерді пайдалану және оларды күтіп баптау қағидалары.

## **Параграф 3. Шошқа өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 5-разряд.**

945. Жұмыс сипаттамасы: кешенді механикаландыру кезінде мал шаруашылығы фермаларында бойдақ және супоросты аналық шошқаны, аталық қабандарды, жөндеу төлдерін мен бордақыдағы шошқаларды бағу және күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; жемазықты дозалау және таратып бөлу, азықтандыру, суару, қиды шығару, орынжайды жуу және жинау; шошқа төлін көбейту шараларын орындау; шошқаны теңгермелі қоректік жем мен интенсивті бордақылауды жүргізу;

жұмыстарды орындау кезінде технология талаптарын сақтау. Машиналар мен механизмдерді техникалық күту. Бордақдан алынған шошқаларды тиеу және ет комбинатына жіберу.

946. Білуге тиіс: шошқалардың анатомиясы мен физиологиясы жөніндегі негізгі деректер; толық кешенді механикаландыру кезінде шошқа басын бағу технологиясы және прогрессивті әдістер; зооветеринарлық қағидалар; антибиотиктерді, медикаменттер мен микроэлементтерді пайдалану қағидалары; машиналар мен механизмдерді реттеу және техникалық күту қағидалары.

#### **Параграф 4. Шошқа өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 6-разряд.**

947. Жұмыс сипаттамасы: кешенді механикаландыру кезінде мемлекеттік мал өсіру кешендерінде төлдеген аналық шошқаларды, ембейтін торайларды; аталық қабандарды, торай емізетін аналық шошқалар мен емшектен айырылған торайларды бағу және күту жөніндегі механикаландырылған жұмыстар; жемазықты дозалау және таратып бөлу, азықтандыру, суару, қиды шығару, орынжайды жуу және жинау; жұмыстарды орындау кезінде технология талаптарын сақтау; шошқа төлін көбейту, орташа күндік салмақ қосуын көбейту және төлді сақтау мақсатында шошқаны теңгермелі қоректік жеммен азықтандыру шараларын орындау; шошқа фермаларында қолданылатын машиналар мен механизмдерді техникалық күтуді жүргізу.

948. Білуге тиіс: шошқалардың биологиялық ерекшеліктері, олардың анатомиясы мен физиологиясы, толық механикаландырылған жағдайда төлдеген аналық шошқалар, ембейтін торайларды, аталық қабандарды, торай емізетін аналық шошқалар мен емшектен айырылған торайларды бағу және күту технологиясы; жөніндегі негізгі деректер; шошқалардың ауруының алдын алу және негізгі зоогигиена талаптары; механикаландыру құралдарын техникалық пайдалану қағидалары және оларға техникалық қызмет көрсету.

#### **94. Жем дайындау цехының операторы.**

##### **Параграф 1. Жем дайындау цехының операторы, 3-разряд.**

949. Жұмыс сипаттамасы: аппараттардың, механизмдердің көмегімен малдарға, аңдар мен құстарға арналған жемді жем репептері бойынша дайындау; суды, барды мен басқа да сұйықтарды құбыр бойынша беру; тамақ қалдықтарынан бөгде заттарды алу жөніндегі механизмдер мен айлабұйымдарға қызмет көрсету; жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; техникалық күту; жабдықты реттеу.

950. Білуге тиіс: жемнің құрамы мен жұғымдылығы, жем рациондары; жануарлардың қоректік заттарға мұқтаждығы; қолданылатын машиналар мен

механизмдердің құрылымы; тамақ қалдықтарынан бөгде заттарды алудың техникасы мен технологиясы; жабдықтың жұмысындағы ақауды жою тәсілдері.

## **Параграф 2. Жем дайындау цехының операторы, 4-разряд.**

951. Жұмыс сипаттамасы: жемді рациондар мен арнаулы рецептер бойынша, сондай-ақ ақуыз және басқа да компоненттері бойынша теңгермелі жемдерді дайындау; жем массасын қазандарда сығымдалған ауамен термиялық өңдеу, араластыру; бу қысымын манометр бойынша қадағалау; дайын жемді бункер жинауышқа қысымды ауаның көмегімен беру; жемді дайындаудың сапасы тексеру және бақылау; құрама жемді, майы алынбаған сүтті алмастырғышты, премикстерді дайындау; құрама жемді мемлекеттік кешендердегі сауу қондырғыларды дозалау және механикаландырылған таратып беру.

952. Білуге тиіс: малдардың, аңдар мен құстардың ас қорыту анатомиясы мен физиологиясы, жемнің сіңуі; жемге мұқтаждық және азықтандыру нормасы, рациондардың жалпы жұғымдылығы, жануарларға арналған ақуыз, минеральдік қаттар мен дәрумендер мөлшері; арнаулы рецепт бойынша жем дайындау тәсілдері мен технологиясы.

## **Параграф 3. Жем дайындау цехының операторы, 5-разряд.**

953. Жұмыс сипаттамасы; ішек-қарыннан, балықтан, тамақ қалдықтарынан құрама, қатты және шырынды жемдерді, фарштар мен басқа да жем түрлерін механикаландырылған дайындау және таратып бөлу; механизация және автоматика құралдарын бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалана отырып басқару; жем жасау машиналары мен дозалаушы қондырғыларды техникалық күту және реттеу; машиналар мен агрегаттардың ақауларын анықтау; автоматты құрылғыларды жемді берілген таратып бөлу бағдарламасына сәйкес реттеу.

954. Білуге тиіс: жем жасау машиналары мен дозалаушы қондырғылардың, жем жасау жөніндегі өндірістік процестерді механикаландыру құралдарының құрылымы мен пайдалану қағидалары; жабдықты реттеу және оған техникалық қызмет көрсету қағидалары; ақауларды жою тәсілдері; жем қоспасы, құрама жемді, майы алынбаған сүтті алмастырғышты, премикстерді дайындаудың технологиялық процесі және оларды беру қағидалары; ауыл шаруашылық малдарының, аңдардың жемдеумен байланысты болатын негізгі аурулар; мал шаруашылығын өнеркәсіптік негізде жүргізу негіздері.

## **Параграф 4. Жем дайындау цехының операторы, 6-разряд.**

955. Жұмыс сипаттамасы: қатты және шырынды жемді басқару пультінің көмегімен таратып бөлу; жем желілері механизмдерін қарау және тексеру; жем желілерін жем қалдықтарынан тазарту; дозаторларға жем толтыру; жемді рационға сәйкес секциялар

бойынша таратып беру; дозаторларды майлау; механизмдердің жұмысындағы ақауларды слесарь-жөндеушілермен бірлесіп жою.

956. Білуге тиіс: жем желілерін басқару пультінің, жем жасау машиналары мен дозалаушы қондырғылардың және жем жасау жөніндегі өндірістік процестерді механикаландыру құралдарының құрылымы мен пайдалану қағидалары; жабдықты реттеу және техникалық қызмет көрсету қағидалары; негізгі ақауларды жою тәсілдері.

## **95. Кәсіпшілік аңшы.**

### **Параграф 1. Кәсіпшілік аңшы, 4-разряд.**

957. Жұмыс сипаттамасы: жабайы жануарларды атып алу және ұстап алу; кәсіпшілік өнімдерін алғаш рет өңдеу, консервілеу және бекітілген стандарттарға және техникалық жағдайларға сәйкес тапсыру; аңшылықтың жолдары мен соқпақтарын салу және базаларын жабдықтау; аңшылықтың жергілікті ережелерімен көзделген зиянды жануарларды құрту; қаруды, оқ-дәрілерді, қақпандарды және аулайтын басқа да қаруларды, мүліктерді, жабдықтарды тексеру; өздігінен аулайтын қаруларды орнату; жабайы жануарлардың санын есептеуге қатысу.

958. Білуге тиіс: жабайы жануарлардың биологиясы мен экологиясының негіздері; кәсіпшілік учаскесінің шекарасы; аң аулаудың мерзімдері мен қағидалары; кәсіпшілік өнімдерін алғаш рет өңдеу мен консервілеу тәсілдері; зиянды жануарлармен күресу тәсілдері; өндірістік санитария қағидалары.

### **Параграф 2. Кәсіпшілік аңшы, 5-разряд.**

959. Жұмыс сипаттамасы: жабайы аңдарды атып алу және ұстап алу; аулау құралдарын дайындау және жөндеу; жабайы жануарларды қорғау және қайтадан молықтыру бойынша іс-шаралар өткізу; азық-түлік, өнім, жанар-жағар май және басқа материалдар қорын қыстауға қамдау орнына немесе кәсіпшілік учаскесінде орналасқан басқа пунктке жеткізуге қатысу; кәсіпшілік базаларын қайта консервациялау; байланыс көлік құралдары мен басқа техникалық құралдарды дайындау және тексеру.

960. Білуге тиіс: жабайы жануарлардың биологиясы мен экологиясының негіздері; аңшылық кәсіпшілігі өніміне арналған стандарттар мен техникалық жағдайлар; жабайы жануарларды қорғау және қайтадан молықтыру бойынша іс-шаралар өткізу тәртібі; өндірістік санитария қағидалары.

## **96. Ветеринариялық препаратторшы.**

### **Параграф 1. Ветеринариялық препаратторшы, 3-разряд.**

961. Жұмыс сипаттамасы: жануарлардың қалыпты және патологиялық ағзалары мен тіндерінен қималар, жақпалар мен зертханалық препараттар жасау; коректендіру ортасын дайындау; зертхана жануарларына күтім жасау.

962. Білуге тиіс: жануарлар анатомиясы мен физиологиясы негіздері; құнарлы орта, жақпалар мен зертханалық препараттар жасау тәсілдері; зертханалық тәжірибеде қолданылатын консерванттар мен химиялық реактивтердің қысқаша сипаттамасы.

## **97. Жем жасаушы.**

### **Параграф 1. Жем жасаушы, 1-разряд.**

963. Жұмыс сипаттамасы: жем қайнатқыштарда, қазандарда, чандар мен пешпен қыздырылатын басқа да ыдыстарда су ысыту; судың ысуын қадағалау.

964. Білуге тиіс: өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары; қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс қағидаты мен пайдалану қағидалары.

### **Параграф 2. Жем жасаушы, 2-разряд.**

965. Жұмыс сипаттамасы: жемді қайнату және бөктіру жөніндегі көмекші және дайындық жұмыстарын жүргізу; ыдыстарды суға толтыру; пасталарды, кисельді, айранды, тұндырманы, шөп ұнын дайындау; жемді, тамақ қалдықтарын жуу, араластыру, известеу, өсіру, ашытқылау, консервілеу, химиялық және бактериологиялық өңдеу, тамақ қалдықтарынан бөгде заттарды қолмен алу; шырынды жемді, концентраттар мен жануарлардан алынған жемді ұнтақтауышта, қол жетекті машиналарда немесе қолмен ұнтақтау, жармалау, тарту, кесу және шабу; тамыр өнімдерін машиналарды қолдана отырып жуу, ұнтақтау, бөктіру; жемді шұңқырлар мен траншеяларда витаминдеп өңдеу; жем қалдықтарын қайнату қазандарына салу; жемді транспортерлердің көмегімен таратып бөлу; мұнарадан, шұңқырлар мен траншеялардан, бұрттардан қолмен алу; ыдысты жуу, қайнату қазандарын, чандарды тазалау; жем дайындау орындарын жинау; шұңқырлар мен траншеялардағы жемді гидротермиялық өңдеу.

966. Білуге тиіс: жемді қайнатудың, бөктірудің және гидротермиялық өңдеудің тәсілдері мен технологиясы; жемді химиялық және бактериологиялық өңдеу; қазандарға от жағу қағидалары; жемді дайындаудың санитариялық қағидалары; жемді, дәрумендерді, антибиотиктер мен басқа да препараттарды сақтау қағидалары.

### **Параграф 3. Жем жасаушы, 3-разряд.**

967. Жұмыс сипаттамасы: жемді рецепті бойынша жасау; жем мен тамақ қалдықтарын жем бөктіргіште, қайнату қазандарында, чандарда қайнату, бөктіру және гидротермиялық өңдеу жөніндегі көмекші және дайындық жұмыстарын жүргізу; шырынды жемді, концентраттар мен жануарлардан алынған жемді ұнтақтауышта,

электр жетекті машиналарда ұнтақтау, жармалау, тарту, кесу және шабу; су бөгеттерінен мал және өсімдік бағытындағы жемді дайындау; орынжайды, жабдықты, инвентарь мен тараны зарарсыздандыру; жем қалдықтарын алу және дайын өнімді фермаларға босату; жемді қабылдау және жұмсау есебін жүргізу; мұнарадан, шұңқырлар мен траншеялардан, бұрттардан көтеру құрылғысының көмегімен алу.

968. Білуге тиіс: машиналар мен жабдықтың, өндірістік инвентардың, аспаптардың, өлшеу аспаптарының, ыдыстың, тараның құрылымы мен пайдалану қағидалары; оларды пайдалану және күту қағидалары; жемді дайындау қағидалары; түрлі компоненттерді жылумен өңдеу қағидалары, оларды салу кезектілігі; түрлі жыныстағы және жастағы жануарлар тобына жем дайындаудың ерекшеліктері; жемнің құрамы мен қоректілігі; мал мен құстың қоректік заттарға мұқтаждығы.

#### **Параграф 4. Жем жасаушы, 4-разряд.**

969. Жұмыс сипаттамасы: жемді арнаулы рецепті бойынша, сондай-ақ ақуыз мен басқа да компоненттері бойынша теңгермелі жемдерді жасау; жем массасын қазандарда араластыру және термиялық өңдеу; ішек–қарынды, балықты, тамақ қалдықтары мен тағы басқа шаю; жем цехындағы машиналар мен жабдыққа техникалық күтім жасау; рационға сәйкес тамақ қалдықтарының талап етілетін мөлшерін дайындау жөніндегі есептерді жүргізу.

970. Білуге тиіс: малдар, аңдар мен құстарға берілетін жемнің түрлері, олардың жұғымдылығы, ағзаға сіңуі мен маңызы; жануарлардың ақуызға, дәрумендер мен минералдық заттарға мұқтаждығы; қайнату қазандарын, жем дайындауға арналған жабдықтар мен машиналарды пайдалану қағидалары; жемді дайындау технологиясы және жем беру режимдері; жем рациондары және оларды малдарға жасау.

#### **98. Жануарларды алып жүруші.**

##### **Параграф 1. Жануарларды алып жүруші, 3-разряд.**

971. Жұмыс сипаттамасы: жөнелту, бару пункттерінде және автомашиналармен, теміржолмен, су көлігімен тасымалдау кезінде жануарлар мен құстарға ілесіп жүру, оларға қызмет көрсету және күзету; базаларда мал партияларын қабылдап алу және бару пунктіне айдап жүру; малды, құсты, инвентарь мен жемазықты жөнелту, бару пункттерінде жеткізу, тиеу, бару пунктінде түсіру; көлік құралдарында мал мен құсқа арналған орынжайларды жабдықтау және күтіп ұстау; малды дайындау және сою пунктіне айдап бару; мал мен құсты азықтандыру, суару және туалетін сақтау, малды бару жолында жаю; малды өлшеуге, ветеринарлық өңдеуге, сұрыптауға қатысу; жарақат алған мал мен құсқа алғашқы көмек көрсету; белгіленген құжаттаманы дайындау және мал мен құсты қабылдап алу-тапсыру актісі бойынша тапсыру.

972. Білуге тиіс: мал мен құсты қабылдап алу, тасымалдау және тапсыру тәртібі; жануарларды вагонға, автомашиналарға, су көлігіне тиеу, қызмет көрсету және орналастыру; орындалатын жұмыс шегінде, теміржолдардағы дабылдату нұсқаулығы; жол жүру бағыты және мал мен құсқа алғашқы жәрдем көрсету қағидалары, зоотехника мен ветеринария негіздері; малды айдау, жаю қағидалары мен азықтандыру рационы мен мерзімі; қабылдап алу-тапсыру құжаттарын ресімдеу қағидалары. Асыл тұқымды мал мен құсқа ілесіп жүру кезінде – 4-разряд.

## **99. Құс өсіруші.**

### **Параграф 1. Құс өсіруші, 2-разряд.**

973. Жұмыс сипаттамасы: құсты азықтандыру және күту жөніндегі қосалқы жұмыстарды орындау; құстарды кілеттерге орналастыру, оларды кілеттерден алу және бордақылауға беру; жемдегеннен кейін құстың жай-күйін қадағалау, құсты союға уақытында жіберу; түнгі уақытта құсты күту, осал құстарды анықтау және өлгендерін жинау; орынжайда берілген температура және ауа режимін сақтау; құстарды жаю; жұмыртқаны сұрыптау, калибрлеу және қолмен жуу; жұмыртқаны сұрыптау таңбалау, салу және буып-түю; өндірістік орынжайды және жұмыс орындарын жинау; кілетті және басқа да қызмет көрсететін жабдық пен инвентарді тазалау, жуу.

974. Білуге тиіс: құсты азықтандыру және күту қағидалары; құстың ауруы белгілері; құсты ұстау және өсіру жағдайларына қойылатын зооветеринарлық және санитариялық негізгі талаптар; жұмыртқаны сұрыптау таңбалау, салу және буып-түю қағидалары; зарарсыздандыратын ертіндінің құрамы.

### **Параграф 2. Құс өсіруші, 4-разряд.**

975. Жұмыс сипаттамасы: жерде ұстау кезінде өнеркәсіптік табындағы ересек құсты және өнеркәсіптік табындағы жас құстарды күту жөніндегі қол және ішінара механикаландырылған жұмыстар; жемді дайындау, оған микроэлементсалқы жұмыстарды орындау; құстарды кілеттерге орналастыру, оларды кілеттен мен басқа да қоспаларды салу; суарғышқа судың берілуін реттеу; қиды шығару, суарғышты жуу, науалар мен ұяларды тазалау; құс өнімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды орындау; құсты сұрыптау және браққа шығару; жұмыртқаны жинау, салу сұрыптау таңбалау, салу, буып-түю және тапсыру; алдын алу және емдеу іс-шараларына қатысу; жабдықты техникалық күту; құстарға арналған орынжайда берілген температура және ауа режимін реттеу; құсты кілетте ұстау кезінде табаларды тазалау.

976. Білуге тиіс: жерде және кілетте ұсталатын ауылшаруашылық құстарының анатомиясы мен физиологиясы негіздері; қызмет көрсететін құс өнімділігін арттыру

әдістері; технологиялық жабдықты пайдалану ережесін және оларды күту қағидалары; жем берудің нормалары мен тәртібі; қызмет көрсететін құстардың ақуызға, дәрумендер мен минералдік заттарға мұқтаждығы.

### **Параграф 3. Құс өсіруші, 5-разряд.**

977. Жұмыс сипаттамасы: тор ұяда өсірілетін өнеркәсіптік табындағы құсты, асыл тұқымды жас құстарды, аналық және селекциондық-асыл тұқымды табынды күту жөніндегі қол және ішінара механикаландырылған жұмыстар; азықтандыру, суару, қиды шығару; құс өнімділігін арттыру, оларды теңгермелі қоректі заттармен қоректендіру жөніндегі іс-шараларды орындау.

978. Білуге тиіс: тор ұяда өсіру кезінде қолданылатын тор ұя батарейлер мен жабдықтың құрылымы; асыл тұқымды құсты өсіру және күту жөніндегі ерекшеліктер; селекциондық-асыл тұқымды табынды күту жұмысының негізгі әдістері.

### **100. Ара өсіруші.**

#### **Параграф 1. Ара өсіруші, 3-разряд.**

979. Жұмыс сипаттамасы: араларды күту және олардан өнім алу жөніндегі қосалқы және көмекші жұмыстарды орындау; араларды қыстықтан шығару; оларды бал жиынына дайындау және апару, омартада орналастыру; омарталарды алдына ала күту, жөндеу және бояу; рамкаларды керу және өсіру; ара шаруашылығы өнімін өңдеу; ұяларды жылыту; араларды азықтандыру және ұяны қысқа дайындау; ұяны, инвентарды, зарарсыздандыру, аурумен және зиянкестермен алдын ала күресу іс-шараларын жүргізу; омартадағы және орынжайлардағы санитарлық-гигиеналық жағдайларды ұстау; орынжайларды, қоршауды, жабдықтар мен инвентарды ағымдық жөндеу.

980. Білуге тиіс: ара отбасының құрамы; аналықтың, жұмысшы аралардың рөлі; ара отбасының жыл ішіндегі тіршілік-тынысы; омартаға, араны күтуде, бал жинауда және балауыз шикізатын қайта өңдеуде қолданылатын инвентарға қойылатын талаптар; жабдықты пайдалану қағидалары; араларды қыстықтан шығару және қыстыққа қою техникасы.

#### **Параграф 2. Ара өсіруші, 4-разряд.**

981. Жұмыс сипаттамасы: тауарлы және тозаңдату омарталарында араларды күту жұмыстарды орындау; араларды тозаңдатылатын дақылдарға үйрету; хош иісті сироп дайындау және оны араларға беру; сотылардың сапасын, ұядағы аралардың саны мен балды, барлық жастағы отбасы мүшелерінің күші мен төлдеуін тексеру; ара фермасының, омартаның бал балансын жасау; ара отбасыларын отырғызу; отбасындағы араларды көбейту; ара отбасыларының көктемгі түгендемесін жүргізу; ара



ауруымен және зиянкестермен алдын ала күресу; аналықтарды шығару және ауыстыру; омартадағы бал сотыларын іріктеу және оларды ашу; балды ағызып алу, ара шаруашылығы өнімін өңдеу; араларға қысқы және көктемгі уақытқа жемазық дайындау; омартадағы есепті жүргізу.

982. Білуге тиіс: ара өнімін өнеркәсіптік өндіру технологиясы; жекелеген ара жұптарының құрылымы мен биологиясы, олардың жем құрамы; күшті және жоғары өнімді ара отбасыларын ұстау әдістері; даланың, жайылымдар мен шабындықтардың маңызды бал беретін шөп түрлері; алудың негізгі типтері; әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарын тозаңдату кезінде араларлы пайдалану ерекшелігі; ұяларды ұлғайту тәсілдері; араларды типтік ұяларды ұстау әдістері; араларды бал жинауға дайындау және апару тәсілдері; аналықтарды шығару және ауыстыру, араны қысқа дайындау және оларды қысқы кезеңде күту тәсілдері; ара балының құрамы мен қасиеттері; араны қыста қосымша қоректендіру, балды, балауыз шикізатын буып-түю және сақтау, оны қайта өңдеу тәсілдері, аурулармен және зиянкестермен алдын ала күресу шаралары.

### **Параграф 3. Ара өсіруші, 5-разряд.**

983. Жұмыс сипаттамасы: аналық шығару, асыл тұқымды және тозаңдату—бал өндіру фермаларында, омарталарында араларды күту жұмыстарды орындау; аналықтарды шығару және ауыстыру; араларды тозаңдатылатын дақылдарға үйрету; тәрбиеленуші отбасыларды дайындау және оларды азықтандыру; личинкаларға екпе салу, ара аналықтарын жұптастыру үшін нуклеустарды дайындау және аналықтарды отырғызу; өнімді аналықтарды іріктеу және оларды тапсырыс берушіге жөнелту; жасанды жолмен ара отбасыларын жасақтау, араларды бал жинауда және ауылшаруашылық дақылдарын тозаңдату кезінде араларды пайдалану; араларды тозаңдатылатын дақылдарға үйрету; ауру ара отбасыларын анықтау, оларды араларды және төл үлгілерін зерттеуге жөнелту; ара сүтін, прополисті, гүл тозаңын жинау; асыл тұқымды аналық шығарылатын омарталарда есеп құжаттамасын жүргізу.

984. Білуге тиіс: асыл тұқым өсіру ісі негіздері; аналық личинкалардың даму және азықтық режимі; өнім беретін және бермейтін аналықтардың белгілері; ара аналықтарын шығарудың жолдары мен техникасы; личинкалардың азық режимі; нуклеустарды қалыптастыру техникасы; пакетті ара өсіру, ара төлінің және ересек аралардың аурулары; аралардың улы химикаттардан улануы; ара ауруларымен күресу шаралары; ара сүтін, прополисті, гүл тозаңын жинау және сақтау тәсілдері.

### **101. Ветеринарлық санитар.**

#### **Параграф 1. Ветеринарлық санитар, 3-разряд.**

985. Жұмыс сипаттамасы: емдік заттарды, жабдықты, инструменттерді, материалдарды жасау және дайындау; ауру және тәжірибелік жануарларды күту;

тұяқтарды кесу, мүйізді алу және кесу, өнеркәсіптік құс шаруашылығында балапандардың тұмсығын кесу және күйдіру; жануарлардың тері қабатын паразиттерге қарсы өңдеу. Дератизация жүргізу; мал базасындағы малдың жай-күйін қадағалау; ветеринарлық емханадағы, зертханадағы, участка мен пункттегі санитарлық тәртіпті сақтау; карантин және ауру және ауру күдікті малдарды ветеринарлық дәрігердің нұсқауы бойынша оқшаулау жөніндегі іс-шараларды орындау; зертхана жануарларын күту.

986. Білуге тиіс: хирургиялық аспаптар мен материалдарды стерилизациялау қағидалары; жануарларға алғашқы көмек көрсету қағидалары; дәрілік заттарды беру тәсілдері; жануарлармен жұмыс кезінде, инструменттер мен жабдықтарды пайдалану кезінде жеке қауіпсіздік қағидалары.

## **Параграф 2. Ветеринарлық санитар, 4-разряд.**

987. Жұмыс сипаттамасы: ветеринар мамандарға жануарларды аппараттар мен механизмдердің көмегімен жаппай егу, өңдеу, сондай-ақ жануарлардың денесін патологоанатомиялық жару, және утильдеу при кезінде көмек көрсету; вакциналау, зарарсыздандыру және дезинсекциялау; зарарсыздандыру ертінділерін әзірлеу; малдан қан сынамасын алу.

988. Білуге тиіс: малдың анатомиясы мен физиологиясы; малдың ауруын анықтау тәсілдері; жалпы алдын алу, аурудың себептері мен сыныптамасы; вакциналау әдістері; алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру негіздері; зарарсыздандыру, бүріккіш және орынжайлар мен малды механикаландырылған өңдеуге арналған басқа да аспаптардың қондырғысының құрылымы.

## **102. Шошқа өсіруші.**

### **Параграф 1. Шошқа өсіруші, 3-разряд.**

989. Жұмыс сипаттамасы: шошқа басын күту жөніндегі көмекші жұмыстар; кезекшілік кезінде туған торайларды қабылдау; аналықтар мен торайларды қосымша азықтандыру; ауырған малға алғашқы көмек көрсету және шошқаны бағы жөніндегі басқа да жұмыстарды орындау; оларды қабылдау, өлшеу және айдап бару; шошқа басының сақталуын қадағалау.

990. Білуге тиіс: шошқаны бағу және азықтандыру қағидалары; төлді алғашқы өңдеу және ауырған және төлдеген кезде алғашқы көмек көрсету қағидалары.

### **Параграф 2. Шошқа өсіруші, 4-разряд.**

991. Жұмыс сипаттамасы: бойдақ және супорос аналықтарды, жөндеудегі төлдер мен бордақыдағы шошқаларды күту жөніндегі қол немесе ішінара механикаландырылған жұмыстар; азықтандыру, суару, қиды шығару және орынжайды

жинау; төл алуды көбейту шараларын орныдау; шошқаны теңгермелі қоректік заттармен интенсивті бордақылау; оларды фермаларда бағудың зоогигиеналық нормаларын сақтау; аналықтарды шағылыстыруды жүргізу және қолдан ұрықтандыруға қатысу; аналықтарды күшіктеуге дайындау; ауырған малға көмек көрсету және аурудың, малдың өлім-жітімі мен ауруының алдын алу және емдеу шараларын жүргізуге көмектесу; бордақыланған малды өлшеу және ет комбинатына жөнелту.

992. Білуге тиіс: бойдақ және супорос аналықтарды, жөндеудегі төлдер мен бордақыдағы шошқаларды күту және азықтандыру қағидалары, технологиясы мен озық әдістері; жемнің құрамы мен қоректілігі және жем рациондарының құрылымы; жемді азықтандыру тәртібі; жануарлардың ақуызға, дәрумендер мен минералдық заттарға мұқтаждығы; қызмет көрсетілетін шошқа басының өнімділігін арттыру тәсілдері; жануарлардың жынысы-жасы бойынша ұстауға қойылатын зоогигиеналық талаптар; анағұрлым кең тараған ауру түрлері және ауырған малға алғашқы көмек көрсету әдістері; аурудың алдын алу жөніндегі ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар; сойылатын мал кондициясы, шошқа өсіру техникасы; аналықтардың өнімділігін бағалау; төлдің аз болуы, аборттар мен қысыр қалудың негізгі себептері.

### **Параграф 3. Шошқа өсіруші, 5-разряд.**

993. Жұмыс сипаттамасы: емізетін аналықтарды төлімен, 4 айға дейінгі еметін және ембейтін торайларды күту жөніндегі қол немесе ішінара механикаландырылған жұмыстар; торайларды азықтандыру, суару, қиды шығару және орынжайды жинау; малды ұстауды жақсарту, төл шығымын көбейту, төлдің сақталуын және орташа тәуліктік салмақ қосуын арттыру мақсатымен теңгермелі қоректік заттармен азықтандыру жөніндегі іс-шараларды орындау; механизмдердегі қарапайым ақауларды жою.

994. Білуге тиіс: шошқаның биологиялық ерекшеліктері, олардың анатомиясы мен физиологиясы негіздері; емізетін аналықтарды төлімен, 4 айға дейінгі еметін және ембейтін торайларды күтудің технологиясы мен озық әдістері; төл шығымын көбейту, төлдің сақталуын және орташа тәуліктік салмақ қосуын арттыру әдістері; қызмет көрсететін машиналар мен механизмдердің құрылымы, оларды пайдалану және күту қағидалары, оларды реттеу және техникалық қызмет көрсету қағидалары.

### **Параграф 4. Шошқа өсіруші, 6-разряд.**

995. Жұмыс сипаттамасы: қабандарды күту жөніндегі қол немесе ішінара механикаландырылған жұмыстар; азықтандыру, суару, қиды шығару және орынжайды жинау; ветеринарлық өңдеуге қатысу; төл шығымын көбейту мақсатымен, малды ұстауды және теңгермелі қоректік заттармен азықтандыру жөніндегі іс-шараларды

орындау; малды шағылыстыруды және моционын жүргізу; малға алғашқы көмек көрсету, орынжайды жинау және таға басқа жұмыстар.

996. Білуге тиіс: қабандарды күту мен азықтандырудың технологиясы мен озық әдістері; жыныстық жетілу белгілері; қабандарды пайдалану және олардан ұрық алу қағидалары.

### **103. Жүн мен мамықты сұрыптаушы.**

#### **Параграф 1. Жүн мен мамықты сұрыптаушы, 5-разряд.**

997. Жұмыс сипаттамасы: жуылмаған жүн мен мамықты стандарт бойынша сұрыптау; жүннің түрін, жұқалығын (сапасын), ұзындығын, оның жай-күйін (қалыпты, кірлі, ақаулы және тағы басқа), мамықтың түрін анықтау (1-ші және 2-ші түтумен, донебаждық таралған); рунаны стандарт бойынша сыныптау кезінде сыныпқа немесе кіші сыныпқа жатқызу; қол жүнді түсі мен жай-күйіне қарай сұрыптау және біліктілігі анағұрлым жоғары сұрыптаушының басшылығымен жүннің ластану деңгейін айқындау.

998. Білуге тиіс: жүн мен мамықтың ассортименті мен техникалық жағдайы; жүннің және мамықтың түрі, жұқалығы, ұзындығы, жай-күйі, түсі, ластану деңгейін айқындау; буманы буып-түю қағидалары.

#### **Параграф 2. Жүн мен мамықты сұрыптаушы, 6-разряд.**

999. Жұмыс сипаттамасы: жуылмаған жүн мен мамықты стандарт бойынша сұрыптау; жүннің түрін, жұқалығын (сапасын), ұзындығын, оның жай-күйін (қалыпты, кірлі, ақаулы және тағы басқа), мамықтың түрін анықтау (1-ші және 2-ші түтумен, донебаждық таралған); рунаны стандарт бойынша сыныптау кезінде сыныпқа немесе кіші сыныпқа жатқызу; қол жүнді түсі мен жай-күйіне қарай сұрыптау; жүннің ластану деңгейін айқындау; сұрыптау бойынша алғаш есепке алуды жүргізу.

1000. Білуге тиіс: жүн мен мамықты дайындау стандарты мен техникалық шарттары; жүннің түрі, жұқалығы (сапасы), ұзындығы, оның жай-күйі, түсін айқындау белгілері; алғашқы есепті жүргізу тәртібі; буманы буып-түю және таңбалау қағидалары.

### **104. Аттарды жаттықтырушы.**

#### **Параграф 1. Аттарды жаттықтырушы, 6-разряд.**

1001. Жұмыс сипаттамасы: жас малды мініп және жаттықтырып үйрету жұмыстарын ұйымдастыру; ерттеу, кордовой және бичевой жұмысы; жылқының тренингі мен физиологиялық жай-күйін бақылау және есепке алу; жылқыны тағалау есебін жүргізу; уақыт, қашықтық, қозғалыс жылдамдығы жүктемелеріндегі ерекшеліктерді ескере отырып, жылқыны жаттықтыру және сынау жоспарлары мен

кестелерін жасау; жаттықтыру және сынау материалдарын есепке алу және талдау; жылқы әбзелін ұдайы тексеру; жылқылардың дәстүрлі жүлделерге, топтық жарыстарға және басқа да жаттығуларға қатысу өтінімдерін жасау; жүлдеге шабу диспозициясын құру; жылқыны көлік құралдарына тиеу мен түсіруді ұйымдастыру; шабандоздардың және жаттықтыру бөлімшесі атбегілерінің жұмысына басшылық ету.

1002. Білуге тиіс: жылқының тренингі анатомиясы, зоогигиенасы, физиологиясы; ветеринария негіздері; ипподромдағы асыл тұқымды жылқыларды тағалау мен сынау қағидалары; асыл тұқымды жылқыларды өсіру, ұстау және азықтандыру технологиясы.

## **105. Шопан.**

### **Параграф 1. Шопан, 3-разряд.**

1003. Жұмыс сипаттамасы: қой мен ешкі басын бағу жөніндегі қосалқы жұмыстар; саулықтар мен ешкілерді жайылымнан төлдеу бөлімшесіне жеткізу. Жем әкелу; төлдеу бөлімшесінде қозыларды азықтандыру, суару және күту жұмыстарына көмек көрсету; қойларды қырқымға, бонитировкаға және қырқымнан кейін зарарсыздандырушы ертіндіде жалдау; орынжайды жинау және зарарсыздандыру; қой қораны қидан тазарту; қиды қолмен кесу; мал ауруының алдын алу шараларына қатысу; мал басын қадағалау, сақманды қабылдау мен кезекшілік кезіндегі басқа да жұмыстар.

1004. Білуге тиіс: зоогигиена мен ветеринария жөніндегі қарапайым деректер; қойды қырқымға, бонитировкаға және беру техникасы; қырқымнан кейін қойды жалдау қағидалары; көлік құралдарының құрылымы және жүк тасу қағидалары; сақманды қабылдау мен төлдеу бөлімшесінде қозыларды күту қағидалары.

### **Параграф 2. Шопан, 4-разряд.**

1005. Жұмыс сипаттамасы: қой басын, ешкілерді, қойларды, қошқарлар мен 1,5 жасқа дейінгі тұсақтарды (тушаларды) пайдалану және мал өсіру кешендерінде күту жөніндегі қолмен атқарылатын және ішінара механикаландырылған жұмыстар; малды азықтандыру, суару; мал басының өнімділігін арттыру және сақталуы мақсатында қызмет көрсететін мал басын ұстау және азықтандыруды жақсарту жөніндегі іс-шараларды орындау; сақманды қалыптасыру кезінде саулықтар мен қозыларды іріктеу; ауырған малға және қозылау кезінде көмек көрсету; саулықтар мен қозыларды санитариялық-гигиеналық баптау; қоздаған кезде саулықтарды күту; қозыларды басқа саулыққа жанастыру.

1006. Білуге тиіс: бекітілген мал басын азықтандыру, суару, күту және бағу қағидалары; негізгі жемдер және олардың жұғымдылық қасиеттері; азықтандыру нормалары; жануарлардың ақуызға, дәрімендер мен минералдық заттарға қажеттігі;

қоздату және қозыларды өсіру технологиясы; ветеринария және зоогигиена негіздері; қызмет көрсетілетін қой басын арттыру әдістері; анағұрлым кең тараған ауру түрлері және ауырған малға алғашқы және дәрігерге дейінгі көмек көрсету жолдары.

### **Параграф 3. Шопан, 5-разряд.**

1007. Жұмыс сипаттамасы: саулық қой басын, ешкілерді, қойларды, қошқарлар мен 1,5 жасқа дейінгі тұсақтарды (тушаларды) пайдалану фермаларында күту жөніндегі қолмен атқарылатын және ішінара механикаландырылған жұмыстар; малды азықтандыру, суару және жаю; қозы басын, жүн алуды көбейту және мал басының сақталуын жақсарту жөніндегі іс-шараларды орындау; түбітті ешкілерді тарау; қой мен ешкіні қолмен қырку; жасанды ұрықтандыру кезінде операторларға тұқым алуға көмек көрсету.

1008. Білуге тиіс: саулық қой басын, ешкілерді, қойларды, қошқарлар мен төлдерді ұстаудың технологиясы мен озық әдістері; жас төлді ұстау мен өсіру технологиясының ерекшеліктері; қой мен ешкі ауруының алдын алу; қозы алуды көбейту әдістері; антибиотиктен мен микроэлементтерді қолдану қағидалары; зоотехникалық есеп жүргізу қағидалары; қолмен қырудың технологиясы мен кезектілігі.

### **Параграф 4. Шопан, 6-разряд.**

1009. Жұмыс сипаттамасы: саулық қой басын, ешкілерді, қойларды, қошқарлар мен 1,5 жасқа дейінгі тұсақтарды (тушаларды) асыл тұқымды мал фермаларында күту жөніндегі қолмен атқарылатын және ішінара механикаландырылған жұмыстар; малды азықтандыру, суару және жаю; асыл тұқымды саулық басының сапасын жақсарту және қозы алуды көбейту жөніндегі іс-шараларды орындау.

1010. Білуге тиіс: саулық қой басын, ешкілерді, қойларды, қошқарлар мен төлдерді асыл тұқымды мал фермаларында ұстаудың технологиясының ерекшеліктері; асыл тұқымды қой мен ешкінің сапасын жақсарту әдістері; асыл тұқымды мал өсіру және зоотехникалық есеп жүргізу қағидалары.

## **106. Жібек өсіруші.**

### **Параграф 1. Жібек өсіруші, 2-разряд.**

1011. Жұмыс сипаттамасы: жібек құртына арналған шөп пен сабанды дайындау, оларды құрты жолына жеткізу; жібек құрттығын сабаннан станоктарға бөлу; ораманы жазу және төсем қағазын кесу; 3-5 жастағы гусеницаларға арналған жемді дайындау, өңдеу және құрт жолына жеткізу; жібек құртын қолмен тазалау; ревендук тігу және оны стеллаждарға кигізу, көлеңкелі кептіру перделерін ілу; қабылданған жібек құртын дайындау пунткінің тарасына салу, оларды уақытша сақтау орнына немесе механикалық піллә кептіргішке (булы морилкаларға) апару, механикалық кептіргішке

немесе булы морилкаларға салу, олардан түсіріп алу, жартылай кепкен жібек құртын көлеңкелі кептіру стеллаждарына апару; құрғақ жібек құртын қанар қаптарға таралау және бунтыларға салу, көлеңкелі кептіру стеллаждарындағы жібек құртын аудармалау, кара-пачаха пілләсін іріктеп алу.

1012. Білуге тиіс: жемдеу кезінде қолданылатын машиналар мен инвентардың құрылымы мен нысаны; жібек құртын кептірудің технологиялық режимі; кептірілген жібек құртының сапасына қойылатын талаптар; піллә кептіргіштің құрылымы мен нысаны.

## **Параграф 2. Жібек өсіруші, 4-разряд.**

1013. Жұмыс сипаттамасы: тұт жапырағын дайындау, кіші және ересек жастағы тұт көбелегін солармен азықтандыру; төсемді ауыстыру, гусеница партияларын сиректеу және тегістеу; кіші жастағы тұт көбелегі гусеницаларын біріктіріп жемдеу үшін жылытылған камераларды дайындау және осы камераларда гусеницаларды жемдеу; камералардағы температура режимі мен ылғалды реттеу, орынжайлардағы ауаны желдету; тұт көбелегі гусеницалары ауруларымен күрес жөніндегі алдын алу шараларын жүргізу; орамаға дайын гусеницаларды құрттыққа қою; пілләні құрттықтан алу, сапасына қарай сұрыптау және жөнелту үшін буып-түю; жібек құртының ірі тобын құрттықтарда ұйымдастыру және шығару; тірілерін қатыру және сұрыптық жібек құрттарын піллә кептіру камераларында, конвейерлі және жәшікті піллә кептіргіштерде бумен кептіру; жібек құрты салынған арбаларды камераға кіргізу және кейін шығарып алу; камерада берілген температураны сақтау және режимге сәйкес қатыру процесін қадағалау.

1014. Білуге тиіс: азықтандыру кезінде қолданылатын машиналар мен инвентардың құрылымы мен нысаны; жібек құртының бай шығымын өсіру үшін қажетті шарттар; жібек құрты гусеницасының аурулары және олармен күресу шаралары; жібек құрты гусеницасының ауруларымен күресте қолданылатын улы химикаттар; жібек құртының аурулары мен зиянкестері және олармен күресу жолдары; улы химикаттардың түрлерін және оларды қолдану қағидалары; жібек құртын қатыру және кептірудің технологиялық режимі; кептірілген піллә сапасына қойылатын талаптар.

## **Параграф 3. Жібек өсіруші, 5-разряд.**

1015. Жұмыс сипаттамасы: пілләні инкубациялау; табаларды дайындау; инкубаторийдағы берілген температура мен ылғалдылықты сақтау; тірілген гусеницаларды түсіріп алу, оларды азықтандыру және жібек құрттарына бөліп беру.

1016. Білуге тиіс: тұт жібек құрты биологиясының негіздері, пілләні инкубациялауды ұйымдастыруды және оның технологиясы; тірілген гусеницаларды азықтандыру қағидалары.

Жұмыстар мен жұмысшылар  
кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-  
біліктілік анықтамалығына  
(64-шығарылым) 1-қосымша

**Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші**

Р/с №	Кәсіптердің атауы	Разряд диапазоны	Беті
Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы жұмысшылар кәсіптері			
1.	Ағаш өсіруші	2-5	58
2.	Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі	2-5; 7-8	58
3.	Бағбан	1-5	59
4.	Гүл өсіруші	1-4	59
5.	Дикан	1-4	60
6.	Жабық топырақ жабдығының операторы	1-4	60
7.	Жүзім өсіруші	2-4	61
8.	Зығыр өсіруші	1-5	62
9.	К е п т і р у құрылғыларының операторы	1-6	62
10.	Көкөніс өсіруші	1-4	63
11.	Егін өсіруші	1-5	63
12.	Күріш өсіруші	1-6	64
13.	Құлмақ өсіруші	3-4	65
14.	Қызылша өсіруші	3-6	65
15.	Саңырауқұлақ өсіруші	2-6	65
16.	Стационарлық сорғы станциясының машинисі	3-6	65
17.	Су бүріккіш құрылғысының машинисі	3-6	66
18.	Темекі өсіруші	2-3	66
19.	Тұқым өсіруші	1-5	67
20.	Шай өсіруші	2-5	68
21.	Эфир-зәйтүн өсіруші	1-4	68
Мал шаруашылығы			
1	Сауыншы	4-6	69-70
2	Малшы	3-6	69-72
3	Жұмыс малын күтетін малшы	4-5	72-73
4	Жокей	5-6	73
5	Аң өсіруші	5-6	73



6	Жылқышы	3-6	74
7	Пантыларды консервілеуші	4	76
8	Қоян өсіруші	4-5	75-76
9	Қымыз дайындаушы	3-4	76
10	Жібек құрты жөніндегі зертханашы	2-5	77
11	Шабандоз	5-6	77-78
12	Тері өңдеуші	3-4	78-79
13	Бұғы өсіруші	35	79-80
14	Мал шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2; 4-6	80
15	Машинамен сауу операторы	4-6	80-81
16	Қой шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	81-82
17	Малды ветеринарлық өңдеу операторы	5	88
18	Мал мен құсты жасанды ұрықтандыру жөніндегі оператор	4; 6	89
19	Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	90-92
20	Шошқа өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2; 4-6	92-94
21	Жемазық дайындау цехының операторы	3-6	94-95
22	Кәсіпшілік аңшысы	4-5	95-96
23	Ветеринарлық препараттор	3	96
24	Жемазық дайындаушы	1-4	96-98
25	Малға ілесіп жүретін адам	3-4	98
26	Құс өсіруші	2; 4-5	98-99
27	Ара өсіруші	3-5	100-101
28	Ветеринарлық санитар	3-4	101-102
29	Шошқа өсіруші	3-6	102-103
30	Жүн мен түбітті сорттаушы	5-6	103-104

31	Аттарды жаттықтырушы	6	104
32	Шопан	3-6	105-106
33	Жібек өсіруші	2; 4-5	106-108

Жұмыстар мен жұмысшылар  
кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-  
біліктілік анықтамалығына  
(64-шығарылым) 2-қосымша

**БТБА-ның "Мал шаруашылығындағы жұмыс" бөлімінде көзделген және олардың атауларын бұрын қолданыста болған 1997 жылы шығарылған БТБА-ның шығарылымы және бөлімдердің бойынша кәсіптің атауларының тізбесі**

Р/с №	Осы бөлімде орналастырылған кәсіптердің атаулары	Разрядтар диапазоны	1997 жылы шығарылған БТБА қолданыстағы шығарылымы бойынша кәсіптің атауы	Разрядтар диапазоны	шығарылым №	Бөлімнің қысқартылған атауы
1	Сауыншы	4-6	Сауыншы	4-6	64	М а л шаруашылығы
2	Малшы	3-6	Малшы	3-6	64	М а л шаруашылығы
3	Жұмыс малын күтетін малшы	4-5	Жұмыс малын күтетін малшы	4-5	64	М а л шаруашылығы
4	Жокей	5-6	Шабандоз	5-6	64	М а л шаруашылығы
5	Аң өсіруші	5-6	Аң өсіруші	5-6	64	М а л шаруашылығы
6	Жылқышы	3-6	Жылқышы	3-6	64	М а л шаруашылығы
7	Пантыларды консервілеуші	4	Пантыларды консервілеуші	4	64	М а л шаруашылығы
8	Қоян өсіруші	4-5	Қоян өсіруші	4-5	64	М а л шаруашылығы
9	Қымыз дайындаушы	3-4	Қымыз дайындаушы	3-4	64	М а л шаруашылығы

10	Жібек құрты жөніндегі зертханашы	2-5	Жібек құрты жөніндегі зертханашы	2-5	64	М а л шаруашылығы
11	Шабандоз	5-6	Ат айдаушы	5-6	64	М а л шаруашылығы
12	Тері өңдеуші	3-4	Тері өңдеуші	3-4	64	М а л шаруашылығы
13	Бұғы өсіруші	3-5	Бұғы өсіруші	3-5	64	М а л шаруашылығы
14	М а л шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2, 4-6	М а л шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2, 4-6	64	М а л шаруашылығы
15	Машинамен сауу операторы	4-6	Машинамен сауу операторы	4-6	64	М а л шаруашылығы
16	Қ о й шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	Қ о й шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	64	М а л шаруашылығы
17	Малды ветеринарлық өңдеу операторы	5	Малды ветеринарлық өңдеу операторы	5	64	М а л шаруашылығы
18	Мал мен құсты жасанды ұрықтандыру жөніндегі оператор	4;6	Мал мен құсты жасанды ұрықтандыру жөніндегі оператор	4; 6	64	М а л шаруашылығы
19	Қ ұ с фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	Қ ұ с фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	64	М а л шаруашылығы
	Шошқа өсіру кешендері мен		Шошқа өсіру кешендері мен			

20	механикаландырылған фермалардың операторы	2; 4-6	механикаландырылған фермалардың операторы	2; 4-6	64	М а л шаруашылығы
21	Жемазық дайындау цехының операторы	3-6	Жемазық дайындау цехының операторы	3-6	64	М а л шаруашылығы
22	Кәсіпшілік аңшысы	4-5	Кәсіпшілік аңшысы	4-5	64	М а л шаруашылығы
23	Ветеринарлық препараттор	3	Ветеринарлық препараттор	3	64	М а л шаруашылығы
24	Жемазық дайындаушы	1-4	Жемазық дайындаушы	1-4	64	Мал шаруашылығы
25	Малға ілесіп жүретін адам	3-4	Малға ілесіп жүретін адам	3-4	64	М а л шаруашылығы
26	Құс өсіруші	2; 4-5	Құс өсіруші	2; 4-5	64	М а л шаруашылығы
27	Ара өсіруші	3-5	Ара өсіруші	3-5	64	М а л шаруашылығы
28	Ветеринарлық санитар	3-4	Ветеринарлық санитар	3-4	64	М а л шаруашылығы
29	Шошқа өсіруші	3-6	Шошқа өсіруші	3-6	64	М а л шаруашылығы
30	Жүн мен түбітті сорттаушы	5-6	Жүн мен түбітті сыныптаушы	5-6	64	М а л шаруашылығы
31	Аттарды жаттықтырушы	6	Аттарды жаттықтырушы	6	64	М а л шаруашылығы
32	Шопан	3-6	Шопан	3-6	64	М а л шаруашылығы
33	Жібек өсіруші	2, 4-5	Жібек өсіруші	2, 4-5	64	М а л шаруашылығы

**Бұрын қолданыста болған БТБА-ның "Мал шаруашылығындағы жұмыс" бөлімінде көзделген, кәсіптердің өзгертілген атаулары, олар енгізілген бөлімдер мен шығарылымдар нөмірлері көрсетілген жұмысшы кәсіптерінің тізбесі**

Р/с №	1984 жылы шығарылған БТБА қолданыстағы шығарылымы бойынша кәсіптің атауы	Разрядтар диапазоны	Осы бөлімде орналастырылған кәсіптердің атаулары	Разрядтар диапазоны	шығарылым №	Бөлімнің қысқартылған атауы
1	Сауыншы	4-6	Сауыншы	4-6	64	М а л шаруашылығы
2	Малшы	3-6	Малшы	3-6	64	М а л шаруашылығы
3	Жұмыс малын күтетін малшы	4-5	Жұмыс малын күтетін малшы	4-5	64	М а л шаруашылығы
4	Жокей	5-6	Шабандоз	5-6	64	М а л шаруашылығы
5	Аң өсіруші	5-6	Аң өсіруші	5-6	64	М а л шаруашылығы
6	Жүн мен түбітті сыныптаушы	5-6	Жүн мен түбітті сортаушы	5-6	64	М а л шаруашылығы
7	Жылқышы	3-6	Жылқышы	3-6	64	М а л шаруашылығы
8	Пантыларды консервілеуші	4	Пантыларды консервілеуші	4	64	М а л шаруашылығы
9	Қоян өсіруші	4-5	Қоян өсіруші	4-5	64	М а л шаруашылығы
10	Қымыз дайындаушы	3-4	Қымыз дайындаушы	3-4	64	М а л шаруашылығы
11	Жібек құрты жөніндегі зертханашы	2-5	Жібек құрты жөніндегі зертханашы	2-5	64	М а л шаруашылығы
12	Шабандоз	5-6	Ат айдаушы	5-6	64	М а л шаруашылығы
13	Тері өңдеуші	3-4	Тері өңдеуші	3-4	64	М а л шаруашылығы

14	Бұғы өсіруші	3-5	Бұғы өсіруші	3-5	64	М а л шаруашылығы
15	М а л шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2, 4-6	М а л шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2, 4-6	64	М а л шаруашылығы
16	Машинамен сауу операторы	4-6	Машинамен сауу операторы	4-6	64	М а л шаруашылығы
17	Қ о й шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	Қ о й шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	64	М а л шаруашылығы
18	Малды ветеринарлық өңдеу операторы	5	Малды ветеринарлық өңдеу операторы	5	64	М а л шаруашылығы
19	Мал мен құсты жасанды ұрықтандыру жөніндегі оператор	4; 6	Мал мен құсты жасанды ұрықтандыру жөніндегі оператор	4; 6	64	М а л шаруашылығы
20	Қ ұ с фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	Қ ұ с фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы	2-6	64	М а л шаруашылығы
21	Шошқа өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2; 4-6	Шошқа өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы	2; 4-6	64	М а л шаруашылығы
22	Жемазық дайындау цехының операторы	3-6	Жемазық дайындау цехының операторы	3-6	64	М а л шаруашылығы

23	Ветеринарлық препаратор	3	Ветеринарлық препаратор	3	64	М а л шаруашылығы
24	Жемазық дайындаушы	1-4	Жемазық дайындаушы	1-4	64	М а л шаруашылығы
25	Малға ілесіп жүретін адам	3-4	Малға ілесіп жүретін адам	3-4	64	М а л шаруашылығы
26	Құс өсіруші	2; 4-5	Құс өсіруші	2; 4-5	64	М а л шаруашылығы
27	Ара өсіруші	3-5	Ара өсіруші	3-5	64	М а л шаруашылығы
28	Ветеринарлық санитар	3-4	Ветеринарлық санитар	3-4	64	М а л шаруашылығы
29	Шошқа өсіруші	3-6	Шошқа өсіруші	3-6	64	М а л шаруашылығы
30	Аттарды жаттықтырушы	6	Аттарды жаттықтырушы	6	64	М а л шаруашылығы
31	Шопан	3-6	Шопан	3-6	64	М а л шаруашылығы
32	Жібек өсіруші	2; 4-5	Жібек өсіруші	2; 4-5	64	М а л шаруашылығы